

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Қаржы және банк ісі кафедрасы

Н.Т. Байкадамов
А.К. Абжанова

Коммерциялық банктің тұрақты дамуының қазіргі әдістері

Оқу құралы

Қостанай 2018

КБЖ 65.262.101я73

Б 18

Автор:

Байкадамов Н.Т., экономика ғылымдарының кандидаты, академик З.Алдамжар атындағы ҚЭТУ «Экономика, құқық және басқару» факультетінің деканы
Абжанова Акбота Куанышовна – қаржы және банк ісі кафедрасының аға оқытушысы., қаржы магистрі

Рецензенттер:

Аймурзинов М.С.- э.ғ.к., академик З. Алдамжар атындағы ҚЭТУ «Экономика және басқару» кафедрасының профессоры

Майкопова Г.С. – э.ғ.к., А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті қаржы және банк ісі кафедрасының доценті

Курмангалиева А.К.– э.ғ.к., А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасының доценті

Байкадамов Н.Т.,

Б18.Байкадамов Н.Т., Абжанова А.К. Коммерциялық банктің тұрақты дамуының қазіргі әдістері: Оқу құралы. Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2018. – 88 б.

ISBN 978-601-7955-55-7

2018.-88 б.

Оқу құралында қазіргі нарықтық экономика жағдайындағы коммерциялық банктің тұрақты дамуының қазіргі әдістері, олардың түсініктері қарастырылған.

Оқу кітабы мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына және экономика мамандығының типтік бағдарламасына сәйкес құрылған.

Студенттер, магистранттар, аспиранттар және экономика мамандығы мен оқу орындарының оқытушылары үшін арналған.

ӘӨЖ 336.713 (07.8)

КБЖ 65.262.101я73

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің ғылыми кеңесімен ұсынылған, 24.04.2018 ж., № 2 хаттама

ISBN 978-601-7955-55-7

2018.-88 б.

© Байкадамов Н.Т., Абжанова А.К., 2018

©.Байтұрсынов атындағы

Қостанай мемлекеттік университеті

Мазмұны

Кіріспе	4
1 Екінші деңгейлі банктердің өтімділігінің теориялық және әдістемелік негізі	6
1.1 Коммерциялық банк өтімділігінің түсінігі мен мәні	6
1.2 Банк өтімділігін талдау әдістемесі	11
2 Банк қызметін пруденциалдық реттеудегі Базель комитетінің принциптері және банктерді қадағалаудың халықаралық стандарттары	24
2.1 Халықаралық Базель комитетінің құрылуы және оның негізгі мақсаттары мен міндеттері	24
2.2 Базель келісімдері: I, II, III	25
2.3 Қазақстан банк жүйесі Базель II мен Базель III-ке көшу үстінде	32
3 Базель келісімдерінің шегіндегі банк жүйесінің тұрақтылығы	41
3.1 Қазақстан банк секторының қазіргі жағдайы	41
3.2 Қазақстандағы екінші деңгейдегі банктердің пруденциалдық нормативтерді орындауы	46
3.3 Қазақстандық және Базель стандарттарына сәйкес өтімділікті бағалау көрсеткіштері және оларды есептеу әдістемесі	50
4 Қазақстан Республикасында Базель III енгізудің болашағы	57
4.1 Қазақстан банк жүйесіне өтімділіктің халықаралық көрсеткіштерін енгізудің болашағы мен қиыншылықтары	57
4.2 Базель III енгізу: оның сипаттамасы мен күтілетін әсері	58
5 ҚР коммерциялық банктің өтімділігін арттыру жолдары	69
5.1 Коммерциялық банктің өтімділігін басқарудағы халықаралық тәжірибе	69
5.2 Қазақстан Республикасында коммерциялық банктердің өтімділігін басқару әдістерін жетілдіру жолдары	76
Қолданылған әдебиеттер тізімі	86

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы «Қазақстан 2030» атты стратегиялық бағдарламасында Дамыған нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсуінде: «2010 жылға дейін бастапқы кезеңде өз мүмкіндіктері мен бәсекеге қабілетті тұрғысынан келешегі бар еңбекті қажет ететін салаларға көңіл бөлу керек. Басымдық тәртібімен - екінші деңгейлі банктерге ерекше көңіл бөлу қажет деп атап өткен болатын.

Бүгінгі таңда банк қызметтерін жетілдіру, банк жүйесінің даму жолдарын анықтау еліміздің экономикалық, саяси, әлеуметтік өмірінің басты назарында. Қазақстанның экономикалық нарықтық қатынастар жолына түсуі оның жалпы әлемдік тенденция спекторында дамуын анықтайды. Сондықтан коммерциялық банктер әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып, жаңашыл (инновациялық) технологияларды енгізу арқылы өздерінің қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыра алады.

Банк жүйесі – нарықтық экономиканың маңызды және бөлінбес құрылымдарының бірі. Банктер қаржылық делдалдар сияқты шаруашылық қызмет процесінде босайтын шаруашылық органдардың капиталдарын, халықтың жинақтарын және де басқа да бос ақша қаражаттарды тартып, қарыз алушылардың уақытша пайдалануына береді, ақшалай есеп айырысуларды жүргізеді және экономика үшін басқа да көптеген қызметтер атқарады. Осылайша, өндіріс тиімділігіне және қоғамдық өнім айналысына тікелей ықпал етеді.

Банктік қызмет көрсетудің сандық және сапалық сипаттамасына банктік қызметтер нарығындағы бәсеке де ықпал етеді.

Қазіргі дамып жатқан ақпараттық технологиялар заманында өз шаруашылығын жалғастыру үшін, қызмет ауқымын кеңейтіп, жоғары пайдаға қол жеткізу үшін көптеген кәсіпорындар тауардың жаңа түрін шығаруға, жаңа қызметтерді ұсынуға ұмтылуда.

Осыған орай банктер де жаңа қызметтерді ендіруге және бұрынғы қызметтерді жетілдіруге үлкен назарын аударып отыр. Халыққа қызмет көрсетіп жүрген банктер ролін жандандырудың мәні мынада: шығынды азайта отырып, барынша жоғары нәтижеге қол жеткізуге, банктік қызмет көрсетуінде клиенттер қажеттіліктерін толықтай қанағаттандыруға, жеке тұлғаларға банктік қызмет көрсету сапасын жақсартуға, банктік қызметтер спектрін кеңейтуге және олардың өзіндік құнын төмендетуге жағдай жасау.

Елімізде жүргізілген экономикалық реформа банк ісінің дамуында жаңа кезеңге алып келді. Нарыққа өту жағдайында банктердің және басқа несиелік институттардың даму перспективасы, оның іс-жүзінде іске асуы жайлы сұрақтар ерекше өзекті мәселеге айналып отыр.

Халықаралық банк терминологиясынан өзгешелігі, отандық экономикалық әдебиеттерде екі ұғым - банк балансының өтімділігі мен соңғының төлемқабілеттілігі жиі түрде араласып кетеді. Егер алғашқыны үлкен дәрежедегі банктің өз ісі деп санайтын болсақ, онда банк белгіленген қалыптар

деңгейінде өзінің өтімділігін ұстап тұру тәсілдерін өзі тандайды, ал екіншісі, негізінен, Ұлттық банкі атынан мемлекет орындайтын қызметке жатады. Коммерциялық банктердің өтімділігін басқару теориясы және тәжірибесіне қатысты мәселелер осы күнге дейін отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде басты орын алуда, атап айтсақ, Ғ.С.Сейтқасымов, С.Б. Мақыш, А. Смит, Дж. М. Кейнс, Э. Рид, Р. Коттер, Е.Ф. Жуков, О. А. Фурнье, С. Липп, Дж. Мак Колл., А. Куракие., Р. Сомерс, Д. Лаккетт, Н. Р. Тагирбеков және өзгелер. Банк қызметін пруденциалдық реттеу банктерді реттеуші мен қадағалау органдарымен банктердің пруденциалдық нормативтерді, олардың талаптарын сақтап, орындауды тексеріп, жүзеге асырылады, ал пруденциалдық нормативтерді Банк қызметін қадағалау бойынша Базель комитеті анықтап, әр ел өзінің ұлттық экономикасына сәйкес оны келтіреді. Комитет құрылуы мен эволюциясы халықаралық банктік қадағалаудың пайда болуы мен дамуы жаһандану процессі ретінде әлемдегі банктік қызметін қадағалаудың маңызды ережелерін сәйкес келуінде көрінеді және болашақта барлық қаржылық нарықты қадағалаудың ережелерін де өзіне қосады деп айтуға болады. Ал пруденциалдық нормативтер өзінің тұрақтылығын қамтамасыз ету және клиенттерінің мүдделерін сақтауды кепіл беру үшін коммерциялық банктер хабардар алатын елдің орталық банкімен белгіленген көрсеткіштер болып табылады.

Болашақ білікті экономикалық бағыттағы мамандар әзірлеудегі мақсаты қазіргі коммерциялық банктердің өтімділігін басқарудың негізгі көрсеткіштерін анықтай отырып, оның тиімділігін қамтамасыз етудегі тәжірибелік ұсыныстарын және банк қызметін пруденциалдық реттеу шегінде пруденциалдық нормативтердің банк қызметіне және банк жүйесі үшін қаншалықты деңгейде маңызды рөл алатынын зерттеу.

Аталған мақсатты орындау барысында келесідей міндеттер атқарылады:

Екінші деңгейлі банктердің өтімділігінің теориялық және әдістемелік негіздерін қарастыру;

- Банк өтімділігін талдау әдістемесін айқындау;
- екінші деңгейлі банктердің өтімділігін басқару тетігін талдау және оның тиімділігін айқындау;
- Базель келісімдері шегінде банк тұрақтылығын зерттеу;
- Базель III жаңа стандарттарын енгізудің әсерін зерттеу;
- Базель III Қазақстанда енгізудің болашағын зерттеу;
- ҚР коммерциялық банктердің өтімділігін жоғарлатуда нақты жолдарын қарастыру.

1 Екінші деңгейлі банктердің өтімділігінің теориялық және әдістемелік негізі

1.1 Коммерциялық банк өтімділігінің түсінігі мен мәні

Өтімділік дәрежесін қамтамасыз ету банк басқарудың ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Егер банк керек жағдайда тиімді бағамен тартылған қаражаттарға қол жеткізе алса, онда банк өтімді болып саналады. Бұл банктің қажетті өтімді қаражаттар сомасына иеленетінін немесе ссудалық нарықта займдар арқылы оларды тез алатынын немесе өзінің активтерінің бір бөлігін сата алатынын көрсетеді.

Қажетті өтімділік деңгейін ұстау нарықтық банктік қаржылық күшін қабылдайтынына байланысты.

Егер оның жағдайы нашар болса, әдетте бұл несиелермен байланысты шығындар нәтижесінде пайда болады, онда төтенше өтімділікке қажеттілік туады.

Салымшылар өздерінің салымдарын алады және депозиттердің мерзімі аяқталған соң оларды қайта жаңғыртпайды.

Депозиттерді ашық түрде сақтандыруының бар болуы депозиттердің жоғалту тәуекелділігін белгілі бір дәрежеге дейін төмендейді.

Алайда тәжірибе көрсеткендей сақтандырылған қаражаттар банктерден жиі алынып тасталады.

Банктердің қаралған өтімдік көрсеткіштері талаптарының сақталуы ҚР Ұлттық банкінің, сол сияқты коммерциялық банктердің өздері қабылдайтын әртүрлі әдістері мен тәсілдері арқылы қамтамасыз етіледі.

«Өтімділік», «Төлемқабілеттілік» экономикалық терминдері қазіргі экономикалық әдебиеттерінде оларды бір – біріне ұқсастырып, қолданыста бір – біріне ауыстырады.

Шынында да бұл түсініктер бір – біріне ұқсас, бірақ олардың арасында айтарлықтай айырмашылық бар.

Егер біріншісі көп жағдайда белгіленген деңгейде немесе жалпы қабылданған нормаларда өзінің өтімділігін ұстау әдістері мен нысандарын өзі таңдайтын банктің ішкі қызметі болып табылса, екіншісі, әдетте мемлекеттің қызметтеріне жатқызылады[1].

«Өтімділік» термині (латын тілінен «liquidus» - сұйық, ағымды) материалдық құндылықтармен басқа да активтердің ақша қаражаттарына өткізудің, сатудың, айнарудың жеңілдігі деген мағынаны білдіреді. Коммерциялық банк үшін өтімділік банктің пассив бойынша өз міндеттерін ақшалай нысанда орындауды қамтамасыз етудің қабілеттілігі ретінде шығады. Жалпы банктің өтімділігі банктің пассив бойынша міндеттерін өтімді активтермен жабуды көздейді, яғни банктің өтімді активтерді сатудың, Ұлттық банкте немесе банкаралық нарықта қол жетімді баға бойынша ақша қаражаттарды алудың немесе бағалы қағаздар эмиссиясын жүзеге асыру қабілеттілігі, соның есебінде пайда болған міндеттемелерді жабу.

«Төлемқабілеттілік» терминінің мағынасы кеңірек, ол активтердің тез өткізетіндерге айналу мүмкіндігін ғана кіргізбейді, ол жеке және заңды тұлғаның уақытында және толық түрде өзінің төлем міндеттемелерін орындаудың қабілеттілігін кіргізеді. Бұдан өтімділік төлемқабілеттіліктің міндетті және қажетті шарты ретінде шығады, оның орындалуын бақылауға тек субъектілердің өздері ғана емес, сонымен қатар белгіленген бақылау мен қадағалаудың сыртқы органы алады.

Осылай өтімділік банктің өзінің міндеттемелер бойынша керек мерзімде толық сомада жауап беру қабілеттілігі ретінде түсіндіріледі [2].

А.Фурунье банк жүйесінің өтімділігі бір жағынан ақша нарығы мен орталық банкке қатысты банктің берешек деңгейін көрсетеді, екінші жағынан орталық банктегі қайта есептеу бойынша несиелік мекемелердің мүмкіндігі [3].

Мұндай жағдайдың мәні әлуатті өтімділікті анықтаған жағынан ғана болады, онда банктің өзінің міндеттемелер бойынша төлемдерді қамтамасыз ету мүмкіндігі болатын еді.

Американдық экономистер С.Липпмен және Дж.Мак Колл активтердің ақшаға айналу үшін қажетті оптималды күтілетін уақыт деп түсіндіреді [4].

Оксфорд университетінің профессоры Куракие өтімділікке келесідей мағына береді: өтімділік бұл банктің орталық банктегі ақша қаражаттарымен (банкноттармен және орталық банктің шотындағы несиелік қалдықтармен) және қаражаттарды ұлғайтуға қолданатын қысқа мерзімді активтермен иелену [5].

Лондондық университетінің профессоры Р.Сомерс өтімділік – бұл банктердің дивидентке айырбастаудағы қолма – қол ақшаға деген сұранысын қанағаттандыру қабілеттілігі деп есептейді [6], ал американ экономисі Д.Лаккет пайымдауы бойынша бұл банктің салымшылардың тапсырыстары бойынша олардың қаражаттарын қайтару қабілеті [7].

Біздің көзқарасымыз бойынша, аталған категорияның мәнін толығырақ келесі анықтама ашады: өтімділік бұл – банктің өзінің ағымдағы міндеттемелерін қанағаттандыру қабілеттілігі, активтердің құнын жоғалтпай, оларды төлем қаражаттарына айналдыру және (немесе) қажет болған жағдайда қол жетімді баға бойынша ақша нарығында аталған қаражаттарды алу.

Банктің өтімділігі оның жұмысқа қабілеттілігі мен тұрақтылығының кепілі, себебі жеткілікті өтімділік деңгейі бар болатын банк минималды жоғалтулармен келесі қызметтерді атқара алады:

1. Клиенттердің тапсырысы бойынша төлемдерді жүзеге асыру (есепайырысулар үшін резервке қалдырылған кореспонденттік, ағымдағы, есеп айырысулық шоттарындағы қаражаттар бойынша міндеттемелер);

2. Өтеу мерзімі келген және мерзімнен бұрын қаражаттарды кредиторларға қайтару (депозиттегі қаражаттар);

3. Өзіне қабылдаған міндеттемелер шегіндегі қаражаттарға деген клиенттердің сұраныстарын қанағаттандыруға, мысалы отырған кредиттік келісім – шарт, кредиттік желі, овердрафт және контокоренттік несиелендіру бойынша;

4. Банкпен шығарылатын бағалы қағаздарды өтеу;

5. Болашақта болатын міндеттемелер үшін өтімділік банктің активті және пассивті операциялардың тәуекелділігімен және банк портфелінің (ссудалық, бағалы қағаздар, инвестициялық) теңгерімдігімен, операциялардың табыстылығымен қаржылық жағдайының тұрақтылығының қажетті шарты [8].

Қазіргі экономикалық әдебиеттерде банктік өтімділігінің сипаттамасын екі жақтан қарастыруға болады. Өтімділікті қор немесе ағым ретінде қарастыруға болады.

Қор банктің өтімділігін белгілі - бір мерзімге сипаттайды, оның ағымдағы міндеттемелерге жауап беру қабілеті, әсіресе талап ету шоттары бойынша. Ағым ретінде өтімділік белгілі бір мерзімге немесе болашаққа анықталады. Осында қор кішірейтілген тәсіл ретінде қарастырылады.

«Ағым» өтімділігін қарастырған кезде өтімділігі төмен активтердің өтімділігіне айналуы қамтамасыз ету мүмкіндігіне көп көңіл аударылады, сонымен қатар займдарды алуын санағанда, қосымша қаражаттардың ағылуын қарастырады.

Осылай «ағым» - өтімділігін бағалау ғана емес, сонымен қатар «болжау» - өтімділігін бағалау үлкен мәнге ие болады.

Осыған орай жүйеде коммерциялық банктің жиынтық өтімділігін бағалау үшін өтімділік белгілі бір мерзімге, ағымдағы өтімділікті («ағым») және болашақтағы өтімділікті («болжау») қарастыру қажет.

Жоғарыда келтірілген өтімділіктің үш анықтамасын салыстырғанда мынадай қорытындыға келуге болады: өтімділікті ұстау және басқару үшін ең тиімді болып ағым – өтімділігін анықтау табылады, себебі бұл тәсіл банктің қабілеттілігін бағалауға, өзінің жағдайын нақты анықтауға, уақытында өтімділік деңгейіне қатысты жағдайдың нашарлауын болдырмауға, сонымен қатар белгілі бір мерзімде өтімділіктің тиімсіз деңгейін ауыстыруына мүмкіндік береді [9].

Баланс өтімділігі және банктің өтімділігі деген ұғымдардың айырмашылығы бар. Баланс өтімділігі – сомалар мен мерзімдері бойынша активтер мен пассивтерді топтастыру, несиеге пайда болатын сұранысты қамтамасыз ету, клиенттер (бар болған және әлуелі) жағынан банктің ақшаға деген сұраныс қанағаттандыру мен болжау мақсатымен банктің активтері мен пассивтерін басқару.

Банктің өтімділігі – бұл баланс өтімділігі ұғымына қарағанда тереңірек ұғым, алайда оған қатысы бойынша екінші мағынада.

Егер банктің балансы өтімді болса, онда оның банктің өтімділігі туралы сөз қозғауға болады. Сондықтан банкке ең алдымен өзінің балансының өтімділігін ұстау қажет. Өтімді баланс өзінің пассивін ұлғайту арқылы қаражаттарды сырттан тарту арқылы жедел түрде оларды алу мүмкіндігін болжайды. Бұл орталық банктердің кредиттері бола алады, қысқа мерзімді де, (қайта қаржыландыру тәртібіне сай), басқа банктердің несиелері, клиенттердің тартылған қаражаттары (мысалы, депозиттік сертификаттардың шығарылуы) және т.б. көздер.

Аталған көздерді банк тез қолдану үшін оның тұрақты, сенімді, несиелік ұйымның беделі болуы қажет[10].

Банк өтімділікті қамтамасыз етудің екі көздеріне ие: сыртқы және ішкі. Ішкі өтімділікті тұрақты нарыққа ие және ақшаны орналастырудың сенімді объектісі болып табылатын тез өткізімді активтердің жиынтығын қамтамасыз етеді (мысалы, ақша нарығында тез өткізілетін активтердің мемлекеттік қысқа мерзімді міндеттемелер).

Сыртқы өтімділікке банктің өтімді қаражаттарының қорын ұлғайтатын міндеттемелерді нарықта банкпен сатып алу жолымен жеткізіледі. Алғашқыда банктер негізінде тез өткізілетін активтердің қорын құрды.

Қазіргі таңда олар активтерді ғана емес, пассивтерді басқару есебінен өтімділіктің жалпы балансын қамтамасыз етуге талпынады.

Жеке банктердің өтімділігі мен жиынтық банктердің өтімділігі болып бөлінеді, ол қаржылық капиталдың қажеттіліктеріне сәйкес банктік жүйе арқылы өтетін есептік – төлемдік айналымды ұйымдастыру нысанын білдіреді, қысқаша айтқанда – банктік жүйеде жинақталған есепайырысулық және есепайырысулық қаражаттардың сомалары.

Өтімділік банктерге келесілер үшін қажет:

банктер кез – келген уақытта клиенттердің өз қаражаттарын алатынына сенім беру; ссудалар бойынша қарыздарды өтеу бойынша дебиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін ақша қаражаттарының қол жетімді екендігіне сендіру;

келеңсіз жағдайлар туған кезде акционерлерді активтерін мәжбүрлі сатудан қорғау.

Банкирлердің көбісі қоғамның сенімділігі – банктің ең қымбат активі, себебі солардың есебінен қарызды шоғырландыру кезінде шығындарды минимумға жеткізеді және ең тиімді қарызгерге қол жеткізеді деп санайды. Осылайша, тұрақты жақсы табыс – банктің өмірге қабілеттілігінің кепілі. Шынында да, сенімді табыстар – машинаға май сияқты – банктің қызмет етуіне мүмкіндік береді.

Банк жүйесіне қоғам сенімінің негізгі бір талабы салымшылар кез келген уақытта өзінің салған қаражаттарын алатынын, бұл банкке ақшаны салғанда ешқандай тәуекелділікке бел бұмайтынына сенімді болуы тиіс болып табылады.

Осылайша салымшылар да, қадағалау органдары да, банктермен және клиенттермен басқаратындар да банк капиталының өтімділігіне қызықтырылуы тиіс.

Өтімділікті үйлесімді деңгейде ұстаудағы банктің саясаты біздің ойымызша келесі негізгі жағдайларды ескеруі қажет:

- өтімділік банктің табыстылығына теріс әсерін тигізеді (яғни банк артық өтімділікке ие болса);

- өтімділікті келесі жағдайларда жоспарлау керек, яғни банкте теңгерілмеген өтімділік пен мәселесі болмаса;

- өтімділікті керек деңгейде ұстаудағы банктің саясаты – бұл белгісіздікпен және қауіп – қатермен күресі стратегиясы.

Өтімділікті үйлесімді деңгейде ұстаудағы банктің стратегиясы банк активтерін басқарудың және талдау мен бақылауды болжайды.

Активтер бойынша стратегиясы уақытында қайтарылатын қысқа мерзімді ссудалар, тез өткізілетін нарықтық қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді бағалы қағаздар, ссудалар мерзімдерін азайтуын көздейді.

Пассивтер бойынша стратегия – депозиттік сертификаттарды, банктік портфеліндегі депозиттердің орташа сақтау мерзімі, акциялар эмиссиясы (қарапайым және атаулы) субординирленген облигациялар, жоғары рейтингті алу және сақтау.

Банк өтімділігін жоспарлау келесіні көздейді:

- өтімділіктің үйлесімді көлемін жоспарлау (банктен қаражаттарды алып тастау бойынша әлеуетті талаптар сомасынан шыққанда);
- өтімді активтерді ұстауға қажетті инструменттердің өтеу мерзімі мен нысандарын жоспарлау (қаражаттарды талап ету мерзімдеріне сәйкес).

Банктің өтімді қаражаттарына қажеттілігін бағалау оның өтімді активтердің сомасы болжанатын және болжанбайтын талаптарынан жоғары болуы тиіс.

Шетел банктерінде осындай мақсатпен нарық конъюктурасынан шыға отырып өтімділік бойынша 3 жоспарды құрайды:

- нарықтағы болжанатын күтілім бойынша банктің өтімділігінің жоспары, нарықтық көрсеткіштердің өсімі;
- экономикалық белсенділіктің құлдырауы, тоқырауы кезінде өтімділік жоспары;
- болжанатын дағдарыс кезінде өтімділік жоспары.

Банктің өтімділігі келесіні қамтамасыз етеді:

- несиеге деген сұранысты қанағаттандыру және депозиттерді алу;
- банк сенімділігі және өтімділік тәуекелін минимализациялауы;
- активтерді тиімсіз сатуды болдырмау[11].

Нарықтық экономика жағдайында Қазақстанда банк өтімділігінің төмен деңгейімен байланысты мәселелер ерекше өзекті болып табылады, аталған мәселені тиімді шешу халық шаруашылығына оң әсерін тигізетін еді.

Төмен өтімділік банк жүйесінің ішкі тұрақсыздығының көзі болып табылады, банктің қаржылық операциялардың кеңейту мүмкіндігін шектеп және сыртқы теріс әсерлерге банктік жүйені тұрақсыз істейді. Басқару тәжірибесінде банктер әрқашан пайдалылық – өтімділік диллемасымен ұшырасады. Сондықтан теория мен практикада банк өтімділігі ол әкелетін пайдамен байланысты қарастырылады.

Қорытындылай келе, коммерциялық банктер несиедегі делдалдық, төлемдегі делалдық сияқты қызмет атқаратынын, сондай-ақ инвестициялық ресурстарды ең аз тиімді нарық сегментінен, ең жоғары нарық сегментіне қайта бөлуді жүзеге асыратынын есепке ала отырып, банк жүйесінің тұрақсыздық жағдайы немесе осы сферада дағдарыстық құбылыс туындаса, ол еліміздің барлық экономикалық жағдайына әсерін тигізетінін аңғарамыз.

Сондықтан, коммерциялық банктің өтімділігін қажетті деңгейінде қолдау дағдарыстан еліміздің экономикасын шығарудың ең бір маңызды жолы болып табылады.

1.2 Банк өтімділігін талдау әдістемесі

Өтімділікті талдау банк балансының өтімділігінің төмендеуін растайтын нақты және әлеуетті беталысын анықтауға, теріс беталысының дамуына себепші болған факторлар талдауын жүргізуге, жағдайды түзету бойынша сәйкесінше шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

Банктік өтімділікті талдаудың келесідей негізгі мақсаттарды қарастыруға болады:

1. банк өтімділігіндегі теріс беталысына себепші болатын анықтайтын факторлар, және олардың әсер етуін минимумға апару;
2. есептелетін баға коэффициентер жүйесін нақтылау, есептеу кезінде мүмкін болатын жетіспеушіліктерді анықтау және бұл мәселелерді алып тастау;
3. банк балансының нашарлаудың әлеуетті теріс және нақты беталысын анықтау және оларды өзгертуге бағытталатын шараларды қолдану;
4. банк өтімділігі туралы аналитикалық материалдарды құрастыру;
5. банк басқаруына қатысты ұсыныстарды әзірлеу және талдаудың есептері негізінде даму стратегиясын анықтау [12].

Банк қызметін талдау үшін ақпараттың негізгі көзі, оған кешенді түрде сипаттама беретін банктің балансы болып табылады.

Баланстық мәліметтерді талдау арқылы қаржылық талдамашы негізгі мақсаттық орнатуларды өткізу, оның операциялардың табыстылық және тәуекелділік көрсеткіштер, активті және пассивті операциялардың теңгерімділігі, банк қызметіне заңнамамен бекітілген нормативтердің орындалуы туралы қорытындыларды шығаруға мүмкіндік береді.

Өтімділік көрсеткіштерін талдау банк балансын талдау кезінде алынатын ақпаратқа негізделеді [13].

Қазіргі таңда Қазақстанда, өкінішке орай банк өтімділігін талдаудың бірден-бір бағыты әзірленбеген.

Алайда орын талдаудың әдістемелерін жаңартуы мен жетілдіруі жүзеге асырылуда.

Белгілі-бір әдістемелердегі түрлілігіне қарамастан, өтімділікті талдаудың кезеңдері мен негізгі бағыттары бірдей және 1 сурет негізінде құрастырылуы мүмкін.

Банктегі өтімділікті талдаудың негізгі кезеңдерін қарастырайық.

1 кезең. Өтімділік жағынан банктің қаржылық жағдайын бағалау.

Бұл кезең алдын ала даярлық кезеңі болып табылады.

Бұл кезеңде талдаудың басына банктің өтімділігін анықтау жүзеге асырылады, осында қаржылық талдамашы алдында болашақ талдауды жүзеге асыру үшін базаны анықтау міндеті тұр.

Егер бұл кезең өтімділік және төлемқабілеттілік саласында ешқандай күрделі мәселелерді анықтамаса, жағдайдың дамуының болашағы мен тенденцияларын анықтау мақсатымен ары қарай талдауды жалғастырудың мәні болады.


Алайда белгілі-бір мәселелер пайда болатын болса, онда болашақ талдау қалыптасқан жағдайдың себептерін анықтауға және одан шығудың жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді.

2 кезең. Өтімділікке әсер ететін факторларды талдау

Банктің өтімділігі мен төлемқабілеттігіне, оның қызметіне сияқты әртүрлі бағытталған факторлардың үлкен саны әсерін тигізеді.

Сондықтан банктің қаржылық талдамашымен өтімділік саласында пайда болған теріс беталысын анықтаған кезде бұл беталысты тудырған негізгі факторларды анықтауы қажет, олардың әсер етуін талдап, талдаудың екінші кезеңінің мақсатымен, яғни банк саясатына, оның өтімділігіне әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды есепке алу болып табылады, банк саясатын өзгеруіне нұсқауларды әзірлеуі тиіс.

Банк өтімділігін талдаудың негізгі кезеңдері келесі суретте келтірілген (1сурет)



Ескерту: 14, 216б.

Сурет 1- Банк өтімділігін талдаудың негізгі кезеңдері

Өтімділікке әсер ететін негізгі факторларды қарастырып, және олардың банк қызметіне әсер ететінін бақылайық.

Әсер ету механизмі бойынша бұл факторларды екі топқа бөлуге болады:

1. Макроэкономикалық факторлар (экзогенді) – 2 суретке сәйкес солар арқылы сыртқы ортадан коммерциялық банктің қызметіне, нәтижесінде оның өтімділігіне әсер етеді;

2. Микроэкономикалық факторлар (эндогенді) – 3 суретке сәйкес банктің өзінің деңгейінде әсер етеді және оның саясатымен байланысты болады.


Макроэкономикалық факторлардың әсер етуіне қарағанда, оның әсерін банк өзі шектей алмайды, микроэкономикалық факторлар тікелей оның қызметімен байланысты, сондықтан оның саясатын өзгерткенде, өтімділікте жағымсыз өзгертулерді шектейтін факторлардың әсер етуін шектеуге болады [14, 216, 217б.].

Өтімділікке әсер ететін макроэкономикалық факторларды қарастырайық.

1. Елдегі экономикалық және саяси жағдай.

Елдегі жалпы экономикалық және саяси жағдайының тұрақтылығы тікелей жалпы банк жүйесінің тұрақтылығына және оның бір бөлігі ретіндегі коммерциялық банк тұрақтылығына әсерін тигізеді.

Көбісінде ол тұрғындар жағынан банкке деген сенім деңгейін, сонымен қатар банк жүйесінің «саясаттандыру» деңгейін анықтайды (2сурет).



Ескерту: 14,217б.

Сурет 2- Банк өтімділігіне әсер ететін макроэкономикалық факторлар

2. Мемлекеттік реттеу мен бақылаудың тиімділігі. Коммерциялық банктер ақша-несие реттеудің мемлекеттік шаралардың әсер ету спектрлерін өз басынан кешіруде.

Ол негізінен банк қызметін реттейтін құқықтық нормаларды бекітуде, сонымен қатар міндетті нормативтерді орындау және оларды бұзу үшін айыппұлдарды бекітуде көрінеді.

Нарықтық экономикасымен елдердегі орталық банктер коммерциялық банктердің қызметтерін шектеуді бекіту арқылы олардың төлемқабілеттілігін реттейді. Келесілер өтімділік пен төлемқабілеттілікке тікелей әсерін тигізеді:

- ОБ рестрикциялық саясаты (Орталық банкпен қайта қаржыландыру мөлшерлемесін жоғарлату, міндетті резерв нормаларын, меншікті капиталдың минималды көлемін өзгерту, міндетті экономикалық нормативтерін бекіту банктің активті және пассивті операциялардың тиімділігі мен құрылымына тікелей әсерін тигізеді);

- Мемлекеттің фискалды саясаты (жанама және тікелей төлеуші банк болып табылатын салықтарды бекіту оның төлемқабілеттілік пен өтімділігіне тікелей әсерін тигізеді);

- Ашық нарықта бағалы қағаздар мен шетел валюталармен орталық банктің операциялары пайыздық мөлшерлемеге, валюта бағамдарына және т.б. әсер етеді.

Одан басқа өткізілетін экономикалық саясаттың әзірлену және жұмыс істеу деңгейі, бекітілген нормативтердің мақсатқа сайлығы және банк-бұзушыларға әсер ететін шаралардың тиімділігінің маңызы өте зор.

Мемлекеттік бақылау мен реттеу банктерді банк жүйесі мен жалпы экономиканың тұрақтылығын ұстаудың ең басты факторы ретінде жеткілікті өтімділік деңгейін ұстауға ынталандыруы тиіс.

3. Қаржылық нарық сегменттерінің тиімділігі және дамуы.

Бұл фактор қаржылық нарық қатысушылар арасында және банк арасында уақытша бос ақша қаражаттарын қайта бөлу сипатын мақсатқа сай екендігін көрсетеді. Осындай нарық дамуының жоғары деңгейі банктерге өтімділікті қолдау мақсатында қаражаттарды тез тарту мүмкіндігін береді, ал бағалы қағаз нарығының тұрақтылығы керек жағдайда бағалы қағаздарды тез өткізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Аталған фактор активтердің өтімділік дәрежесіне айтарлықтай әсерін тигізеді, себебі активтердің өтімділігіне қажетті жағдай болып оларды өткізу үшін нарықтың құрылуы табылады.

4. Мемлекет тарапынан қолдауды тарту мүмкіндігі. Үкіметтің және ОБ өткізілетін ақша-несие саясатынан көрінеді, мысалы ОБ ресурстарынан мемлекеттік несиелерді алу мүмкіндігі.


Қазіргі кезең дамуындағы макроэкономикалық факторлар Қазақстан банк жүйесінің жалпы тұрақсыздығын анықтайды, коммерциялық банктердің қаржылық тұрақтылығына, атап айтқанда өтімділігіне теріс әсерін тигізеді. Микродеңгейде, яғни банктің өзінің деңгейіндегі әсер ететін факторларды қарастырып кетейік (3сурет).

1. Банк қызметін басқарудың сапасы. Басқарушылар мен қызметкерлердің біліктілік деңгейі мен кәсіпкерлігі коммерциялық банктің өтімділігіне белгілі-бір әсерін тигізеді.

Банктің басқарушылары өтімділіктің қажетті деңгейін негіздейді, өтімділікті басқаруға байланысты шешімдерді қабылдайды. Банктің қызмет етудің сапасына банк персоналының біліктілігі айтарлықтай әсерін тигізеді.

Бұл фактор банк өтімділігін қамтамасыз етуде маңызды болып табылады .

2. Банк капиталының жеткіліктілігі. Банк капиталының елеулі мөлшері банктің өтімділік деңгейіне оң әсерін тигізеді, себебі меншікті капитал қаражаттарды алып тастау сияқты келеңсіз жағдайларда амортизатор рөлін атқарады, нәтижесінде өтімділік пен төлемқабілеттілік дағдарысына ұшырау мүмкін.



Ескерту: 14,2196.

Сурет 3- Банк өтімділігіне әсер ететін микроэкономикалық факторлар

Аталған көрсеткіш банктің қалыпты жұмыс істеу үшін үлкен мәні бар, сондықтан оның минималды көлемі заңнамамен реттеледі[14, 216,2196.].

3. Банктің ресурстық базасының тұрақтылығы мен сапасы.

Банктің ресурстық базасы банктің активті операциялардың дамуының дәрежесі мен көлемі үшін анықтаушы фактор болып табылатыны белгілі, яғни оның тұрақтылығы банк өтімділігі мен қаржылық тұрақтылығына әсерін тигізеді.

Банк персоналына аталған көрсеткіштеріне әрдайым бақылауды жүзеге асыру керек, жедел түрде тартылған қаражаттар үшін үйлесімді мәнді ұстау мақсатында, себебі бұл қаражаттар банкке сома мен мерзім бойынша активтер мен пассивтер арасындағы теңгерімді ұстауға көмектеседі, яғни банктің өтімділігін ұстауға көмектеседі, пассивтердің құрылымдық талдауын жүргізуі тиіс.

4. Сыртқы қарыз көздерінен тәуелділік дәрежесі. Банктен мұндай тәуелділігі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым уақытша төлемқабілетсіздігінде қиындық тудыратын мәселелер туу мүмкін.

Осылай 1995 жылы банкаралық нарықта дамыған дағдарыс жағдайы туындаған кезде банк құрылымдардың тұрақсыздық дәрежесін көрсетті, көлемі бойынша қайтарылмаған қаражаттар кейбір банктерді тоқырауға ұшыратты. Аталған фактордың күші банктің қаржылық беріктігінің қорына, сонымен банктің өткізетін саясатына байланысты.

5. Сомалар мен мерзімдер бойынша пассивтер мен активтердің теңгерімі. Аталған фактор банк өтімділігін қолдауда, жалпы оның қаржылық тұрақтылығын ұстау үдерісінде негізгі мәнге ие болады.

Осындай теңгерімділік банкте өтімділік пен төлемқабілеттілікте дағдарыстың пайда болуына мүмкіндікті бермейді, себебі міндеттемелер бар банктегі болған ресурстармен қамтамасыз етілген, мерзімдер бойынша активтер мен пассивтердің бір-біріне сай болуы активтерді шығынсыз өткізу арқылы міндеттемелерді уақытында өтеуді қамтамасыз етеді.

Активтер мен пассивтер арасындағы теңгерім неғұрлым жоғары болған сайын, соғұрлым банктің жүргізетін саясатын да теңгерімді болады, яғни оның өтімділігі жоғары болады және қаржылық жағдайы тұрақтырақ болады.

6. Банк активтерінің тәуекелділігі активтерді өткізген кезде әлуатті жоғалтулардың ықтималдығын білдіреді немесе банкпен салынатын қаражаттардың қайтару тәуекелділігін білдіреді.

Активтердің тәуекелділігі ішкі және сыртқы тәртіп факторларына тәуелді, мысалы: қаражаттарды орналастыру кезіндегі банк стратегиясы, оның кредиттік портфелінің құрылымы мен сапасы, бағалы қағаздарға инвестициялау белсенділігі, жүргізілетін қаржылық талдаудың сапасы, нақты экономикалық сектордың жағдайы, мемлекеттік қаржылар және т.б.

Активті операциялардың тәуекеліне жататын несиелік тәуекел төлей алмаушылық жағдайында және жалпы экономикалық дағдарыс жағдайында қазақстандық банктер үшін күрделі мәселелерді туғызады, осыған байланысты қарыз алушының қаржылық жағдайына және несиеқабілеттілігін бағалауына көп көңіл аударылуы тиіс.

Жалпы айтқанда, активті операциялардың тәуекелі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым активтерді ақша қаражаттарына айналдырғанда жоғалтулардың пайда болу ықтималдығы жоғары болады, ал бұл өз кезегінде оның өтімділігіне теріс әсерін тигізеді.

7. Банк активтерінің табыстылығы. Бұл фактор өтімділікке әртүрлі бағытталған әсерін тигізеді.

Бір жағынан банк балансындағы активтердің айналымда неғұрлым көп болса, соғұрлым оның тиімділігі, табыстылығы жоғары, соғұрлым банктің қаржылық жағдайы тұрақты болады. Басқа жағынан табыстылықтың өсімі тәуекелділіктің өсуіне алып келеді, себебі өтімділікке талап өседі.

8. Активтердің құрылымы және әртараптандырылуы. Өтімділікті басқару үдерісінде активтер құрылымына көп назар аудару керек.

Мысалы клиенттерге есеп айырысулық-кассалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру үшін, банкке талап етілгенге дейінгі шоттардан қаражаттарды қайтару үшін жоғарыөтімді активтердің қоры болуы керек.

Олардың жоғары және нольдік табыстылығын есепке алғанда, банк бұл активтердің үлесін минималды деңгейде ұстауы тиіс, алайды ол өтімділік пен төлемқабілеттілігін жоғалтпау үшін жеткілікті деңгейде де ұстауы тиіс.

Активтердің әртараптандыруы, яғни оның әртүрлі бағытта орналасуы өтімділік деңгейіне оң әсерін тигізеді, себебі бұл жағдайда активтердің жиынтық тәуекелділігі төмендейді.

Алайда артық әртараптандыруға қол жеткізуге болмайды – бұл активтер портфелінің басқара алмауына әкелуі мүмкін, оларды басқарумен байланысты ұйымдастыру шығындардың өсіміне, яғни шығынға батуға әкелуі мүмкін. Активтерді диверсификациялау кезінде банк клиенттерінің, банк серіктестерінің қаржылық тұрақтылығын есепке алу қажет, себебі ол банк жағдайының тұрақтылығына, оның даму болашағына, сонымен бірге сенімділік пен өтімділігіне елеулі әсерін тигізеді.

Кредитті қайтармауымен немесе төлемқабілетсіз клиенттер үшін кепілгерлік міндеттемелер бойынша жауапты болу қажеттілігінен туындайтын жоғалтуларды болдырмау үшін клиенттердің қаржылық жағдайындағы өзгерістерді бақылау керек, әлуетті клиенттердің қаржылық жағдайы мен қажеттіліктерін зерттеу керек, сонымен бірге өзінің серіктестері туралы сенімді және әржақты ақпаратқа ие болу керек.

Сонымен бірге банк өтімділігіне басқа факторлар әсер ететіндігін белгілеу қажет, мысалы баланстан тыс операциялардың орындалу мерзімдерін, құрылымын, көлемін есепке алу қажет.

Баланстық мәліметтер негізіндегі өтімділікті бағалау кезінде баланстан тыс операциялардың әсерін есепке алуға және осылайша банктің нақты жағдайын анықтауға мүмкіндік береді.

Алайда бұл талдаудың мәні өте зор, сәйкесінше міндеттемелерді бағаламаған жағдайда өтімділіктің төмендеуіне немесе банктің өтімсізділігіне әкелуі мүмкін. Мұндай жағдай кепілдемелерді берудегі банктің белсенділік танытуы кезінде пайда болуы мүмкін.

Сонымен біз банк өтімділігіне әсер ететін факторларды қарастырдық. Алайда тек олар ғана банктің өтімділігін анықтамайды.

Коммерциялық банктің өтімділігі үш негізгі құраушылар арасында объективті қажетті теңгерімді оперативті басқару арқылы тұрақты ұстауында жүзеге асырылады: бір жағынан банктің меншікті және тартылған капиталымен, екінші жағынан бұл қаражаттарды орналастыруымен.

Бұл мақсатты жүзеге асыру банк активтері мен пассивтерін басқаруды көздейді. Енді өтімділікті талдаудың келесі кезеңін қарастырайық.

3 кезең. Банк активтері мен пассивтерін талдау.

Анықтамаға сәйкес, коммерциялық банктің өтімділігі – пассив бойынша өзінің міндеттемелерін ақша қаражатында уақытында орындалуды қамтамасыз ету қабілеттілігі, сонымен бірге баланс пассивтері мен активтерінің теңгерімін

анықтайды, яғни банкпен тартылған пассивтер мен активтердің орналастыру мерзімі мен сомалардың сәйкестік дәрежесі болып табылады.

Өтімділікті қамтамасыз ету үшін банкке пассивтердің талап етуі бойынша өзінің құнын жоғалтпай активтердің уақытында ақша қаражаттарына айнала алатын баланс құрылымын құру қажет.

Осылайша, банк активтері мен пассивтерінің құрылымдық талдауы оның төлемқабілеттілігінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Баланстық мәліметтерді талдаудың екі түрі ажыратылады: көлбеу және тікелей.

Көлбеу талдау белгілі бір активтер мен пассив топтарының үлес салмағының динамикасын анықтауға негізделеді.

Бұл көрсеткіштер банк операцияның көлемінің динамикасын есепке алғанда талданады, осылайша банк қызметіндегі активтер мен пассивтер топтары мен операциялардың мәліметтерінің көлемін өзгерісін көрсетеді.

Тікелей талдау активті және пассивті операциялардың бөлек түрлері мен топтарының үлес алмағын анықтауда құрылады [15].

Басқа сөздермен айтқанда ол пассив бойынша қаражаттар көздерінің негізгі топтары туралы ақпарат береді және актив бойынша қаражаттардың орналастырудың негізгі бағыттары туралы ақпарат береді.

Алайда мұндай талдауды жүргізер алдында қайталама шотынан балансты тазарту жұмысын жасау керек, яғни номиналды түрде банк активтері (А) мен пассивтерін (П) ұлғайтатын баптарын есептен шығару жолымен баланс-неттоға көшу.

Осылай келесі баптарды есептен шығару керек: тозу (П), шығындар (А), пайданы қолдану(А), филиаларалық есепайырысулар (А және П).

Пассивтердің құрылымдық талдауы. Банктің пассивті операциялары активтерге қатынасы бойынша анықтаушы болып табылады.

Олардың сипаттамасы мен сапасынан активті операциялардың жүргізу мүмкіндігі, олардың масштабы, яғни банктің табыстылығы, өтімділігі, тұрақтылығы байланысты.

Пассивтердің топтастырудың әртүрлі әдістері бар.

Құрылымдық талдау барлық топтарға жүргізіледі және баланс-неттодағы әрбір топтардың үлестерін анықтауда негізделеді, яғни банк операциялардың көлемінде.

Пассивтердің құрылымдық талдауы банктің өзінің міндеттері бойынша қандай мерзімде және көлемде жауап беруі тиіс екендігі белгілінеді.


Ол үшін талдауды 4 -суретте көрсетілгендей, пассивтердің келесідей топтары бойынша жүргізу керек .

Әрбір топтың негізгі сипаттамаларын қарастырайық.

Талап етілгенге дейінгі міндеттер банкпен тартылатын ресурстардың арасынан арзанырақ болып табылады, алайда олардың пассивтегі үлестерін анықтаған кезде банк үшін олардың теріс жағын есепке алу қажет-тұрақсыздық, яғни клиенттің талап етуі бойынша кез-келген уақытта алуы мүмкін.

Талап етілгенге дейінгі міндеттемелерге келесілер жатқызылады: талап етілгенге дейінгі депозиттер, клиенттердің ағымдағы және есепайырысулық шотындағы қалдықтар, пластикалық карточкалар мен чектар арқылы есепайырысу үшін банкпен депонирленген қаражаттар.

Жедел міндеттемелерге оның атына байланысты, белгілі бір мерзімге тартылған қаражаттар жатқызылады. Ең алдымен бұл заңды және жеке тұлғаның жедел депозиттері мен қаражаттар, белгілі бір мерзімге тартылған, банкаралық заемдар, сонымен бірге жинақтық және депозиттік сертификаттарды шығарудан түсетін қаражаттар.



Ескерту: 14,2216.

Сурет 4- Құрылымдық талдауда анықталатын пассивтердің топтары

Осылайша бұл топқа банкке ең қымбатты ресурстарды тартылатын шоттар кіреді, алайда пассивтердің басқа топтарына қарағанда олар тұрақтырақ болады.

Бұдан, аталған топтардың үлкен үлес салмағы кезінде бір жағынан банктің ресурстық базасы қымбаттайды, ал басқа жағынан – жаңа міндеттердің тууына болжам жоғарылайды, ал бұл өтімділікті қолдау міндетін жеңілдетеді.

Банктің меншікті қаражаттары (капитал)-жарғылық капитал, резервтік қор, арнайы мақсаттағы қорлар, жинақтық қорлар, қосылған пайда, сонымен бірге банктің пайдасы.

Меншікті капитал клиенттер алдында банктің өз міндеттерін атқарудың кепілі, сонымен қатар ол операциялар бойынша шығындар пайда болған жағдайда да банкке өзінің өтімділігі мен төлемқабілеттілігін қолдауға мүмкіндік беретін қаражаттар резерві болып табылады.

Осылайша меншікті капиталдың көлемі тек қана банктің жалпы сенімділігі мен тұрақтылығын анықтамай, оның өтімділігін де анықтайды.

Сондықтан меншікті капиталдың минималы көлемі мемлекет жағынан реттеу объектісі болып табылады.

Банк пассивінің құрылымдық талдауы ресурстық база туралы жалпы көріністі береді, сапалық және санды сипаттамаларын көрсетеді.

Алайда банктің қаржылық жағдайы мен өтімділігін талдау үшін пассивтерді талдауынан басқа, ресурстарды орналастырудың негізгі бағыттарын болуы, яғни активтердің құрылымдық талдауы керек.

Активтер мен пассивтердің құрылымдық талдауында алынған мәліметтерді сәйкестендіру ресурстардың негізгі көздері мен оларды орналастыру бағыттары арасындағы өзара байланысты анықтауға мүмкіндік береді, сонымен бірге банктің активті-пассивті операциясындағы теңеспеушілікті анықтауға және банктің өтімділігі мен төлемқабілеттілігі, яғни оның тұрақтылығы үшін зардаптарды болдырмау шараларын белгілеуге мүмкіндік береді [16].

Банк активтерінің құрылымдық талдауына көшейік:

Банк активтерінің құрылымдық талдауы. Банк өзінің міндеттері үшін күнсайын жауап беру үшін оның активтерінің құрылымы өтімділіктің сапалы талаптарына сай болуы тиіс. Осы мақсатпен банк активтері өтімділік дәрежесі бойынша топтарға бөлінеді, содан соң әрбір топтың үлес салмағы анықталады, ал бұл активтердің өтімділік дәрежесін бағауды береді.

Банктің активтері өтімділік деңгейі бойынша келесі топтарға бөлінеді:

1. Жоғары өтімді активтер – оларды талап еткен кезде дайын болып тұратын қаражаттар, атап айтқанда:

- Ақшалай және оларға теңістірілген қаражаттар, сонымен бірге қолма-қол валютасы және төлем құжаттары, сонымен бірге бағалы металлдар.

- ОБ ашылған және «даму топтарына» резидент емес елдердің банктерінде ашылған корреспонденттік шоттардағы қаражаттар;

- Міндеттемелермен жүктелмеген мемлекеттік бағалы қағаздарға салымдар;

- ОБ орналастырылатын депозиттер;

- Талап еткенге дейін қарызгерлерге ұсынылатын қаражаттар.

Егер ақша қаражаттар мен коршоттағы қаражаттар міндеттемелерді өтеу және төлемдерді өткізу үшін қолданылса, онда бағалы қағаздарға салымдар және орналастырылған ссудалар алдын ала ақша қаражаттарына шоғырландырылуы тиіс, біріншіден ол шығындарға алып келуі мүмкін.

2. Өтімді қаражаттар – банктің иелігіндегі қаражаттар және олар ақша қаражаттарына тез айналуы мүмкін:

- Банк корреспонденттеріндегі, «дамыған топтарға» жатпайтын резидент емес елдердің-банктеріндегі шектелген конвертациясымен шетел валютадағы коршоттағы қаражаттар;

- Несиелер мен орындау мерзімі 30 күн болатын банк пайдасына тиетін төлемдер (мысалы факторингтік операциялар бойынша);

- Екіншілік бағалы қағаздар нарығында айналатын мемлекеттік емес эмитенттердің бағалы қағаздардағы салымдары.

3. Ұзақмерзімді өтімділіктің активтері мысалы:

- Банкпен берілетін ұзақмерзімді активтер;
- Банктің лизингтік операциялары;
- Басқа кәсіпорындар мен банктердің қызметіндегі үлестік қатысу;
- Инвестициялық мақсатта алынған бағалы қағаздар;
- Материалды емес активтер.

4. Банктің өтімділігі төмен және өтімсіз активтер:

- Мерзімі өткен және күмәнсіз (қиындық туғызатын) қарыздар;
- Капитал салымдары;
- Негізгі қорға тиесілі және банкке жататын жабдықтар, құрылғылар, ғимараттар.

Активтердің құрылымы пассив құрылымының өзгертуіне тәуелді, яғни олар қамтамасыз етуі тиісті міндеттемелер. Осылай активтердің ұтымды құрылымын белгілегенде өтімділікке қойылатын талаптарды банк орындауы тиіс, яғни олардың типтерін, сомаларын, мерзімдерін есепке алғанда міндеттемелер қатынасы бойынша жоғары өтімді, өтімді, төмен өтімді қаражаттардың үйлесімді көлемі болу керек.

Шетел тәжірибесінде банк өтімділігінің орта резерві біріншілік және екіншілік резервтерге бөлінеді. Өтімділіктің біріншілік резерві банк өтімділігінің негізгі көзі болып табылады және «басқа банктердің қарыздары мен қолма-қол ақшалары» баптарына жататын активтерді анықтайды: ақша қаражаттары, чектар, инкассациялау үдерісіндегі басқа да төлем құжаттары, міндетті резервтер шотындағы және басқа банктердің корреспонденттік шотындағы қаражаттар. Өтімділікті талдаудың мақсаттары үшін активтердің топтастырылуы 5 -суретте келтірілген.



Ескерту: 14,224 б.

Сурет 5- Құрылымдық талдауда анықталатын активтер топтары

Өтімділіктің екінші резерві біріншіні толықтыру үшін қажет, оларға өтімділігі төменірек – бірінші топпен салыстырғанда – активтер, оларды минималды тәуелділікпен және минималды мерзімдеріндегі қолма – қол ақшаларға айналдыруға болады.

4 кезең. Өтімділік коэффициенттерін талдау мен есептеу

Талдаудың бұл кезеңінде алынған мәліметтер өтімділікті қолдауға қатысты қысқамерзімді ұсыныстарды құрастырған кезде де, банк қызметінің жаһандану стратегиясын әзірлегенде есепке алуы тиіс.

Коэффициенттік талдау банк қызметінің сандық талдауының бір түрі, оның өтімділікті талдауда қолдану үлкен мәнге ие болады. Коэффициенттерді есептеу әдісі баланс баптарының топтары мен бөлімдері, түрлі баптар арасындағы сандық өзара байланысты анықтауға мүмкіндік береді; сәйкесінше бұл талдаумен бірге топтастыру мен салыстырудың әдістері қолдануы тиіс. Талдау кезінде пайда мен шығындардың, табыстардың түрлерін, активті-пассивті операциялардың мерзімдерін, ұзақмерзімді және қысқамерзімді несиелік салымдарды, банктің тартылған және меншікті ресурстарын бөлу арқылы баланс шоттарының топтастырылуы қолданылады. Баптар өтімділік дәрежесіне, банктік операциялардың экономикалық мәніне, табыстылық деңгейіне (актив бойынша) және шығындарға (пассив бойынша) және т.б. байланысты топтастырылуы мүмкін. Салыстыру әдісін қолдану бап бойынша динамикалық өзгерістер мен ауытқулардың себептерін анықтауға және банк өтімділігіне әсер ету деңгейін және оның операциялардың тиімділігін, соңғылардың резервтерін жоғарлатуда анықтауға мүмкіндік береді.

Коэффициенттерді есептеу әдісі арқылы активтердің (пассивтердің) жалпы көлеміндегі немесе сәйкес бөлімдегі нақты баптың (немесе бап топтары) нақты үлес салмағы анықталады. Активті (пассивті) баланстық шоттар сәйкесінше операциялар түрлері немесе бір мерзім, немесе ортақ экономикалық контрагенттері бойынша топтастырылған пассив (актив) бойынша баптарымен салыстырылады.

Өтімділікті талдауға қатысты коэффициенттерді есептеу әдісі осылайша алынатын есепайырысулық мәндер және олардың бекітілген мәндерге сәйкес болуын бақылау негізінде қаржылық талдамашы банктегі өтімділік деңгейін бағалауға және өтімділік қаражаттарға банктің қажеттіліктерінің өзгерісін анықтаудан, яғни қазіргі кездегі және болашақта болжанатын және болжанбайтын талаптар сомасынан жоғары болуы тиіс активтердің нақты көлемін анықтаудан тұрады.

Банктегі қаржылық талдау үдерісінде есептелетін коэффициенттер екі негізгі топтарға бөлінеді: 1) ОБ бекітілетін, барлық банктермен орындалуы тиіс міндетті нормативтер және 2) коммерциялық банк қызметінің қаржылық талдау мәселелерімен айналысатын мамандандырылған компаниялар мен банктің аналитикалық қызметімен әзірленген бағалы коэффициенттер. Бағалы коэффициенттердің мәнін сақтау міндетті болып табылмайды, оларды есептеу өтімділікке қатысты сапалы толығырақ ақпаратты алуды қамтамасыз етеді.

5 кезең. Өтімділікті болашақта басқару үшін үшін ұсыныстарды әзірлеу.

Банктің өтімділігін талдауының қорытынды және маңызды кезеңі жоғарыда келтірілген талдау кезеңдерін қорытындылау, банк қызметінің оң және теріс жақтары, оның активтер мен пассивтерінің құрылысы мен жиынтығы, өтімділіктің санды және сапалы көрсеткіштері туралы аналитикалық материалдарды дайындау, өтімділікті болашақта басқару үшін үшін ұсыныстарды әзірлеу банк дамуының болжамын құрау.

Қорытындылайтын болсақ, қазіргі таңда төлем дағдарысында, құнсыздануда, өндіріс дағдарысында пайда болатын макроэкономикалық деңгейдегі күрделі мәселелерге байланысты коммерциялық банктің өтімділігін қолдау күрделенуде. Әрдайым өзгерісте болатын жағдаймен байланысты коммерциялық банктер тиімді және сенімді қалыптасуы үшін банк операциялары мен банк қызметінің көрсеткіштерін талдауда басты назар аударған жөн.

Банкте талдау өткізу үлкен мәнге ие, себебі талдаудың нәтижесінде банктің келешектегі саясаты айқындалады. Сондықтан, талдау негізінде банктің болашақтағы жағдайын нығайтуда шаралар өңделеді.

2 Банк қызметін реттеудегі Базель комитетінің принциптері және банктерді қадағалаудың халықаралық стандарттары

2.1 Халықаралық Базель комитетінің құрылуы және оның негізгі мақсаттары мен міндеттері

Банк қызметін қадағалау бойынша Базель комитеті БҚҚБК(орысша БКНБД) банк қызметін реттейтін және қадағалау тәжірибе бойынша Комитет ретінде «ондық» елдердің орталық банктерінің басқарушыларымен халықаралық валюталық нарықта және банк қызметі нарығындағы қиын жағдайлардан кейін («Херштадт»банкiнiң банкроттығынан кейiн) 1974ж.соңында құрылды. Комитеттің алғашқы отырысы 1975 жылдың ақпан айында болды. Сол уақыттан бастап бұл отырыстар бір жылда үш-төрт рет әрдайым өткізіліп тұрады. Қазіргі уақытта БҚҚБК-штаб-пәтері Швейцарияның Базель қаласында халықаралық есептер Банкінің ғимаратында орналасқан барлық елдермен жұмыс істеуге бағытталған, халықаралық орган.

Бастапқы кезде Комитеттің құрамына мына елдер кірді: Бельгия, Канада, Франция, Германия, Италия, Япония, Голландия, Швеция, Англия, АҚШ. Комитетте әр елдің өкілі ретінде оның Орталық банкі сонымен қатар ресми түрде пруденциалдық қадағалауға, елдегі жұмыс істейтін банктік институттардың қызметіне (егер бұл қадағалауға Орталық банк жауап бермесе) жауап беретін орган жұмыс істейді. Еуропалық Одақта өзінің жеке өкілі жоқ. Нақты сұрақтармен, мысалы, Базель II енгізу бойынша дайындықпен айналысатын көптеген арнайы топшалар бар. Комитеттің жұмысын жетілдіру мақсатында арнайы комиссиялар құрылған [17].

Банк секторын экономикалық реттеудің негізгі міндеті-бүкіл қаржылық жүйенің тұрақтылығын әрдайым жетілдіру. Эмиссиялық және (немесе) орталық банктердің қатысуы қаржылық жүйенің жұмыс істеуіне бірлесе жауап берумен түсіндіріледі. Кейбір мүше-елдерде эмиссиялық банк бір уақытта қадағалаудың негізгі органы болып табылады. Топ-10 құрамына кірмейтін елдер реттеуші органдар жағынан уәкілетті жақ ретінде өкіл етеді. Комитет «ондыққа» кірмейтін елдермен ынтамақтаса жұмыс істеу арқылы барлық елдердегі және комитеттің мүше елдерінде пруденциалды қадағалау мен пруденциалды банктік қадағалауды нығайту мүмкіндіктерін зерттейді [18].

Құрылу кезінен бастап халықаралық серіктестіктің формалды емес форумы ретінде Комитет мынадай мақсат қойды-комитетте көрсетілген мемлекеттердің банктік қадағалау органдары арасында ақпарат алмасу арқылы және ұсыныстар жасау арқылы банктік қадағалау бойынша бірыңғай тәсілдемелерді қалыптастыру .

Комитетті құруға түрткі болған себеп-халықаралық деңгейде банктік қадағалаудағы маңызды келіспеушіліктерді жою.

Комитеттің міндеттері:

-банктік реттеу саласында біртұтасстандарттарды енгізу. Бұл мақсатпен мүше-елдердің реттеу органдары үшін Комитет нұсқаулар мен ұсыныстар

жасайды. Бірақ бұл ұсыныстарды орындау міндетті емес. Ал көптеген жағдайда мүше-елдердің ұлттық заңнамаларында көрсетілгендей, оларды орындау қажет. Комитет барлық әлемнің банктері мен реттеу органдарымен ынтымақтаса, нұсқаулар мен ұсыныстар жасайды, сондықтан олар Комитеттің мүше-елдерінде ғана емес барлық әлемде қолданылады. Мәселен, «Базель II» ұсыныстарын енгізу бойынша жұмыстар 100-ден аса елде жүргізіліп отыр. Еуропа одағында Комитеттің ұсыныстары одақтың мүше-елдерінің өзара ынтымақтасуы үшін қолданылады [19].

-ешқандай банкте басқа банктермен салыстырғанда тең реттеуге қатысты артықшылығы болмауы керек;

-ұлттық деңгейдегі банктік реттеу объективті болуы керек;

-Комитеттің мүше-елдерінде ғана емес оның сыртында да банк қызметін тиімді қадағалау мен реттеу [19].

Комитет принциптері:

-банктер капиталының стандарттарының сәйкес болуын анықтау;

-капиталдың дұрыс әдістемелігін жетілдіру;

-аудиторлардың халықаралық федерациясы мен Халықаралық сауда палатасымен бірлесе жұмыс істеу арқылы банк тексеруін және бухгалтерлік есептің жетілдірілуі.

Банк қызметін тиімді бағалаудың принциптері қысқаша кесте 1-де көрсетілген [20,21].

Кесте 1 - Банк қызметін тиімді бағалаудың принциптері

№	Принцип
1	Банк қызметіне қадағалау жүргізетін әр органның тиянақталған мақсаттардың болуын қажет етеді.
2	Қадағалау органдары барлық банктердің капитал жеткіліктігі талаптарына сәйкес келуі қажет.
	
24	Қадағалаудың негізгі элементтерінің бірі іске қатысы елдің қадағалау органдарымен байланыс орнату табылады
25	Қадағалау органдары ұлттық банктерге белгіленген стандарттарға сай келуін талап ету керек

Банк қызметін қадағалау бойынша Комитет оның мүше-елдерінде ғана емес оның сыртында да банк қызметін тиімді қадағалау мен реттеудің принциптерінің негізін қалаушысы болып, әлемдік банк қоғамдастықта маңызды рөл атқарады.

2.2 Базель келісімдері: I, II, III

Банк секторының тұрақтылығын экономикалық реттеу аясында ерекше орынды Базель келісімдері иеленеді. Базель келісімдерінің негізгі мақсаты-банк ісіндегі тәуекелдерді басқарудың сапасын көтеру, яғни бұл өз кезегінде қаржылық жүйенің тұрақтылығын нығайтуға көмектеседі.

Бірінші Базель келісімі. 1988ж. БҚББК жасаған капитал жеткіліктілігі бойынша 1-ші келісім банктердің, хеджерлік қорлардың және институционалды инвесторлардың 70-80 жж. болған ірі шығындарымен банкроттық

жағдайларына банктік қауымдастық пен қадағалау органдарының жауабы болды.

Базель I келісімі екі іргелі мақсатқа негізделеді:

-халықаралық банк жүйесінің тұрақтылығын арттыру;

-бүкіл әлем банктері үшін тең мүмкіндіктерді қалыптастыру және банк жүйесін реттеудегі үйлесімдікті орнату [22].

Қабылданған ережелер халықаралық операцияларды белсенді түрде жүргізетін банктер үшін қажетті капиталдың минималды деңгейін анықтайды, бірақ ұлттық қадағалау органдары аса жоғары деңгейлерді бекітуге құқылы.

Өткен жүзжылдықтың соңғы жылдарында қаржылық әлем жаһандану кезеңіне өтті, сондықтан Базель I стандарттары тез арада ескіре бастады. Алғашқы кезде келісім ұсыныс ретінде қарастырылды, бірақ 1992 ж. бастап G-10 елдері үшін міндетті норма болды.

Қазіргі кезде Базель I-ге толығымен немесе жартылай түрде 100-ден аса ел қосылған [23,24].

Базель I негізгі мақсаты-қадағалау принциптерін өндіру арқылы несиелік тәуекелдерді (қарыз алушылардың дефолттарынан шығындар, т.б.) шектеу.

Банк капиталының (кейде нормативті «регулятивті» капитал деп аталынатын) есепке алаанықталған активтер мен баланстан тыс статьялар көлемінің 8% мөлшерінде анықталады:

меншіктікапитал

$$\text{несиеліктәуекелдербойынша өлшенген активтерсоммасы} \geq 8\% (1)$$

Несиелік тәуекелдердің мөлшерін активтер шамасын тәуекелдік салмаққа немесе тәуекел салмақтық коэффициенттеріне көбейту(өлшеу) жолымен анықтайды. Ол үшін тәуекел дәрежесі бойынша активтер салмақтық коэффициенттері 0,20,50 және 100 болатын 4 топқа бөлінеді. Неғұрлым тәуекел жоғары болса, соғұрлым салмақ көп болады.

Базель I ережелеріне сәйкес жеткіліктілік затына тексерілетін капиталдың жалпы шамасы екі деңгейлі капиталдан құралған: 1 деңгей-акционерлік капитал мен жарияланған резервтер; 2 деңгей-қосымша капитал немесе жасырын резервтерді, елдің заңдылығына сәйкес қолжетімді резервтерді, сапасы төмен капиталды (мысалы, жылжымайтын мүлік пен субординирленген қарыз) өзіне қосатын екінші деңгейлі капитал жатады.

Екінші деңгейлі капитал жиынтық көлемде бірінші деңгейлі капитал сомасынан аспауы керек. Дегенмен, екінші деңгей капиталы бірінші деңгей капиталы 100% шектелген.

Базель I келісімі банктердің жұмыс істеуіне елеулі түрде оң әсер етті. Біріншіден халықаралық банктер үшін жасалған ұсыныстар қазіргі кезде әлемдік банк жүйесі үшін қолайлы болды.

Оларды банктер мен кейбір басқа несиелік ұйымдар көлемі, құрылымы, несиелі операциялардың күрделілігіне және тәуекелдердің ерекшеліктеріне қарамастан, есепке ала бастады.

Базель I келісімін жасаған уақыттан бері жаңа қаржылық құралдар пайда болып, қолданылатын банктік технологиялар өзгерді.

Содан басқа, банктер ескі талаптар жинағындағы қиыншылықтармен күресудің амалын табуды және түрлі елдердің қадағалау органдарының талаптарындағы айырмашылықтарды тиімді пайдалануды (регуляторный арбитраж) үйренді.

Көптеген экономистер «банк секторының 20 ғ. ортасында болған қадағалаудың қатаңдануының негізгі себебі ретінде салымдарды кепілдікке берудің мемлекеттік жүйесі болды» деп ойлайды. Әрине банктік дағдарыстардың көбею себебі- көптеген факторлар кешені болып табылатынын айта кету қажет.

Бірақ бірінші Базель келісімі кең ауқымда оның алдына қойған мақсаттарына жете алмады. Базель I келісімінің негізгі кемшіліктері қандай? Оны сурет 6–дан көруге болады [25].



Сурет 6- Базель I негізгі кемшіліктері

1-ші Базель келісімінің сын берушілері ешқандай коэффициенттер мен санаттардың активтердің несиелік тәуекелдеріне тікелей, ешқандай қатысы жоқ деп айтады.

Демек, жүйе капиталдың аса тиімді пайдалануына жәрдемдеспейді, және тарих көрсеткендей, банктік күйреулер мен дағдарыстар санын азайтпайды. Бұндай тез дамушы ортада Базель I банктердің тұрақтылығы мен оның мүмкін болашағына дұрыс баға бере алмайды.


1993 жылдан бастап көптеген экономисттердің пікірлері мен банк қауымының сынын есепке ала отырып, Базель I-ге түзетулер енгізіліп, 2004 ж. айқындалған шекті тәсілдеме (Базель II) жарияланған болатын. Екінші Базель келісімін құрастыруға үш негізгі мәселелер әкеп соқтырды (Кесте 2 қараңыз) [26,27].

Кесте 2 - Екінші Базель келісімін құруға себеп болған үш негізгі мәселе

-1-ші - банктік тәуекелдердің азайту бойынша қызметті анықтаудың қиындығы	-2-ші- реттеушіарбитраж;	3-ші-операциялық тәуекелдердің артуы
Базель I әр активтің тәуекелін жеке түрде ғана емес, сонымен қатар олардың арасындағы корреляцияны да есепке алу қажет екеніне назар аудармайды. Сонымен қатар барлық қоржынның тәуекелін есептеу үшін маңызды-эртараптандыру әсеріне назар аударылмайды. Қаржылық құралдардың және банктердің тәуекелді азайту бойынша мүмкіндіктерінің дамуымен капитал жеткіліктігінің деңгейін анықтау үшін банктік активтер қоржынының тәуекелділігін есептеу және ол бойынша модельдеу қажеттілігі пайда болды.	Базель 1 тәсілдемесі. айырмашылықты байқай алмайды. Базель бір жүйесі барлық коммерциялық несиелерге несиелік рейтингі AAA бар корпорацияларға және несиелік рейтингі B немесе C бар корпорацияларға 100% тәуел деңгейін береді. Базель 1 несиелік рейтингі төмендеу корпорацияларға және сәйкесінше, несие бойынша жоғары процент төлеушілерге коммерциялық несиелер көлемін арттыруға банктерді ынталандырады. Бірақ банктердің қаржылық тұрақтылығы нашарлайды, себебі төмен несиелік рейтинг дефолттың болу мүмкіндігін болжайды.	Операциялық тәуекел-басқару, қолдау мен бақылау жүйелері мен процедураларындағы кемшіліктерге байланысты, сонымен қоса қаржылық нұқсан келтіре алатын немқұрайлы, біліксіздік жағдайларға байланысты тәуекел. 1-ші Базель келісінде операциялық тәуекелге мүлдем назар аударылған жоқ. Мәселен, 2002ж. АҚШ-да 8 банктердің күйреуінің себебі- алаяқтық болды.

Осы үш мәселенің салдарынан Базель I келісімінің шегінде талап етілген капитал жеткіліктігінің деңгейі банктік операциялық тәуекелділігін қамтып көрсетпейді, тәуекелі төмен банктік жүйенің тұрақтылығын арттыруға апармайды.

Екінші базель келісімін бар жүйені жетілдіру үшін жасаған. Ол көбірек банк тұрақтылығына жетуге арналған банктерді қадағалау бойынша жетілдіру шараларына бағытталған. Базель II негізгі мақсаттарын сурет 7-де көруге болады [28,29].



Сурет 7- Базель II негізгі мақсаттары

Базель II тәуекелдің көп мөлшерін есепке алады және тәуекелдерді есептеу мен оларды басқару бойынша көптеген әдістер мен модельдерді ұсынады.

Базель II банктік ұйымдар капиталының жеткіліктігі бойынша банктер қолданатын тәуекелдер ерекшеліктері мен сипаттамасын қамтып көрсететін минималды талаптарды қолдану толығырақ (Базель I-ге қарағандааса дәлме-дәл (адекватты)) анықтайды.

Базель II бұл талаптарды күшейтеді, яғни банктер үшін меншікті капитал жеткіліктігін бағалау ережелерін орнатып, тәуекелдерді жабу үшін капитал жеткіліктігін қолдау мақсатында банктік қадағалау органдары үшін сәйкес бағалаудың дұрыстығын тексеру бойынша қадағалау жүргізуге арналған принциптерді анықтайды.

Базель II мерзімі өткен (просроченный) несиелерге ерекше назар аударады. Бұл жағдайда келесі салмақтық коэффициент қолданылады: 150%, егер несие бойынша қалыптасқан резервтер несиенің өтелмеген бөлігінің 20%-нан кемін құраса; 100% екі жағдайда орнатылады: егер резервтер несиенің өтелмеген бөлігінің 20%-нан кем емес бөлігін құраса және егер резервтер несиенің өтелмеген бөлігінің 50%-нан кем болмаса.

Осыдан басқа, Базель II банктердің қаржылық есептілігінің ашықтығын (транспарентность) күшейту жолымен нарықтық тәртіпті нығайтуға бағытталған (Кесте 3қараңыз) [30].

Кесте 3-Базель II негізгі ережелері

Біріншікомпонент	Екінші компонент	Үшінші компонент
-құжаттың ең маңызды бөлімі. Ол несиелік тәуекелді есептеудің әдістеріне арналған және несиелік тәуекелді есептеудің екі жолын ұсынады. Стандартталған тәсілдеме белгілі бір халықаралық рейтингпен((Standard & Poor's және т.б.). анықталған, сыртқы несиелік рейтингке байланысты қайсыбір қарыз алушыға берілетін коэффициентке талаптардың шамасын өлшеуге негізделген. Берілген әдіс Базель І-ге қарағанда тәуекелдерді есептеу техника бойынша жана сәттерді өзіне қоспайды, бірақ белгілі бір банк қызметінің объективті көрсеткіштері ретінде сыртқы рейтингтерге бағытталу-бұл, сөзсіз, новация жаңалық болып табылады.	несиелік ұйымдардағы тәуекелді басқару жүйесін ұйымдастыру бойынша негізгі принциптер мен ұсыныстар және қадағалау үдерісі бойынша талаптарды анықтайды. Онда банктерді қадағалау алдындағы есептілік пен айқындық(прозрачность) мәселелері, сонымен қатар банктік қоржындағы пайыздық тәуекел, несиелік тәуекел(стресс-тестілеу, дефолтты анықтау, қалдық(остаточный) тәуекел мен несиелерді шоғырландыру тәуекелі) операциялық тәуекел және секьюритизация бойынша ұсыныстар қарастырылған.	Базель II екінші компоненті нарықтық тәртіп деп аталады. Бұл компонент алдындағы екі компонентті толықтырады, яғни ақпаратты ашу(раскрытие) бойынша талаптар кешенін қалыптастырады. Бұл талаптар нарық қатысушыларына негізгі қызмет аясының деректерін, капитал шамасы, тәуекел мөлшері, тәуекелді бағалау үдерісі және қарыз алушы-ұйым капиталының жеткіліктілігі уралы мәліметтерін бағалауға мүмкіндік береді.

Сонымен қоса Базель II жоғарытылған тәуекелдің талаптары бойынша қатаң әдісін атап өтуге болады. Жоғарыда айтқандай, мерзімі өткен несиелер бойынша рейтингі В+(заңды тұлғалар үшін) және В-(несиелік ұйымдар үшін) кем сыртқы рейтингі ВВ+ және ВВ- кем талаптар мен секьюритизирленген активтер үшін 350% өлшенген коэффициенттер қолданылады.

Үшінші Базель келісімі. 2007-2009жж. болған әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыс көптеген елдердегі қаржылық жүйенің тұрақтылығын әлсіретіп, қаржылық реттеу механизмдерін қайта қарастыруға әсерін тигізді. 2009ж. Комитет (Халықаралық есептеулер банкін қоса) Базель III деп аталған банктік реттеудің жаңа стандарттарын енгізу туралы жасаған ұсынысы халықаралық деңгейде дағдарысқа қарсы шара болды. Базель III басқа талаптардың ықпалының бағасы және оның жаңа нұсқасы(версиясы) банктік пассив құрылымындағы статьялардың үлесін өсірумен шектелмейді. Әлемдік экономика көрсеткендей, шамамен, 20-25 жылда бір рет болып тұратын банктік дағдарыстардың ықтималдығының төмендеуі. Базель III қаржылық институттар үшін жай акцияларының минималды деңгейіне 1-3,5% көлемінде қосымша буфер енгізу мүмкіндігін алдын ала қарастырады.

Капитал стандарттарына талаптарды көтеру банктік дағдарыстың ықтималдығын төмендетеді. Осылай, Халықаралық есептесулер банкінің моделінің нәтижелері бойынша капитал жеткіліктілігінің коэффициентін 7%-дан

8%-ға көтеру дағдарыстың пайда болу ықтималдығын үштен бірге-5,1%-дан 3,1%-ға төмендетеді. Капиталдың бастапқы деңгейі неғұрлым төмен болса, дағдарыстың ықтималдығының төмендеуі соғұрлым жоғары болады.

Өтімділік пен таза тұрақты қорландыру көрсеткіштері стандарттарын енгізу ұзақмерзімді кезеңде банктік жүйенің тұрақтылығын көтеруге жәрдемдеседі. Сонымен қатар модель есептері көрсеткендей, бұл бағытта халықаралық жүйелік маңызды қаржылық институттар үшін капитал жеткіліктігінің қосымша нормативтерін енгізу және Базель III ережелеріне сәйкес капиталдың контрциклдық буферлерін қолдану өз септігін тигізеді. Бұл шаралар экономикалық өрлу кезінде несиелік серпілістің ауқымын ұстап тұру қажет және дағдарыстың құлдырау кезінде несиелік операциялар көлемінің күрт төмендеуін шектеу қажет. Капитал стандарттарын қосымша көтеру ЖІӨ құбылмалылықтың төмендеуіне және іскерлік циклдағы амплитуда ауытқуының азаюына әкеледі.

Монетарлы саясат рөлі Базель III стандарттарының экономикалық өсуге жоғарыда айтылған теріс әсерін белсенді монетарлы саясат шаралары көмегімен әлсіздендіруге болады. Минималды міндетті резервтер нормаларын төмендету, есептік мөлшерлеме деңгейін реттеу және ашық нарықта мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүзеге асыру арқылы орталық банк коммерциялық банктерге қосымша ресурстар бере алады.

Орталық банктің есептік мөлшерлеме өзгеруі банк саласында маңызды сигналды қызмет атқарады. Ол қаржылық нарық қатысушыларына монетарлы саясат жүргізілетін бағытты көрсетеді. Бірақ қаржылық ынталандырудың бұл құралын қазіргі кезде қолдану шектелген.

Себебі қазіргі таңда дамыған елдерде есептік мөлшерлемелер өте қиын жағдайда орналасқан. Мысалы, 2013ж. мамыр айында Еуропа орталық банкінің есептік мөлшерлемесі 0,5% дейін төмендетілген, ал 2008ж. желтоқсан айында АҚШ федералды қорларының мөлшерлемесінің қолданылу шегі 0 мен 0,25% болған.

Мөлшерлемелер мұндай деңгейде болғандықтан, реттеу үшін оларды қолдану мүмкіндіктері тіпті жоқ деп айтуға болады.

Солай, Батыс сарапшылар тобы соңғы жылдары жүргізген эмпирикалық зерттеулер нәтижелері бойынша, банктік капитал стандарттарын көтеру, өтімділік коэффициенттерін енгізу, сонымен қатар ірі халықаралық банктер үшін капиталдың тым қатаң нормативтерін қабылдау бойынша Базель III бағдарламасының қарастырылған шаралары ЖІӨ өсу қарқынының төмендеуіне әкеледі.

Сонымен қоса, жаңа ережелер әлемдік экономика тұрақтылығын көтеруге және банктік дағдарыстар ықтималдығының пайда болуының төмендеуіне жәрдемдесе алады.

Ынталандырушы монетарлы саясат экономикалық даму үдерісіне регулятивті реформаның теріс әсерін әлсіздетіп, банктерге жаңа жағдайларға бейімделуге көмектесе алады.

Бірақ мұндай жеңілдетуші бағдарламаларды іс жүзінде қолдануда дамыған елдердің орталық банктері орнатқан қайтақаржыландыру мөлшерлемелерінің төмен деңгейі қиыншылық туғызады.

Жапония тәжірибесіне қарап, клиенттер бизнесінің сәттілігін бірінші орынға қоятын және нақты сектор жобаларына қаражат салып, тәуекелге баруға қорықпайтын банктер үшін клиенттер сенімінің жоғары деңгейі-тәжірибедегі ең бағалы зат деп айтуға болады.

Осыдан басқа, кіші және орта бизнес жобаларының кепілгері ретінде (гарант) мемлекеттің қатысу механизмі ерекше орынға ие, яғни алынған қаражаттарды қайтаруды қамтамасыз етудің қосымша әдістерінің қатаң талаптарынсыз банктерге несиелеуге мүмкіндік береді [31].

Институционалды тұрғыда қарастырылған проблемалардың шешімі экономиканың болашақ даму мен дағдарыстан шығу кезінде отандық банктерге олардың миссиясы мен міндеттерін нақты анықтауға көмек беру үшін ақшалай, несие және қаржылық құралдар нарығында негізгі қаржылық делдал ретінде банктерге олардың рөлі мен функцияларын нақтылауын қажет етеді.

Бұл жағдайда екінші деңгейлі банктердің мақсаты мен мәртебесін заңды түрде бекіту керек және экономиканы ресурстармен қамтамасыз ету мәселелер бойынша банктік бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі, несиеленуші жобаларды жүзеге асырудың қорытынды нәтижелерін болжау бойынша банктердің атқаратын рөлін анықтау қажет.

Сонымен қоса, заңнамада ұзақмерзімді қаржыландыру мен несиелендіру саласында маңызды рөл атқаратын мамандандырылған (инвестициялық) банктерге қатысты мәселелерді шешуді толықтыру керек.

2.3 Қазақстан банк жүйесі Базель II мен Базель III-ке көшу үстінде

Банк ісі мен банктік технологиялардың дамуымен және банктік реттеу аясындағы жаңа талаптардың пайда болуымен Базель II қабылдау халықаралық банк қоғамдастығының алдыңғы Базель 1 келісіміне көптеген наразылықтарға жауабы болды. Екінші Базель келісімін 130-дан аса ел қолдады.

Базель II идеясы күрделілігі өзгеріп тұратын, капитал жеткіліктілігін есептеудің бірнеше әдістемелерін таңдауға банктерге құқық беруінде болған, яғни несиелік, операциялық тәуекелдерді есептеудің аса жетілдіріліген әдістемелері бар банктер капитал жеткіліктілігін есептеген кезде артықшылықтарға ие болуға тиіс.

Базель II банк капиталының минималды көлеміне келесі талаптарды қояды: Ұйымдар операциялық, нарықтық және несиелік тәуекелдерді бағалауға және оларды жабу үшін капиталды сақтауға міндетті.

Мұндай қаржылық стратегияны жүзеге асыру түбегейлі түрде тәуекел-менеджмент аясында тәсілдемелерді қайта қарастыруды, ақпараттық-талдау жүйелерін жетілдіруді және банк қызметін реттеу саласында мемлекеттің қатысуының артуын қажет етеді.

Алдыңғы келісімнен Базель II басты айырмашылығы несиелік тәуекелдер бағасына жаңа тәсілдемеде болды, яғни банктерде болатын өзіндік рейтингтік жүйелер клиенттерді сенімділік дәрежесі бойынша жіктеуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, Базель II айқындық бойынша жаңа әдісті қарастырды, несиелік ұйымдармен нарыққа ұсынылатын ақпарат көлемін айқындады (Кесте 4 қараңыз).

Кесте 4 -Базель II үш негізгі тіректері

1-ші «тірек» Капитал бойынша сандық талаптар	2-ші «тірек» Реттеу органдарының қадағалауы	3-ші «тірек» Нарықтық тәртіп
Капиталға несиелік, нарықтық, операциялық тәуекелдер бойынша жалпы минималды талаптарды өзіне қосады. Капиталдың активтерге қатынасы регулятивті капитал мен тәуекел бойынша өлшенген активтерді анықтауды қолдану арқылы есептеледі. Жиынтық капиталдың активтерге қатынасы 8% төмен болмау керек. Екінші деңгейдің капиталы бірінші капиталдың 100% артық болмау керек.	Банктік қадағалау органдарының банкті тексеру процесстерін реттейді. Біріншіден, егер банктің резерв деңгейі оның тәуекел профиліне сәйкес келмесе, жеке банктер үшін көбейген резервтерді қалыптастыруды өзгерістер көрсетеді. Екіншіден, капиталды минималды деңгейден төмендетпеу үшін қадағалау органдары банктер қызметіне араласуға өкілетікті алады. Үшіншіден, банктермен тұрақты түрде қарым қатынас жасаудың және оны қамтамасыз етудің қажеттілігі айқын байқалады.	Нарықтық тәртіп айқындықпен нарыққа байланысты қоғамға банктік қаржылық есептіліктің ашылуынталап етеді. Бұл компонент алдыңғы екеуін толықтырып, ақпаратты ашуға талаптар кешенін қалыптастырады. Қасиеті-бухгалтерлік есептің стандарттарына қарама-қайшылықтың болмауы.

Жаңа келісімдегі өзгерістер тәуекел бойынша өлшенген активтерді есептеудің жаңа подходтарымен байланысты. Ол банктік бағалаудың сапасының көтерілуіне әкеледі және берілген коэффициентті асамаңызды мағыналы боп қалдырады.

Ұлттық қадағалау органдары барлық банктерге бір нұсқа қолдану қажет. Банктерге талаптар бойынша екі нұсқа бар.

Бірінші нұсқа бойынша, берілген елде тіркелген барлық банктерге дербес рейтингі бар елдердің жоғарғы органдардың талаптарына қойылатын тәуекел дәрежесінен төмен тәуекел дәрежесін береді.

Бірақ бар жоғарғы органдарында BB+тан B-рейтингі бар елдегі банктерге талаптар бойынша, сонымен қатар рейтингі жоқ елдердегі банктерге берілетін тәуекел дәрежесі 100% артық болмайды.

Екінші нұсқа бойынша, тәуекел дәрежесі бойынша 50%-дық өлшеуді алатын рейтингі жоқ банктер банктің өзінің сыртқы рейтингінің негізінде тәуекел дәрежесі бойынша өлшеу жүзеге асырылады.

Берілген нұсқа бойынша, 20% минималды дәрежеде бастапқы төлеу мерзімі үш айға дейін болатын талаптарға тәуекелдің (привилегированный) айрықша(яғни бір деңгейге жоғары) дәрежесі берілуі мүмкін. қолданылмайды.

Бұл екі нұсқаны төменде көрсетілген кесте 5 қарауға болады [32].

Кесте 5 -Банктерге талаптар бойынша екі нұсқа

Нұсқа 1						
Елдің несиелік рейтингі	AAA дан AA-	A+тан A-	BBB+тан BBB-	BB+ тан B-	B-төмен	Рейтингсіз
1-ші нұсқа бойынша тәуекел дәрежесі	20%	50%	100%	100%	150%	100%
Нұсқа 2						
Банктердің несиелік рейтингі	AAA дан AA-	A+тан A-	BBB+тан BBB-	BB+ тан B-	B-төмен	Рейтингсіз
2-ші нұсқа бойынша тәуекел дәрежесі	20%	50%	50%	100%	150%	50%
2-ші нұсқа бойынша қысқамерзімді талаптар бойынша тәуекел дәрежесі	20%	20%	20%	50%	150%	20%

Базель II бойынша несиелік, операциялық және нарық тәуекелін бағалау есептерін жүргізу қажет. Несиелік тәуекелді есептеудің үш әдістің ұсыныстарын енгізу жаңалық болды.

Ал ол Комитеттің пікірі бойынша, банктер мен қадағалаушы органдарға қаржылық нарық инфрақұрылымы, банктік операциялар дамуының деңгейін есепке алатын аса қолдануға болатын модельді таңдауға мүмкіндік береді. (Кесте 6 және Кесте 7 қараңыз) [32].

Кесте 6 -Тәуекел топтары,%

Қарыз алушы рейтингі:	AAA дан AA-	A+тан A-	BBB+тан BBB-	BB+ тан BB-	B-төмен	Рейтингсіз
Елдің үкіметінің	0	20	50	100	150	100
Банктер 1	20	50	100	100	150	100
Банктер 2						
<3 ай	20	20	20	50	150	20
>3 ай	20	50	50	100	150	50
Корпорациялар	20	50	100	100	150	100

Несиелік тәуекелді бағалаудың стандартталған әдісі Базель I алдын ала ескерілген алдыңғы әдіске ұқсас. Тәуекел категорияларының мөлшері көбейген. кәсіпорындар-қарыз алушылар мамандандырылған рейтингтік агенттіктер берген рейтинг негізінде бағалануы тиіс.

Бірақ қаржылық дағдарыс нәтижесінен әлемдік қаржылық жүйені болашақта өзгертуге мәжбүр етті.

Кесте 7- Банктік емес ұйымдардың қамтамасыз етілмеген қарыз капитал жеткіліктілігіне талаптарды салыстыру

Қарыз алушы рейтингі:	Дефолттың ықтималдығы	(Базель 1) қолданыстағы талаптар	(Базель 2) стандартталған тәсілдемелер подходы	(Базель-2 базалық әдістемесі) ішкі модельдерге негізделген тәсілдемесі
AAA(a)	0,03	8	1,6	1,13
AA(a)	0,03	8	1,6	1,13
A	0,03	8	4,0	1,13
BBB	0,20	8	8,0	3,61
BB	1,40	8	8,0	12,35
B	6,60	8	12,0	30,96
CCC	15,0	8	12,0	47,04
(a)дефолттың төмен ықтималдығы Комитетпен 0,03 деңгейінде белгіленген				

Жаңа Базель келісімі Базель I байланысты барлық проблемаларды шешу үшін жасалған еді.

Күтілетін нәтиже-капитал жеткіліктілігінің деңгейін анықтау бойынша, тәуекелді азайтуға банк менеджментінің мотивациясы бойынша, талаптар мен банк операцияларының тәуекелділігін нақты қатынасын анықтау бойыншааса жетілдірілген жүйе.

Бірақ Базель II де кейбір проблемалары бар. Сондықтан банк жүйесін нығайту үшін ұлттық реттеу органдарына оларды ескеру қажет (Кесте 8 қараңыз) [33].

Мысалы, банктер ішкі рейтингтерді қолданғанда, әрбір ірі банк рейтингтерді есептеудің өз жүйесін және капитал жеткіліктілігінің деңгейін ұсынады.

Ал белгісіздік пен ақпарат асимметриясы қаржылық жүйенің тұрақтылығын арттырмайды.

Бірақ, тарихта экономикалық дағдарыстардың көптеген мысалдарын көруге болады, яғни мемлекеттер дефолтты жариялады. Осыдан мемлекеттік бағалы қағаздар абсолюті түрде сенімді емес деген қорытынды жасауға болады.

Бірақ экономикалық құлдырау және тұрақсыздану кезінде, яғни операцияларды жүргізуді жалғастыру үшін сыртқы несиелендіру қажет болғанда несиелік рейтингтер көп жағдайда нашарлайды.

Кесте 8- Базель II проблемалары

1-ші-шығынның күрделілігі	2-ші-активтер тәуекелінің дәрежесін анықтау	3-ші-операциялық тәуекел	4-ші -циклдік әсер (эффект цикличности)
Бүкіл әлемдегі реттеуші органдар жүргізетін зерттеулер Базель II өту кезінде банктерде талап етілетін капиталды қысқартуға мүмкіндіктің пайда болуын көрсетеді. Базель II реттеуші органдар қарастырылуына факторларды қалдырады.	Несиелік рейтингі төмен корпорациялар үшін 150% коэффициент және несиелік рейтингі мүлдем жоқ корпорациялар үшін 100% коэффициент қолданылады. мемлекеттік бағалы бойынша банктер капитал деңгейіне талаптар тым аз.	Операциялық тәуекел бойынша капитал жеткіліктілігіне талаптар нәтижесінде банктер ресурстарды тиімсіз қолдануы мүмкін.	Капитал жеткіліктілігіне талаптарына тәсілдемелерінде циклдік әсерін байқауға болады.Базель II банктерді несиелік рейтингі жоғары корпорацияларды несиелендіруге ынталандырады, банктердің тәуекелдерін қысқартады.

Несиелік рейтингтердің нашарлауынан (резервтерге талаптар жоғарылағаннан) коммерциялық несиелер беру банктер үшін тиімсіз болады.

Бұл жағдай барлық экономиканы көтеру үшін коммерциялық несиелерді беру арқылы қаржыландыру қажет болған кезде, несиелер мөлшері азаюына әкелуі мүмкін. Соның салдарынан елдегі экономикалық құлдырау ұзаққа созылуы мүмкін.

Төртінші мәселені шешудің жолы құлдырау кезіндегі несиелеруші органдар жүргізетін банктік қадағалауда өз көрінісін табуы керек.

Комитет ережелерінің үшінші бөлімінің алдын ала басылымы 2009ж. желтоқсан айында қабылданған, ал 2010ж. қыркүйек айында Комитет әлемдік банк секторының жаһандану реформасын қолдады.

Ол «Базель III» деген атау алды.Базель III жасаушылар банктік өтімді қаражаттарды арттыру мен олардың сапасын көтеру есебінен қаржылық жүйенің және әлемдік банк жүйесі қаржылық тұрақтылығын көтереді деп үміт артуда.

Базель III жасалуы алдында банктердің капитал(бірінші деңгейлі акционерлік капитал, екінші деңгейлі капитал, буферлік капитал, жиынтық капитал) жеткіліктілігіне қосымша талаптар енгізілді.

Сонымен қатар капитал консервациясының қосымша буферін 2,5% мөлшерінде құру енгізіледі. Бұл жиынтық капитал бойынша талаптарды 8 ден 10,5% дейін арттырады.

Берілген резерв таза пайда есебінен құрылуы тиіс. Жүйелік тәуекел кезінде және минималды мүмкін деңгейдегі капитал жеткіліктілігінің нормативі төмендеген кезде реттеушінің санкциясынсыз бұл резерв банктерге қосымша өтімділікті алуға мүмкіндік береді.

Бірақ дағдарыстан кейін несиелік ұйымдар бұл капиталды қалпына келтіруге міндетті.

Несиелік серпіліс кезінде немесе экономиканың қызып кетуі болған кезде реттеуші талап етуі бойынша контрциклдық реттеу үшін 0 ден 2,5% мөлшерінде контрциклдық буфер енгізіледі, яғни жиынтық капиталға талаптар 13% дейін өсіп келеді.

Ірі банктер үшін капиталға 1 ден 2,5% мөлшерінде қосымша талаптар енгізіледі.

Капитал жеткіліктілігінің формуласында тәуекелдерді жабу нарықтық тәуекел, биржадан тыс келісімшарттарға талаптарды көтеру, стресс-тесттерді есепке алатын несиелік тәуекелді қайта есептеу есебінен кеңейді.

Коэффициенттер өсуі мен тәуекелдерді жабудың кеңеюін есепке алып, акционерлік капитал бойынша барлық талаптар Базель комитетінің бағасы бойынша 7 есе өсті.

Базель III дағдарыс болған жағдайда қаржылық ресурстардың жетіспеуін болдырмау үшін банктердің өтімді қаражаттар қоры бойынша біртұтас талаптарды енгізуді қарастырады. Бұл жағдайда өтімді активтердің жағдайын реттейтін екі көрсеткіш ұсынылады: 30-күндік өтімділік коэффициенті LCR (Liquidity Coverage Ratio) (30 күнге дейін мерзімі бар банктік қысқамерзімді міндеттемелері өтімді активтермен 100%-ға жабылуы тиіс) және таза тұрақты қорландырудың көрсеткіші NFSR (Net Funding Stability Ratio) (қаражаттарды ұзақмерзімді, 100%-дан кем емес мөлшерде тұрақты пассивтермен жабылуға тиіс активтерге орналастыру нәтижесінде банктің өтімділігін жоғалту тәуекелін реттейді.). Іс жүзінде барлық ұзақмерзімді активтер тұрақты пассивтердің жеткілікті көлемімен қамтамасыз етілуі керек.

Екінші компонентке сәйкес капиталды есептеу, тәуекел-менеджмент, корпоративтік басқару, тәуекелдерді қабылдау, тәуекелдерді біріктіру мен стресс-тесттерді енгізу бойынша қадағалау күшейтілуде.

Базель комитеті бұл келісімнің осы және басқа талаптарды қабылдаудың мерзімін анықтады. Бірақ жалпы, бұл немесе басқа ережелерді қабылдау елдің басты реттеушінің позициясына байланысты. Алғашқы кезде кейбір ережелер 2013ж. 1 қаңтарынан өз күшіне енеді деп жоспарланған болатын.

Базель III ережелерін енгізуді жоспарлайтын барлық мемлекеттерді екі топқа бөлуге болады (Кесте 9 қараңыз) [34].

Кесте 9 -Базель III ережелерін енгізуді жоспарлайтын мемлекеттер

-2013ж. 1 қаңтарынан енгізуді бастаған елдер:	-Нормативтік актілердің жобаларын жариялаған, бірақ енгізуді кейінге қалдырған елдер
Сауд Арабиясы, Швейцария, Сингапур, ОАР, Аустралия, Қытай, Гонконг, Индия, Жапония, Канада, Мексика	Аргентина, Бразилия, Индонезия, Ресей, Корея Республикасы, Еуропалық Одақ, АҚШ

Ал біздің Қазақстан Республикамызға келсек,бізде Базель III талаптарын 2015ж. 1 қаңтарынан кезең-кезеңмен енгізу жоспарланып отыр, яғни меншікті капитал жеткіліктілігі бойынша талаптар біртіндеп көтеріледі, қазақстандық және әлемнің басқа банктері де үшін жаңаконтрциклдық буферлер енгізіледі,сонымен қатар сәйкес болатын нормативті-заңды база құрылады.

Капитал жеткіліктілігі бойынша Қазақстанда Базель III енгізудің мәселелерін алғашқы қарастырылған ҚҚА(АФН) ұсынылған коэффициенттерін талдаған кезде, пайыздық мөлшерлемелер жуықтап алынған, тіпті әлемдік мөлшерлемелерден кішкене жоғары екенін көруге болады.

Бірақ олардың Базель III айрықшаланатын Базель II әдістемесі бойынша есептелгенін ұмытпау керек.

Сонымен қатар капиталдың құрамдас бөліктерін анықтауда өзгерістер болады. Базель III талап етілген қосымша буферлерді енгізу керек болады.

Коэффициенттердің сандық өзгеруін оң жақтан дәтеріс жағынан қарастыруға болады. Бір жағынан банктер меншікті капиталдың жеткіліксіздігінен оны көбейтуге қаражаттарды іздеуге тура келеді, бірақ қойылған нормаларданасатын банктердің меншікті капиталы әлеуеттіжергілікті де шет ел кредиторлары үшін аса сенімді болып көрінеді.

Жалпы айтқанда, бұл туралы нақты айтуға қиын, себебі Қазақстанда қандай базель нормалары және қандай көлемде орнатылатыны туралы алдын ала құжаттар жоқ.

Солай, банк жүйелерінің орнықтылығы мен тұрақтылығын нығайтуда ұлттық реттеуші органдар өте маңызды рөл атқарады деген қорытынды жасауға болады. Базель келісімдерінің барлық кемшіліктері мен ұлттық экономиканың ерекшеліктерін есепке ала отырып, банк секторы реттейтін өзіндік жүйені құрудың негізі ретінде Базель келісімдері қарастырылуы керек.

Қазақстанда соңғы жылдары Базель II енгізілуі жүргізіліп жатыр. Ол,атап айтқандай, капитал жеткіліктілігімен, банктік қадағалау ұйымдастыру принциптарымен және ақпаратты ашу ережелерімен байланысты үш компоненттен тұрады. Қазақстанда әсіресе зерттеумен байланысты емес бірінші компонент белсенді түрде енгізіліп жатыр.

Солай, Базель III және «үлкен сегіздіктің» дағдарысқа қарсы шаралар ұсыныстарға сәйкес және әлемдік қаржы дағдарысына қарсы жауап ретінде жасалынды.


Көптеген сарапшылар жаңа нормативтерді енгізуге қарсы болмай, олардың жалпы, сандық көрсеткіштер болып табылатынын мойындайды, ал дағдарыс банктер мен реттеушілердің сапалы қателіктері салдарынан болды. Сол себепті сарапшылар коэффициенттер тұтастай «компонент 2 (бұл компонентте:тәуекел бойынша жауакершілікті әр банктің директорлар кеңесі алатын, несиелік ұйымның ерекше жағдайларын бағалауғажекетәсілдеме рұқсат етіледі,бірақ қадағалау органдары басқарма бағасының дұрыстығын анықтау талап етіледі) қолдану арқылы толықтырылуы тиіс деп ойлайды.

Сонымен қатар, олар капиталдың құрылымына ғана назар аудару жеткіліксіз және банктік қадағалаумен айналысу керек деп ойлайды.

Атап айтқанда, екінші компонентті Қазақстандағы даму қажет етеді. ҚР ҰБ жаңа енгізулерді енгізуге ұмтылады, яғни Базель комитетінің ұсыныстары шегінде, тексерістердің жаңа әдістерін енгізеді. ҚР ҰБ тәуекел бойынша әр банкті жеке түрде бағалауға дайын екендігін мәлімдеді.


Бірақ банк аудиторлары мойындағандай, тексерістердің нақты деректері мазмұнды түрде тәуекелдерді бағалау үшін инспекторларының қажетті біліктілігі жоқтығын көрсетеді.

Базель келісімінің шарттарын енгізу, сөзсіз, маңызды артықшылықтарға ие, бірақ әлемнің әр түрлі елдерінде оны енгізу жолында бірқатар маңызды мәселелер бар (Сурет 8 қараңыз).



Сурет 8- Әлемде Базель келісімінің шарттарын енгізу жолында туындайтын мәселелер

Жаңа стандарттарға өтудің Қазақстан үшін тиімді жол келесі қадамдардан құралған (Сурет 9 қараңыз).



Сурет 9- Жаңа стандарттарға өтудің Қазақстан үшін оңтайлы жол

Қорыта келе, нақты шаралар қабылдауға банктік қадағалау органына құқық беру өте маңызды, себебі бұл ҚР ҰБ қабылдаған шешімдердің сапасын түбегейлі түрде өзгертуге мүмкіндік береді.

3 Базель келісімдерінің шегіндегі банк жүйесінің тұрақтылығы

3.1 Қазақстан банк секторының қазіргі жағдайы

Бүгінгі таңда Қазақстан банк секторы елдің қаржылық секторының ірі және басым сегменті болып табылады. Банк секторы 35 екінші деңгейдегі банктерден құралған, олардың ішінде шетелдік қатысуымен 16 банк, оның ішінде 13 еншілес банктер.

ҚР екінші деңгейдегі банк активтері 2015 жылдың басында-18239 млрд. теңге (2014 жылдың басында-15 462 млрд. теңге құрады), яғни 2014 жылдың басынан бері өсу-18%болды (Кесте 10 қараңыз) [35].

Кесте 10 -ҚР ЕДБ активтерінің өсімі (2014 -2015 жж.),млрд тг

Банк Атауы	Жалпы өсімі, %-бен		Барлығы	Нарықтағы үлесі, %-бен		
	01.01.2014		Жылдар	01.01.2015	01.01.2014	01.01.2015
	%-бен		01.01.2014			
1	2	3	4	5	6	7
ЕДБ	112,9	2049,3	15839,9	17889,2	100,0	100,0
Capital bank	303,8	43,0	21,1	64,1	0,1	0,4
Qazaq banki	287,1	94,7	50,6	145,3	0,3	0,8
Банк RBK	247,0	340,6	231,6	572,2	1,5	3,2
Азия Кредит Банк	198,1	96,0	97,8	193,8	0,6	1,1
Астана-финанс банкі	159,4	48,3	81,4	129,7	0,5	0,7
Delta bank	148,4	93,2	192,6	285,8	1,2	1,6
Альфа банк	140,5	75,6	186,7	262,3	1,2	1,5
Цеснабанк	138,8	360,9	930,1	1291,0	5,9	7,2
Нурбанк	135,0	88,6	252,4	341,9	1,6	1,9
КЗИ банк	130,6	7,8	25,5	33,4	0,2	0,2
Еуразиялық банкі	130,6	183,5	599,9	783,5	3,8	4,4
Kassa Nova банкі	124,5	14,0	57,1	71,0	0,4	0,4
Сбербанк	123,8	254,4	1070,2	1324,7	6,8	7,4
Kaspi bank	122,1	191,6	867,2	1050,7	5,5	5,9
Тұрғын үй-құрылыс жинақ банкі	119,2	71,1	369,8	440,9	2,3	2,5
RBS Kazakhstan	115,4	8,7	56,4	65,1	0,4	0,4
PNB Қазақстан	114,3	2,0	13,9	15,8	0,1	0,1
Халық банк	109,3	220,9	2368,6	2589,5	15,0	14,5
Казком-БТА	104,8	193,6	4033,2	4226,8	25,5	23,6
БанкЦентрКредит	101,8	18,7	1052,0	1070,7	6,6	6,0
Пакистан НБ	101,2	0,1	5,5	5,6	0,0	0,0
Банк ВТБ	100,5	0,7	139,8	14,5	0,9	0,8
АТФбанк	99,9	-0,9	928,2	927,3	5,9	5,2
Fortebank	99,6	-4,0	904,8	900,7	5,7	5,0

Кесте 10 жалғасы


1	2	3	4	5	6	7
Казинвестбанк	99,1	-0,9	95,20	94,1	0,6	0,5
Al Hilal банкі	97,5	-0,4	14,1	13,7	0,1	0,1
Заман- банк	97,3	-0,4	14,2	13,8	0,1	0,1
Шинхан Банк	97,1-	0,5	17,3	16,8	0,1	0,1
Эксимбанк	96,6	-1,9	56,6	54,7	0,4	0,3
Хоумкредитбанк	92,9	-8,4	117,8	109,4	0,7	0,6
Ситибанк	92,3-	28,7	371,8	343,1	2,3	1,9
Банк позтив	84,1	-3,2	20,2	17,0	0,1	0,1
Қытай банкі	76,0	-38,9	162,4	123,5	1,0	0,1
Қытай ТПБ	63,9	-24,5	67,7	43,2	0,4	0,2
Altyn Bank	32,7	-245,9	365,5	119,6	2,3	0,7

Активтер құрылымындағы ең көп үлесті (жиынтық активтердің 63,4%-ы) 14 184 млрд. теңге соммадағы несие қоржыны алады (2014ж. басында 13348 млрд.тг болған), 2014 жылдың басынан бері өсу-6,3% болды. Ол Кесте 11-де мен сурет 10 -нан көрсетілген [36].

Кесте 11 -ҚР банк секторы жиынтық активтерінің құрылымы


Мерзімі Көрсеткіштің атауы	01.01.2014		01.01.2015		Өсімі,%-бен
	Млрд теңге	Жиынтығында %-бен	Млрд теңге	Жиынтығында %-бен	
Аффинирленген драгметалдар, қолма-қол акшалар, корреспонденттік шоттар	1953,6	9,5	2446,7	10,9	27,6
Басқа банктерде орналастырылған салымдар	465,0	2,3	382,3	1,7	-24,1
Бағалы қағаздар	1916,6	9,3	2075,4	9,3	7,4
Банктік займдар, операциялар, «кері» РЕПО операциялары	13348,2	64,6	14184,4	63,4	6,3
Капиталға инвестициялар	351,7	1,7	486,9	2,2	38,4
Басқа активтер	2623,8	12,7	2794,0	12,5	7,2
Активтер жиынтығы (резервтер мен (провизияларды) қоспағанда)	20659,0	100,0	22369,7	100,0	8,3
Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес резервтер (провизиялар)	-5197,3	-25,2	-4130,7	-18,5	-20,5
Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар, салымдар бойынша резервтер	-3,6	0,0	-1,9	0,0	-47,9
БҚ бойынша резервтер (провизиялар)	-54,9	-0,3	-63,8	-0,3	16,3
Банктік қарыздар мен «кері» РЕПО операциялары бойынша резервтер (провизиялар)	-4643,9	-22,5	-3569,8	-16,0	-23,1
Еншілес және қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар бойынша шығындарды жабуға резервтер (провизиялар)	-116,0	-0,6	-123,1	-0,6	4,4
Басқа банктік қызмет бойынша және дебиторлық берешек бойынша резервтер (провизиялар)	-378,9	-1,8	-372,2	-1,7	-1,3
Активтердің барлығы	15461		18239,0		18,0

Занды тұлғаларға қарыздар несие портфелінің 49,5% үлесімен 7016,2 млрд.теңге құрайды (2014 жылдың басында 7473 млрд теңге немесе несие портфелінің 56,0%-ы құраған), 2014 жылдан бері төмендеу-4,3% болды.



Сурет 10- ҚР банк секторының активтері мен несие портфелінің(негізгі борыш) динамикасы,2013-2016 жж.


Тұтынушылық қарыздар несие портфелінің 16,9% үлесімен 2622,7 млрд. теңге (2015 ж.басында-2639,9 млрд. теңге немесе несие портфелінің 18,6%-ын құрады) болып, 2015 жылдың ішінде төмендеу-0,6% болды. ШОБ-қа қарыздар несие портфелінің 27,3% үлесімен 4242,2 млрд. теңге (2015 ж.басы-3248,1 млрд. теңге немесе несие портфелінің 22,9%-ы болды), 2015 жылдың ішінде өсу-30,6% болды. (Сурет 11 қараңыз).



Сурет 11- 2013-2016 жж. Аралығында ҚР банк секторының ссудалық портфель құрылымы (%-бен)


Жеке тұлғаларға қарыздар несие портфелінің 26,1% үлесімен 3707,9 млрд. теңге құрайды (2014 ж.басында-3297 млрд. теңге немесе 24,7% болды), 2014 ж.бастап өсу-11,7% болды.

NPL-жұмыс істемейтін қарыздар (90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар) 1236,9 млрд. теңге немесе несие портфелінің 8,0%-ы (2015 ж.басында-3340,2 млрд. теңге немесе несие портфелінің 23,5%-ын құрап) болды. Несие портфелі бойынша провизиялар 1647,8 млрд. теңге немесе несие портфелінің 10,6%-ы көлемінде (2015 ж.басында-3569,8 млрд. теңге немесе несие портфелінің 25,2%-ы) болды (Сурет 12 қараңыз) [36].



Сурет 12- ҚР банк секторы несие портфелінің және 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздарының динамикасы

ҚР екінші деңгей банктерінің міндеттемелері 21290,2 млрд. теңге құрап (2015 ж.басы-15873,2 млрд. теңге), 2015 ж.ішінде өсу-34,1% болды. ЕДБ-ң жинтық міндеттемелеріндегі ең көп үлесті клиенттердің салымдары-73,3% және айналысқа шығарылған бағалы қағаздар алады-9,9% (Сурет 13 қараңыз) [36] .



Сурет 13- ҚР банк секторының міндеттемелерінің динамикасы, 2013-2016 жж.

ҚР ЕДБ-ң ҚР бейрезиденттері алдындағы міндеттемелері 2095,4 млрд. теңге немесе жиынтық міндеттемелердің 9,8%-ын құрайды.

Клиенттердің салымдары 15605,1 млрд. теңге немесе жиынтық міндеттемелердің 73,3%-ы болды (2015 ж.басы-11351,0 млрд. теңге немесе жиынтық міндеттемелердің 71,5%-ы), 2015 ж. ішінде өсу-37,5% болды. Заңды тұлғалардың салымдары 8719,6 млрд. теңге немесе клиенттер салымдарының 59,9%-ы болды (2015 ж.басы-6908,6 млрд. теңге немесе клиенттер салымдарының 60,9%-ы), 2015 ж. ішінде өсу-26,2% болды. Жеке тұлғалардың салымдары 6885,5 млрд. теңге немесе клиенттер салымдарының 44,1%-ы болды (2015 ж.басы- 4442,5 млрд. теңге немесе клиенттер салымдарының 39,1%-ы), 2015 ж. ішінде өсу-55,0% болды. Оны Кесте 12-де көруге болады [36].


Кесте 12 - ҚР банк секторының клиенттердің салымдары

Көрсеткіш	Жылдар								
	01.01.2014			01.01.2015			01.01.2016		
	барлығы	Оның ішінде шетел валютасында	Барлығын дағы үлесі, %-бен	барлығы	Оның ішінде шетел валютасында	Барлығын дағы үлесі, %-бен	барлығы	Оның ішінде шетел валютасында	Барлығын дағы үлесі, %-бен
Барлық салымдар :	9844,9	3664,8	37,2	11351,0	6557,8	57,8	16605,1	10805,3	69,2
-заңды тұлғалардың салымдары	5895,5	1927,4	32,7	6908,6	3562,6	51,6	8719,6	5359,1	61,5
-жеке тұлғалардың салымдары	3949,4	1737,4	44,0	4442,5	2995,2	67,4	6885,5	5446,3	79,1

Заңды тұлғалардың шетел валютасындағы салымдарының үлесі жыл басындағы 51,6%-дан есепті үнгі 61,5%-ға дейін ұлғайды. Жеке тұлғалардың шетел валютасындағы салымдарының үлесі жыл басындағы 67,4%-дан есепті үнгі 79,1%-ға дейін артты (Сурет 14 қараңыз) [36].

Сонымен, ҚР банк секторының макроэкономикалық көрсеткіштері келесідей болады: банк секторы активтерінің ЖІӨ-гі үлесі 57,6% құрайды; несие портфелінің ЖІӨ-гі үлесі 37,7%; клиенттер салымдарының ЖІӨ-гі үлесі-37,8% болды.

Банк секторының шоғырлануы (концентрация): 5 ірі банктің ЕДБ активтеріндегі үлесі-59,2%; 5 ірі банктің жиынтық несие портфеліндегі үлесі-63,4%; 5 ірі банктің жиынтық клиенттер салымдарындағы үлесі-60,6% болды.



Сурет 14- ҚР банк секторының шетел валютасындағы салымдарының динамикасы,2013-2015жж.(қаңтар айына)

Қазақстан банк нарығы күрделі өзгерістерді басынан өткізуде, яғни құрылым өзгеріп, «ойын ережелері» қатаң жаққа өзгеріп, түрлі шаралар қабылдануда. 2014 жыл елдің қаржылық секторы үшін әзірше бағалауға қиын түрлі оқиғаларға толы болды. Нарықтың ірі банктері-Казкоммерцбанк пен БТА Банктің бірігуі, Альянс Банк, Темірбанк және ForteBank консолидациясы, сөзсіз, маңызды және бұрыннан болжанылған оқиғалар деп айтуға болады. Бұл қосылулар болашақта нарықтағы стратегия позициясын өзгерте алады, сонымен қатар көптеген қайта құрылымдаудан кейін шетел капиталының сенімін қайтара алады.

3.2 Қазақстандағы екінші деңгейдегі банктердің пруденциалдық нормативтерді орындауы

Меншікті капитал жеткіліктілігі. Меншікті капитал 2990,0 млрд. теңге көлемінде құрады (2014 жылдың басы-2629,2 млрд. теңге), 2014 жылдан беру өсу-11,8% болды (Кесте 13 қараңыз) [36].

Кесте 13- ҚР банк секторының меншікті капитал жеткіліктілігі

Көрсеткіш атауы		2014ж.		2015ж.		2016ж.(қаңтар)	
		Млрд теңге	%	Млрд теңге	%	Млрд. теңге	%
1		2	3		4	5	6
І деңгей капиталы, соның ішінде		1865,6	77	2468,5	82,5	2516,8	82,3
	Негізгі капитал	-	-	2353,2	78,7	2393,2	78,3
	Қосымша капитал	-	-	115,3	3,8	123,6	4,0

Кесте 13 жалғасы

Қосымша 13-жаңа асы						
1	2	3		4	5	6
2 деңгей капиталы	637,0	26,3	521,9	17,5	540,8	17,7
3 деңгей капиталы	2,0	0,1	-	-	-	-
Меншікті есепті капитал барлығы	2423,3	100,0	2990,5	100,0	3057,6	100,0
K1-1 меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті	-	10,0-	-	12,8-	-	12,5
K1-2 меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті	-	12,1-	-	13,5-	-	13,1
K2 меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті	-	16,3-	-	16,3		15,9

Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттері: K1-1-12,5%; K1-2-13,1%; K2-15,9%. Жоғарыөтімді активтер 5043,1 млрд.теңге немесе активтердің 21,2%-ын құрады (2015 жыл басы-3362,0 млрд.теңге болды), 2015 ж. ішінде өсу-50,0%. Банк секторының өтімділігі Кесте 14–тегі көрсеткіштерімен сипатталады [36].


Кесте 14 -ҚР банк секторының өтімділік динамикасы

Көрсеткіш атауы	Жылдар		
	2014	2015	01.01.2016
К4 ағымдағы өтімділік коэффициенті (мін мәні 0,3)	0,901	0,924	1,165
К4-1 өтімділік коэффициенті (мін мәні -1)	5,210	4,119	4,552
К4-2 мерзімді өтімділік коэффициенті (мін мәні 0,9)	2,992	2,942	2,984
К4-3 мерзімді өтімділік коэффициенті (мін мәні 0,8)	2,254	2,305	2,308
Өтімділігі жоғары активтер	2676,4	3362,0	5043,1
Өтімділігі жоғары активтердің жиынтық активтерге қатынасы, %	17,3	18,4	21,2
Валюталық өтімділік динамикасы			
К4-4 мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті (мін мәні 1) «А» төмен емес тәуелсіз рейтингі бар елдердің шетел валюталары бойынша	14,735	15,407	6,719
Ресей рублі	12,864	32,911	10,937
К4-5 мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті (мін мәні 0,9) «А» төмен емес тәуелсіз рейтингі бар елдердің шетел валюталары бойынша	6,871	6,454	3,219
Ресей рублі	9,128	16,829	16,621
К4-6 мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті (мін мәні 0,8) «А» төмен емес тәуелсіз рейтингі бар елдердің шетел валюталары бойынша	3,308	2,733	2,395
Ресей рублі	6,981	10,878	8,272

ҚР банк секторындағы ағымдағы өтімділік коэффициенті 2016 ж. 1 қаңтарына 1,165 болды, ал 2014 ж. 0,901 құрады, бұл коэффициенттің, өтімділігі

жоғары активтердің өсуінен, яғни елімізде соңғы үш жылда валюталық өтімділікті жоғарылату бойынша шаралар қабылданып, банктердің қазіргі жағдайда өз өтімділігін сақтап, қалыпты деңгейде ұстап тұратынына көз жеткізуге болады.

Ал мерзімді валюталық өтімділік соңғы үш жылда азайып, банктің төлем қабілеттілігі, яғни ҚР ЕДБ өз міндеттемелерін өте қысқамерзімде өтеуге әзірлеуге (әсіресе банкаралық нарықта несиелер мен қарыздарды алу мен өтеу мүмкіндіктері) дайын емес екенін көруге болады.



Сурет 15- ҚР банк секторының баланс бойынша меншікті капитал құрылымы (2014-2016 жж. млрд теңге)

Ал Сурет 10 сәйкес, ҚР банк секторының баланс бойынша меншікті капитал құрылымындағы ағымдағы жылдың бөлінбеген таза пайдасы, жарғылық капиталы мен резервтік капитал соңғы үш жылда төмендеді, ал өзге қаражаттар керісінше, артты.

Банктердің пруденциалдық нормативтерді орындауы олардың қызметі мен сапасына едәуір әсер етеді. ҚР ЕДБ пруденциалдық нормативтерді орындауы Кесте 15–те көрсетілген. 2015 ж. 1 желтоқсан айында ҚР 35 ЕДБ болды (ал 2015 ж. басында 38 ЕДБ болды).

Кесте 15 сәйкес екінші деңгейлі 35 банктерден «Пәкістан Ұлттық Банкінің» Қазақстандағы ЕБ АҚ пруденциалдық нормативтерді орындаған жоқ.

Меншікті капиталы ең көп «КАЗКОММЕРЦБАНК» АҚ-да, ал ең аз «Пәкістан Ұлттық Банкінің» Қазақстандағы ЕБ АҚ-да. Ағымдағы валюталық өтімділігі жоғары банктер-«Punjab National Bank»-Қазақстан ЕБ, Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі мен KASPI BANK АҚ.

Кесте 15 -Қазақстандағы екінші деңгейдегі банктердің пруденциалдық нормативтерді орындауы (01.12.2015ж. мың теңге)

№	Екінші деңгейлі банк атауы	меншікті капитал	меншікті капитал жеткіліктігі коэфф. k1	меншікті капитал жеткіліктігі коэфф. k2	банкпен ерекше қабайланысты емес бір заемшыға тәуекелдің барынша жоғары мөлшері коэфф. k3	ағымдағы өтімділік коэфф. k4	валюталық позицияны орындау (иә/жоқ)	пруденциалдық нормативтерді орындау (иә/жоқ)
	1	2	3	4	5	6	7	8
1	Казкоммерцбанк АҚ	601978324	0,090	0,138	0,169	0,668	иә	иә
2	Қазақстан Халық Банкі АҚ	490128977	0,178	0,180	0,239	1,609	иә	иә
3	БанкЦентрКредит АҚ	167806609	0,070	0,152	0,138	0,981	иә	иә
4	АТФбанк АҚ	163696545	0,083	0,181	0,204	1,161	иә	Иә
5	«Ресей Жинақ банкі» АҚ ЕБ	159062305	0,098	0,113	0,268	1,186	иә	Иә
6	Цеснабанк АҚ	166994613	0,073	0,101	0,218	0,872	иә	Иә
7	ForteBank АҚ	185983784	0,189	0,219	0,243	2,506	иә	Иә
8	KASPI BANK АҚ	193232215	0,110	0,204	0,113	6,491	иә	Иә
9	Еуразиялық банк АҚ	90899807	0,084	0,109	0,246	0,878	иә	Иә
10	Ситибанк Қазақстан АҚ	93646573	0,663	0,663	0,161	1,173	иә	Иә
11	Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі	114337252	0,446	0,446	0,111	20,285	иә	Иә
12	Нұрбанк АҚ	47411728	0,169	0,186	0,215	0,640	иә	Иә
13	Altyn BankАҚ	32292460	0,273	0,273	0,234	1,414	иә	Иә
14	Delta Bank АҚ	49839617	0,153	0,153	0,207	1,651	иә	Иә
15	Альфа-банк ЕБ АҚ	42412714	0,114	0,143	0,160	1,009	иә	Иә
16	Қазинвестбанк АҚ	13388658	0,128	0,150	0,221	1,055	иә	Иә
17	Банк ВТБ АҚ ЕҰ	19092437	0,103	0,136	0,215	1,605	иә	Иә
18	Bank RBK АҚ	72335865	0,077	0,097	0,308	0,669	иә	Иә
19	«RBS» ЕБ АҚ	12260568	0,779	0,779	0,041	1,598	иә	Иә
20	Хоум Кредит Банк АҚ ЕБ	28123876	0,213	0,213	0,219	7,563	иә	Иә
21	ЭКСИМБАНК КАЗАХСТАН АҚ	14972242	0,181	0,212	0,246	0,401	иә	Иә
22	Қазақстандағы Қытай Банкі АҚ	23225947	0,855	0,855	0,165	1,131	иә	Иә
23	Азия Кредит Банк АҚ	23848509	0,150	0,150	0,232	1,669	иә	Иә
24	Астана-финанс банкі АҚ	23150184	0,111	0,111	0,186	0,428	иә	Иә
25	Қытай СӨБ	14343319	0,305	0,305	0,214	0,487	иә	Иә

	1	2	3	4	5	6	7	8
26	Банк Kassa nova АҚ	15096655	0,160	0,222	0,160	2,149	иә	Иә
27	ҚЗХ Банкі ЕБ АҚ	20559087	0,448	0,448	0,229	2,014	иә	Иә
28	Заман-Банк АҚ	11893056	0,640	0,640	0,188	3,489	иә	Иә
29	БанкПозитив Қазақстан АҚ	11616740	0,409	0,409	0,246	1,097	иә	Иә
30	Шинхан Банк Қазақстан АҚ	12058570	0,816	0,816	0,216	0,845	иә	Иә
31	«Punjab National Bank»-Қазақстан ЕБ	22170253	0,665	0,665	0,193	25,353	иә	Иә
32	«Qazaq Banki» АҚ	22190563	0,105	0,105	0,248	0,385	иә	Иә
33	Al Hilal Ислам Банкі АҚ	12024694	0,624	0,624	0,246	1,865	иә	Иә
34	Capital Bank АҚ	13587267	0,176	0,176	0,259	0,502	иә	Иә
35	Пәкістан Ұлттық Банкінің Қазақстандағы ЕБ АҚ	4817133	0,847	0,847	0,077	2,427	иә	жоқ

Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенттері «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫТАЙ БАНКІ» ЕБ АҚ-да ең жоғары мөлшерде. Валюталық позицияны барлық банктер орындады. Банкпен ерекше қатынасқа байланысты емес бір қарыз алушыға тәуекелдің барынша жоғары мөлшері коэффициенті «Bank RBK» АҚ-да ең жоғары.

3.3 Қазақстандық және Базель стандарттарына сәйкес өтімділікті бағалау көрсеткіштері және оларды есептеу әдістемесі

Отандық экономика дамуымен және оның әлемдік қоғамдастыққа интеграциялануына байланысты, сонымен қатар ішкі мен сыртқы нарықтың күшейтілген талаптарының дамуына байланысты банк жүйесі мен қызметінің механизмдері мен әдістері жаңғыртыла бастады, банктердің ескі бизнес-модельдері жетілдіріліп, жаңа бизнес-модельдері жасалынып, сонымен қоса елдің банк жүйесінің қаржылық жағдайын талдау мен бағалаудың жаңа әдістері енгізілуде. [37].

Бүгінгі таңда пруденциалдық нормативтерді есептеу үшін ҚР коммерциялық банктері 30.09.2005ж бекітілген «екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтерді есептеу әдістемесі мен нормативті мән туралы Нұсқаулық») нұсқауларын қолданады.

Қазіргі кезде қазақстандық коммерциялық банктер өзінің өтімділігін бағалауды келесі коэффициенттер негізінде жүргізеді:

- банктің ағымды өтімділік коэффициенті-к4;
- банктің мерзімді өтімділік коэффициенті-к4-1, к4-2 пен к4-3;
- банктің мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті-к4-4, к4-5 пен к4-6.

Бұл көрсеткіштердің әрбіреуі өз функциясын атқарады және белгілі бір уақыт аралығында банк қаншалықты деңгейде өтімді және төлем қабілетті болатынын, нарықтық экономика жағдайларында банк қаншалықты деңгейде тұрақты екенін көрсетеді.

ҚР ҰБ ҚҚК нұсқаулығына сәйкес, банктің ағымды өтімділік коэффициенті-к4 өтімділігі жоғары активтердің талап етуге дейінгі банк міндеттемелеріне қатынасы арқылы анықталады.

Оның мәні 0,3 кем болмау керек. Аталған коэффициент нақты бір уақытқа банк балансының өтімділігін сипаттайды.

Ол нақты мерзімге өтімді қаражатар қорын, барлық кредиторлар мен инвесторлар бір уақытта қажет ете алатын міндеттемелерді сипаттап, анықтап, әр күн, әр сағат сайын өзгеріп отырады.

Мерзімді өтімділік коэффициенті-к4-1 көбінесе, банктің төлем қабілеттілігін сипаттайды, яғни банктің өз міндеттемелерін өте қысқа мерзімде өтеуге әзірлігін (әсіресе банкаралық нарықта несиелер мен қарыздарды алу мен өтеу мүмкіндіктері) сипаттайды.

Берілген көрсеткіш өтімділігі жоғары активтердің өтеу мерзімі жеті күнге дейін міндеттемелеріне қатынасы арқылы анықталады. Коммерциялық банктер үшін минималды мән 0,9 деңгейінде бекітіледі.

к4-2 пен к4-3 мерзімді өтімділік коэффициенттері үлкен уақыт аралығын қамтитындықтан, өтімділікті ағын ретінде бағалайды. к4-2 мерзімді өтімділік коэффициенті өтімді активтер мен өтеу мерзімі бір айға дейін міндеттемелерді есепке алады, ал к4-3 коэффициенті өтімді активтер мен өтеу мерзімі үш айға дейін міндеттемелерді есепке алады.

Нормативтердің мәні 0,8 бен 0,7 деңгейінде сәйкес бекітіледі. Аталған нормативтерді орындау қысқамерзімді уақыт аралығында сомма мен мерзім бойынша банктің активтері мен пассивтері қаншалықты деңгейде теңдестірілгенін, банктің дереккөздері мен салымдарының құрылымы қаншалықты деңгейде жақсы жоспарланғанын, ағымдық төлемдер мен түсімдерді банк қызметкерлері қаншалықты деңгейде дұрыс болжайтынын көрсетеді.

Сонымен қатар ҚР ҰБ ҚҚК к4-4, к4-5 пен к4-6 мерзімді валюталық өтімділік коэффициенттерін белгілейді. Олар жоғарыда айтылған к4-1, к4-2 пен к4-3 коэффициенттері сияқты, бірақ шетел валютадағы активтер мен міндеттерді есепке алып есептеледі.

Мерзімді валюталық өтімділік коэффициенттері Standard & Poor's агенттігінің «А»-дан төмен емес дербес рейтингі немесе басқа да агенттіктердің соған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары бойынша жиынтықта есептеледі[38].

Коммерциялық банктердің пруденциалдық нормативтерді орындауға жоғары талаптар нарықтың сұраныстарына сәйкес келеді және банктерге болашақ қаржылық дағдарыстарға аса тұрақты болуға, тым осал(уязвимыми) болмауға мүмкіндік беретіні туралы айта кету керек.

Бірақ ҚР-ғы екінші еңгейлі банктердің нұсқаулықта көрсетілген өтімділік нормативтерін орындауы әлемдік қаржылық дағдарыс кезінде банктік жүйенің тұрақтылығын дұрыс қамтамасыз ете алмады.

Барлық нормативтерді формалды түрде орындаған көптеген банктер өтімділік пен меншікті капитал жетіспеушілігіне тап болды, яғни қаржыландырудың сыртқы көздеріне қолжетімділік шектеулі болды.

Бүгінгі таңда коммерциялық банктердің барлық нормативтерді орындауына қарамастан, несиелік портфель сапасының проблемалары және активтер мен пассивтер арасындағы теріс GAP позиция бойынша мәселелері әлі де шешілмеді.

Соған орай, нарықтың жаңа сұраныстарына сай болу үшін әрбір банкке өзінің бизнес-моделін қайта қарастыру керек, ал қадағалау органдарына өтімділік пен капитал жеткіліктілігінің нормативтерін бағалаудың (берілген көрсеткіштердің сапалысипаттамасын көрсететін сандық бағамен қоса) аса тиімді әдістерін өндіру мен қабылдау керек.

Базель III халықаралық стандарттарына сәйкес, өтімділік тәуекелін бағалау көрсеткіштері мен оларды есептеудің әдістемесі.

Комитеттің жауап реакциясы ретінде 2010 ж. қабылданған екі құжат-«Базель III: банктік жүйелер мен банк тұрақтылығын көтеруге жалпы реттеу тәсілдемелері» және «Базель III: мониторинг, стандарт пен өтімділік тәуекелдерін бағалаудың халықаралық стандарттары» болды.

Берілген стандарттарда меншікті капитал мен банк тімділігін реттеу бойынша жаңа талаптар ұсынылған.

Комитет құжатта өтімділік тәуекелін бағалаудың екі көрсеткіштерін-өтімділік көрсеткіші LCR мен таза тұрақты қорландырудың көрсеткіші NSFR (Net Funding Stability Ratio), оларды есептеу әдістемесін, сонымен қатар мониторинг құралдарын сипаттап қарастырады.

Бірінші көрсеткіш-30 күн ішінде банктің өтімді қаражаттар қажеттілігін қамтамасыз ету үшін ақшалай қаражаттарға жеңіл конверсиялауға болатын необремененный жоғары өтімді активтердің қажетті деңгейін банктер қолдау мақсатында қысқамерзімді өтімділік көрсеткіші LCR (Liquidity Coverage Ratio) енгізіледі.

Ол стресстік сценарий бойынша жағдай орнаған кезде жақын 30 күннің ішінде банк өзінің қызметін жүргізудің мүмкіндіктерін бағалауға мүмкіндік береді [39]. LCR өтімді активтердің таза ақшалай кері ағынына қатынасын білдіреді. 100% мөлшердегі көрсеткіш мәні минималды болып келеді және қадағалау органдары қарауымен артуы мүмкін.

$$LCR=(2)$$

Берілген нормативтерді орындау үшін жоғары өтімді активтер мен өтімділіктің күтілеін 30 күндік кері ағыны арақатынасы банкте 100% кем емес болуы талап етіледі.

Сонымен қатар банктер осы нормативті ылғи орындауы керек деп көзделіп отыр.

Нақты бір банк үшін LCR анықтау үшін ондағы жоғары өтімді активтер көлемін және өткізілген стресс-тестілеу нәтижелеріне сәйкес, өтімділік кері ағынының болжанған көлемін есептеу керек.

Юрисдикциялардың көбінде жоғары өтімді активтер орталық банкке кепілдік ретінде қабылдануы тиіс, сонымен қоса, олар стресс кезеңінде нарықта өтімді болуы керек.

Банктер иелігіндегі өтімді активтер ұсынылған стресс-сценарийге сәйкес, кемінде, бір айдың ішінде банкке өз қызметін жалғастыруға мүмкіндікті қамтамасыз етуге тиісті.

Банк өтімділігі проблемаларын жою бойынша банк басқармасы немесе қадағалау органдары сәйкес шараларды қабылдау үшін бұл уақыт жеткілікті болады деп есептеледі, әйтпесе банк санация немесе белгіленген тәртіпте қайта құрылымдауға (реструктуризации) ұшырайды.

Ақшалай қаражаттардың таза кері ағыны ақшалай қаражаттардың жалпы кері ағыны ретінде түсімдері қарастырылатын уақыттағы стресстік сценарийге сәйкес анықталады. Ақшалай қаражаттардың күтілетін жалпы кері ағындары әр түрлі категориялардың тартылған қаражаттардың өтелмеген қалдықтарын сәйкес коэффициенттерге (көрсетілген қаражаттардың жылыстауының ықтималдықтарына қарап) көбейту арқылы анықталады. Сонымен қатар есепке баланстан тыс міндеттемелер енгізіледі.

Ақшалай қаражаттардың кері ағындарының мөлшерін есептегенде, пассивтердің үш негізгі тобы есепке алынады: бөлшек депозиттер, қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген корпоративтік қорландыру.

Бұдан басқа, LCR шамасын есептеу бір валютада жүргізілуі тиіс, бірақ банктер әр түрлі валютада жоғары өтімді активтерді иелене алады деп жоспарлануда.

Стресс-тестілеу кезінде банктер дағдарыс болған жағдайда банктрдің сыртқы валюталық нарықтарға қолжетімділік елеулі түрде шектеулі болатындығын, ал валюта бағамдарының күрт ауытқулары олардың өтімділігі үзілістерін(разрыв) арттыратындығын есепке алу қажет.

LCR есептегенде, ақшалай қаражаттардың ағын (приток) шамасын анықтау үшін келесі операциялар есепке алынады:

1. Кері РЕПО мәмілелері мен 1-ші деңгейлі (0% дисконтпен) активтер қамтамасыз етілуімен басқа операциялар; 2-ші деңгейлі активтер (15% дисконтпен) қамтамасыз етілуімен, басқа активтер (100% дисконтпен) қамтамасыз етілуімен.

2. Басқа қаржылық институттардағы банктің ағымдық депозиттік операциялары (0% дисконтпен)

3. Жеке тұлғалар мен қаржылық емес кәсіпорындардан түсімдер (100% дисконтпен).

4. Қамтамасыз етілуі жоқ келісімшарттар бойынша қаржылық институттардан түсімдер (100% дисконтпен).

Сонымен қоса, басқа банктер мен қадағалау органдары ақшалай қаражаттардың кері ағыны мен түсімдер мерзіміндегі аралықты жабу үшін өтімді активтердің жеткіліктілігін қамтамасыз ету керек.

Қысқамерзімді өтімділік LCR көрсеткіші 2015 ж. 1 қаңтарынан «міндетті» ретінде енгізуге жоспарланған (Кесте 16 және Кесте 17 қараңыз) [40].

Кесте 16 -LCR көрсеткішін енгізудің жоспарланған мерзімі

Years	2015	2016	2017	2018	2019
Minimum LCR requirement	60%	70%	80%	90%	100%

Өтімділіктің бұл коэффициенті қоғаммен талқыланатын маңызды тақырып болып табылады және коммерциялық банктер жағынан сынға түсуде. Олар дағдарыс кезінде іске асыруға шектеу қойылған резервтік активтер едәуір құнсыздануы мүмкін, ал бұл сол активтердің қолданыстан шығуына әкеледі деп ойлайды. LCR көрсеткішін енгізу банктердің рентабельділігінің төмендеуіне де әсер етеді. Дегенмен, бұл депозиттерді алу (изъятие) тәуекелін төмендетуге және жаңа инвесторларды тартуға көмектеседі.

Кесте 17- LCR көрсеткішін енгізудің нәтижесі

-депозиттерді алу (изъятие) тәуекелі төмендетілген болуы керек. Ал бұл, өз кезегінде, қаржылық сектордың қаржылық тұрақтылығын жақсартады.	-LCR коэффициентін енгізу рентабельдікке теріс әсерін тигізе алатын, өтімділікті жабу коэффициенттері талаптарын орындау үшін елеулі аса өтімі кірістілігі төмен активтерді қолдауды банктерден талап етеді.	-ұзақмерзімді қаржыландыруға сұранысты арттыруға әкелетін өз қаржыландырудың профилін банктер өзгертеді. Мұндай қаржыландыруды институционалды инвесторлардан тарту қолжетімсіз болуы мүмкін, себебі институционалды инвесторлар әдетте қаржылық секторға өз инвестицияларын азайтуға тырысады.	-ұлттық қадағалау органдары жүргізетін «дұрыс» ақшалардың кері ағыны («right run-off rate») деңгейлерінің интерпретациясы сансыз көп пікірталастарға әкелуі мүмкін.
--	--	---	---

Халықаралық стандарттарда ұсынылған басқа көрсеткіш-таза тұрақтылық қаржыландырудың көрсеткіші NSFR (Net Funding Stability Ratio) 1 жыл уақыт аралығындағы өтімділікті бағалауға банкке мүмкіндік береді.

Ол баланстан тыс міндеттемелерді орындағаннан өтімділік қайнар көздерін іздеу қажеттілігінің пайда болу ықтималдығы мен қорланатын активтердің өтімділік деңгейіне байланысты қажыландырудың орта, ұзақмерзімді, тұрақты қайнар көздері сомасын бағалау мақсатымен енгізіледі. Бұл көрсеткіштің арналымы-тұрақты құрылымдық негізде аса тұрақты көздерден банктердің өз қызметін қаржыландыруға қосымша стимул құру арқылы ұзақмерзімді болашаққа икемділікті көтеру.

Таза тұрақты қаржыландырудың NSFR көрсеткіші иеленудегі қаржыландырудың тұрақты көздері мен тұрақты қаржыландырудың қажетті көлеміне қатынасы ретінде анықталады және ол 100% жоғары болуы керек.

$$NSFR = \frac{\text{қолжетімді тұрақты қаржыландырудың көлемі}}{\text{тұрақты қаржыландырудың талап етілетін көлемі}} (3)$$

Бұл көрсеткіш инвестициялық активтер, баласнан тыс статьялар, секюритизирленген және басқа да активтер олардың өтімділік деңгейлері жағынан тұрақты пассивтер көлемінің есебінен қаржыландырылатындай етіп құрастырылған.

Таза тұрақты қаржыландырудың көрсеткіші нарықтағы өтімділігі мол болған кездегі (избыток) қаржыландырудың ірі көздеріне шамадан тыс тәуелді болудың шектеуге бағытталған және барлық баланстың және баланстан тыс статьялар бойынша өтімділік тәуекелін нақты бағалауға жәрдемдеседі.

Мұндай тәсіл өтімділік көрсеткішінің мүмкін күрт нашарлануын азайтуға және қадағаланған тәртіпте белгіленген нормативті кезеңнен кейін мерзімі келетін қаржыландырудың қысқа мерзімді қайнар көздері есебінен банктердің өтімді активтер қорын құрудың алдын алуға көмектеседі (Кесте 18 қараңыз) [40].

Кесте 18- NSFR көрсеткішін енгізудің нәтижесі

-NSFR коэффициенті қысқа мерзімді қорландыруға банктердің тәуелділіктерін азайтуға, аралас қаржыландырудың тұрақтылығын арттыруға банктерді ынталандырады.	-банктерге мерзімі 1 жылдан артық, банкаралық және корпоративтік депозиттер пропорциясын арттыру қажет болады, бірақ қазіргі кезде мерзімді берешектерге «тәбеті» шектеулі.	-Көптеген банктерге мерзімі 1 жыл, банкаралық депозиттер үлесін арттыру қиын болады (нарықтағы шектеулі сұраныс). Ал бұл көп жағдайда қаржыландыруға жоғарытылған шығындарға әкеледі.	-Активтер құрамын өзгерту жолымен NSFR коэффициентін басқару қысқа мерзімді активтер үлесінің артуына және кірістіліктің төмендеуіне әкеледі.	-NSFR коэффициенті жоғары, аса күшті банктер активтер бойынша нарықтық баға белгілеуге әсер ете алады, яғни әлсіз банктердің бәсекеге қабілеттілігі төмендеп, бәсекелестіктің жалпы деңгейі де төмендейді.
--	---	---	---	--

«Тұрақты қаржыландыру» деп тұрақты стресс кезінде бүкіл жыл бойы қаржыландырудың сенімді қайнар көздері болып табылатын меншікті капитал мен тартылған қаражаттарды айтады (Кесте 19 қараңыз) [41].

Ұсынылатын стандарттардың ерекшелігі стресс-тестілеу элементтерін қолдану болып табылады, яғни стресс кезінде нормативтер жүйелік деңгейде де, ішкі проблемаларды тудырған банк үшін жеке стресс кезінде де жұмыс істеуі керек.

Комитет «берілген NSFR коэффициенті 2018 ж. 1 қаңтарынан бастап минималды стандарт болуы тиіс»-деп шешті.

Сарапшылар «коэффициенттің негізгі кемшілігі-нарықтағы ұзақмерзімді қайта қаржыландыруды іздеу қиындықтары салдарынан банктердің ұзақмерзімді несиелерді беру қабілетінің төмендеуі»-деп атап кетті.

Кесте 19- Банк үшін қорландырудың көздері және банктің тұрақты қорландыру қажеттілігі

Тұрақты қорландырудың қолжетімді көздері	Қолжетімділіктің коэффициенті, %	Тұрақты қорландыруға қажеттілік	Дисонт коэффициенті, %
1	2	3	4
1-ші және 2-ші деңгейлі капитал; басқа капитал мен міндеттемелер.	100	Ақшалай қаражаттар. Белсенді түрде саудаға түсетін қысқамерзімді қамтамасыз етілмеген құралдар. Кері РЕПО мәмілелері бойынша үшін қолданатын бағалы қағаздар.	0
Кіші бизнес, жеке тұлғалардың 1 жыл немесе одан аса тұрақты депозиттері.	90	Билік органдарымен, орталық банктермен, Халықаралық есептеу банкімен, ХВҚ(МВФ), Еуроодақ комиссиясымен кепілдікті немесе айналысқа шығарылған борыштық міндеттемелер.	5
Кіші бизнес және жеке тұлғалардың тұрақты депозиттері.	80	Қамтамасыз етілмеген облигациялар, билік органдарының, мемлекеттік кәсіпорындардың борыштық міндеттемелері	20
Даму банктері мен кәсіпорындардан, қаржыландыру.	50	«А+»-тан «А-» дейінгі рейтингі бар қаржылық емес ұйымдардың бағалы қағаздар немесе қамтамасыз етілмеген облигацияларына шек қойылмады. Алтын.	50
Жоғарыда енгізілмеген басқа міндеттемелер мен қаржылық құралдар қолжетімділігінің коэффициенттері.	0	Мерзімін өткізіп алмаған ипотекалық несиелер мен кешіктірілген басқа несиелер,	65
		Кіші бизнес және жеке тұлғаларға өтеу мерзімі 1 жылдан кем басқа несиелер	85
		Барлық қалған активтер.	100

Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштерден басқа, Комитет өтімділік мониторингінің құралы ретінде, келісімдердің шарттарына сәйкес, төлемдер мен түсімдердің мерзімдерінің үйлесімділігі қаржыландырудың шоғырлануы және иеленудегі бар, ауыртпалық түсірмейтін активтер көрсеткіштерін қолдануға қадағалау органдарын міндеттейді.

Базель ұсыныстарына сәйкес, аталған көрсеткіштердің есептеуі мен нәтижелерді ұсыну бір айда бір реттен кем емес жүргізілуі тиіс. Бірақ банктік қадағалау талаптары бойынша стресстік жағдай болған кезде, көрсетілген есепті әр апта сайын, тіпті әр күн сайын жүргізу мүмкіндігі банкте болу керек.

Солай, Базель комитетімен мониторинг құралдары мен өтімділік тәуекелін бағалау бойынша LCR мен NSFR көрсеткіштерін енгізу коммерциялық банктердің өтімділік тәуекеліне шалдығуының азаюын қамтамасыз ете алады. Бірақ жоғары өтімді активтердің шамадан тыс үлкен қорлары мен жоғары мәндері банктік операциялардың тиімділігі мен пайдалылықтың төмендеуіне, яғни коммерциялық банктердің кірістілігінің азаюына әкелуі мүмкін.

4 Қазақстан Республикасында Базель III енгізудің болашағы

4.1 Қазақстан банк жүйесіне өтімділіктің халықаралық көрсеткіштерін енгізудің болашағы мен қиыншылықтары

Жасалған базель принциптері кеңауқымды және халықаралық сипатқа ие, сондықтан Комитет әлемдік банк жүйелеріне Базель III өтудің 2012 жылдан 2019 жылға дейін кезеңдік жоспарды құрды. Көптеген сарапшылар пікірінше, әлемдік қаржылық салаға банк жүйелерінің интеграциясы ұлттық экономикаларға халықаралық банк операцияларының теңқұқылы қатысушылары болуға мүмкіндік береді. Бұл банктік қадағалаудың принциптерін өзгертеді және бәсекелестік артықшылықтарды қолдану арқылы, шетел инвесторлардың сенімін нығайта, ұлттық экономикалардың жаңғыртуы болады.

Moody's Analytics компаниялардың бас директоры П.Э.Шанабель «халықаралық Базель III нормативтерін енгізу коммерциялық банктер үшін мүмкіндік те, проблема да болып табылады»-деп мәлімдейді [41].

Базель III нормативтерін енгізу кезінде әрбір ұйым таңдау жасай алады және екі әдістің біреуін пайдалана алады-әрекет етуші ортаны кеңейту және жаңа нормативті-құқықтық базаны кеңейту. Сарапшының пікірінше, бірінші әдіс коммерциялық банк үшін мерзімдері мен шығындарына қатысты ұтымды және үнемді болады, яғни қолданылатын жүйеге халықаралық талаптарды орындау үшін қажетті өзгерістер мен түзетулер енгізіледі. Бірақ ол екінші әдіс-жұмыс істеуші базаның жаңа регулятивті базаға ауыстыру кейбір ұйымдар үшін шығындар бойынша аса тиімді екенін теріске шығармайды, себебі оны енгізгенде халықаралық стандарттар дайын түрде қолданылатын болады. Сонымен қатар, банктер басқарудың автоматты жүйелерін және көрсеткіштерді бақылауды қолдану тиіс, себебі мұндай процесстерді қолдан жасау банктерді көптеген шығындарға, уақытты жоғалтуына, адами фактор қателіктеріне әкелуі мүмкін, сондықтан дұрыс модельді таңдау өте маңызды элемент болып табылады.

Коммерциялық банктер регулятивті органдарға формалардың жиынын тапсыра алатындай болу үшін олар барлық қажетті мәліметтерді жинау мен сақтау бойынша орталықтандырылған әдісті қолданулары керек, яғни қаржылық бөлімдерге мен тәуекелдерді басқару бөлімдерінің ақпараттарына жеңіл түрде алуға мүмкіндік берулері қажет. Мәліметтерді орталықтандырылған түрде сақтау Базель III нормативтерін сәтті енгізудің маңызды критерийі болып табылатын формаларды толтыру мен атқарудың сапасы мен уақытылы болуын қамтамасыз етеді. Солай мәліметтерді орталықтандырылған түрде сақтау деректерді сақтау мен жеткізуге, стресс-тестілеу мен аудитті сапалы, ықшам түрде жүргізуге, тәуекел-менеджерлерге бастапқы тапсырмаларды шешуге шоғырлануға мүмкіндік береді.

Ресей сарапшылары атап көрсеткендей, халықаралық стандарттарды қабылдағанда, коммерциялық банктердің табыстылығы едәуір түрде

қысқарады. Бір жағынан, бухгалтерлік баланстың қайта құрылымдауынан, тиімсіз капитал қысқаруынан және активтердің минималды мәнін арттыруы есебінен өтімділіктің артуынан болады. Екінші жағынан, сарапшылар қаржыландыру үшін жобалар жоғары несие бағасына сәйкес болуы тиіс, несиелеу мөлшерінің төмендеуі мен банк қызметтерінің қымбаттауын айтады. Бұл банк жүйесінің қаржылық нәтижелерінің төмендеуіне ғана емес, экономикалық өсу қарқынының баяулауына алып келеді.

«ВТБ-Қазақстан» басқармасының төрағасы Гусаров өз сұхбатында Базель III өту көп уақытты алатынын айтты. Сонымен қатар ол Қазақстандағы кәсіпорындар рейтингі жеткіліксіз жоғары деңгейде орналасқандықтан, аталған стандарттарды енгізер алдында толық дайындақ жүргізу қажет екенін айтты.

Банк жүйелерінде бизнес модельдегі түзетулер, меншікті капитал жеткіліктілігі мен банк тәуекелін басқару стратегиясын жоспарлауда өзгерістер болуы тиіс.

Қорытындылай келе, өтімділік коммерциялық банк пен банк жүйенің тұрақтылығының, орнықтылығы мен сенімділігінің негізгі сапалы сипаттамаларының бірі болып табылады. Әлемдік қаржылық дағдарыс қаржылық және банк жүйелерінің күйреуін болдырмау мақсатында барлық банктерді өтімділік тәуекелін басқаруға, оны төмендетуге қажетті шаралар қабылдауға банктерді мәжбүр етті.

Әлі де активтердің төмен сапасы проблемалары шешілмеді, сомма мен мерзім бойынша активтер мен міндеттемелер арасында үлкен үзілу байқалып жатыр, ал бұл банк секторының кірістілігі мен тұрақтылығына теріс әсер етеді. Осыған байланысты, әр банк өз бизнес моделін қайта қарастыру керек, ал қадағалу органдарына банк тәуекелдерін төмендету бойынша жаңа әдістерді және өзіне сапалы компонентті қосатын оларды бағалаудың жаңа нормативтерін жасау керек.

Солай, Базель III стандарттарын тиімді енгізуді жүзеге асыру тым еңбекті көп қажет ететін күрделі процесс болады. Бұл нормативтер болашақта банктік жүйеге, жеке коммерциялық банкке тұрақты дамуға мүмкіндік береді. Әрине жаңа стандарттар 2007-2009жж. дағдарысқа тікелей жауап реакциясы болды, бірақ қазіргі көптеген сарапшылар банктер стандарттарды енгізер алдында өз баланстарының қайта құрылымдауын өткізулері, өз несиелік портфельдердің сапасын арттырулары және бизнес модельдерін тандап, өзгертулері керек, себебі аталған стандарттар толық аяқталмағанын мойындайды. Бұл көп уақыт және қаржылық шығындарды, сонымен қоса нормативтерді тиімді, сапалы енгізу үшін білікті персоналды қажет етеді.

4.2 Базель III енгізу: оның сипаттамасы мен күтілетін әсері

Базель III негізгі талаптары Комитет мүше елдерінің қаржылық және экономикалық дағдарыстар бойынша банк жүйелерінің тұрақтылығын көтеруге, тәуекелдерді басқару мен оларды бағалаудың сапасы жақсартуға,

қаржылық институттармен ақпараттар айқындығы мен ашу стандарттарын арттыруға бағытталған.

Базель III негізгі міндеті-банк секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында, капитал мен өтімділік бойынша жаһандық ережелерді күшейту.

Базель III(2010ж. желтоқсанында қабылданған) нормативтерін 2013ж. 2018 жылға дейін енгізу жоспарлануда. Базель II салыстырғанда, Базель III негізгі өзгерістері банктердің капиталын есептеулерді, капитал мен өтімділік бойынша пруденциалдық талаптарды қамтиды.

Сонымен қатар, Базель III капиталдың қосымша буферлерін енгізеді: консервациялық буфер мен контрциклдық буфер. Базель III себептерін талдай, сарапшылар «негізгі себептердің бірі - қаржылық делдалдардың қызметтерін пруденциалды реттеудің сәтсіздігі» деп атап кетті. Қаржылық жаһанданудың жағдайларында,

- Қысқамерзімді өтімділік көрсеткіші (LCR);
- Таза тұрақты қорландырудың көрсеткіші (NSFR);
- Қаржылық қаржылық делдалдардың қызметін реттеу саласында ұйымның ұлттық стандарттары қазіргі заманғы талаптарға сәйкес болу басылды [42].

Базель III банк капиталының сапасы мен құрылымы бойынша талаптарды қатайтады: бірінші деңгей капитал жеткіліктігі мен оның құрамдас бөлігі- базалық капитал бойынша минималды талаптар енгізіледі, капиталдағы гибридті құралдарды тану біртіндеп тоқтатылып, капиталдан регулятивті шегерулердің тізімі анықталады.

«Базель III» стандарттарының құрылымы екі негізгі бөлімнен тұрады: бірінші бөлім тәуекелмен байланысты капитал құрылымына талаптарды сипаттайды, ал екінші бөлім банктер өтімділігінің тәуекелін бақылауына арналған.

Базель III негізгі элементтері:

- Регулятивті капиталды есептеудің жаңа тәртібі;
- ПФИ-мен (CVA) биржадан тыс мәмілелер бойынша контрагент тәуекелі;
- Капиталды сақтау буфері;
- Контрциклдық буфер;
- Базалық капитал жеткіліктілігінің нормативі (CET I);
- Негізгі капитал жеткіліктілігінің нормативі (TIER I);тетік (Leverage)- тәуекелді есепке алмай, активтерді капиталмен жабу нормативі.

Бірінші деңгейдің базалық капиталы өзіне қарапайым акцияларды (немесе акционерлі емес компаниялар үшін олардың эквиваленттері),сонымен қоса бөлінбеген пайданы, қарапайым акциялар бойынша эмиссиялық кірісті қосады.

Базалық капиталды есептеу мақсатында материалды емес активтер, кейінге қалдырылған салықтық активтер, банктің қарапайым акцияларға тікелей және жанама салымдары, олардың қатысу үлестері, банктің есебінен иеленген меншікті акциялар, жыл бойы болған шығын және басқа шегерулер сияқты регулятивті түзетулер жүргізіледі.

Нәтижесінде Базель стандарттары бойынша базалық капиталдың минималды мәні-4,5%.

Комитет базалық капиталға талаптарды біртіндеп жоғарылатуды рұқсат етеді(ұлттық регулятордың қарауына байланысты): 2013 жылда 3,5%, 2014 жылы 4%, ал 2015 жылы 4,5%.

Бұл талаптарды көтерудің прогрессивті жинағын барлық елдер пайдаланбағанын атап өту керек. Мәселен, Қытай базалық капитал жеткіліктілігі бойынша 5% мөлшерінде талаптарды тез арада енгізді, ал Индия-5,5%.

Бірінші деңгейдің қосымша капиталы өзіне келесіні қосады: конверсиялаудың бірыңғай критериясына сай гибридті құралдар, шығындарға есептен шығарулар мен қосымша критерийлер бойынша жеделсіздік, сонымен қатар қосымша капиталда есепке алынатын құралдардан эмиссиялық кіріс (регулятивті түзетулерді есепке алғанда).

Мәселен, қосымша капиталдағы еншілес қоғамдастықтың қатысуы, еншілес қоғамдастыққа берілген субординирленген несиелер және басқа шегерулер.

Базель I мен II келісімдерімен салыстырғанда Базель III-те шегерулер бойынша негізгі жүктеме бірінші деңгейдің базалық капиталына тиесілі. Базель III екінші деңгейлі қосымша капиталдың шамасын бірінші деңгейлі капиталдың шамасымен шектемейді, ал тәуекелдерді жабу үшін капитал компоненттерінің жеткіліктілігі бойынша минималды талаптарды орнатады.

Сонымен қатар бірінші деңгейлі капитал бойынша талаптарды біртіндеп көтеруге рұқсат етіледі: 2013ж. 4,5%, 2014ж. 5,5%, 2015ж. 6%.

Жаңа стандарттар капиталдың екі буферін құруды қарастырады: консервация буферы(conservation buffer) мен контрциклдық буфер(countercyclical buffer range).

Консервация буферын құрудың негізгі мақсаты-жүйелік экономикалық құлдырау кезінде банктің тәуекелдерін жабу мақсатында капитал жеткіліктілігін белгілі бір деңгейде ұстап тұру. Консервация буферын ұтап тұру мақсатында банктер пайданы бөлуде(ол капиталға бағытталу үшін)шектеулі болады.Аталған көрсеткіш 2016жылдан 0,625%-ға артып, 2019ж. 1 қаңтарына 2,5% дейін жыл сайын өседі.

Банктердің асыра несиелік белсенділігін шектеу контрциклдық буферды құрумен реттеледі.Контрциклдық буфер экономикалық өрлеу кезінде банктердің несиелік белсенділігін шектеуге және экономикалық құлдырау кезінде оны ынталандыруға арналған.

Бірінші деңгейлі базалық капитал (шығындарды қылғу қабілеттілігі бар құралдар) критерийлеріне сай құралдардан капитал буферлері құралатынын атап өту қажет.

Базель бойынша жаңа регулятивті көрсеткішті-«leverage ratio»((бұл-банктің барлық активтерінің қатынасы(оның бірінші деңгейлі капитал бойынша тәуекелін өлшемей)) енгізу туралы ұсыныстар өңделуде.

Левериджтің минималды көрсеткішін бірінші деңгейлі капитал үшін 3% мөлшерде орнату жоспарлануда: Комитет көрсеткішті бақылау мен мүмкін түзетулерді енгізу мақсатында, бұл коэффициентті тестілеуді 2013 ж. 1 қаңтарынан 2017 ж. 1 қаңтарына дейін жүргізуді болжап отыр.

Базель III банктердің тұрақтылығын бағалау үшін өтімділіктің екі деңгейін енгізеді: Оларды мен екінші бөлімде толық қарастырдым.

Сонымен қатар өзгерістер активтер тәуекелін есептеуге тиісілі: активтер секьюритизация операциялары, РЕПО мәмілелері, туынды қаржылық құралдармен операциялар, контрагенттің несиелік тәуекелі (CCR-counterparty credit risk) бойынша капиталды жабу талаптарын арттыру. Құжат тәуекелдің бұл түрін бағалаудың жолын CVA көрсеткіші арқылы анықтайды (Credit Value Adjustment).

Ссуда бойынша несиелік тәуекелмен салыстырғанда, CCR шығындардың екіжақты тәуекелін қалыптастырады: бұл келісім жақтары бойынша транзакцияның нарықтық құны оң немесе теріс болуы мүмкін, ал нарықтық құн белгісіз шама болып табылады және негізгі құраушы нарық факторларының өзгеруіне байланысты ауытқуы мүмкін.

Сонымен қоса, Базель II сәйкес бірінші және екінші деңгейлі капитал шегерулердің орнына, секьюритизирленген активтерге салымдар үшін 1250% өлшеу коэффициенті орнатылған (регулятивті капиталмен 100%-ға жабуға тең)

Орталық контрагентке талаптар бойынша несиелік тәуекелді есептеу өзгереді.

Стандартталған әдіс шегінде ОКА-ке талаптар 2% кем емес коэффициентпен өлшенуге тиіс (бұрын өлшенбеген).

Қосымша (IRB әдіс шегінде) ірі қаржы ұйымдарының (банктер, брокерлер/дилерлер, 100 млрд. доллардан астам активтері бар сақтандыру компаниялары) несиелік тәуекелін есептеу үшін корреляция коэффициенті 25%-ға артады. Демек, бұл модель параметрлеріне талаптардың өзгерісі.

Базель III аталған барлық рекомендациялары банк тұрақтылығын көтеруге мүмкіндік береді ме? Бұл сұраққа екіжақты жауап беруге болады.

Банктер өз тәуекелдерін бағалай алатын кезде бизнесті жүргізудің жақсы жағдайларында банктердің тұрақты жұмысы үшін капиталдың анағұрлым деңгейі қажет.

Бірақ, басқа жақтан, егер тәуекелдерді дұрыс емес бағаламаса, Базель III-гі «қауіпсіздік жастықтың артуы» жеткіліксіз болады. Мәселен, 2007-2009 жж. қаржы жүйесін құлатқан ипотекалық несиелермен бөлшек банк жұмыс істемесе, онда сол банк несиелерді қайтармаудың проценттерінің күрт өсуіне шалдығуы мүмкін.

Солай, Базель III банк жүйесін кішігірім циклдық тәуекелдерден қорғайды, бірақ тек қана циклдық тәуекелдерден қорғайтынын атап өту керек. Дағдарыстан немесе ЕЭО-ғы (Грекия) борыштық дағдарыстар сияқты жүйелік дағдарыстардан Базель III қорғауы мүмкіндігі аз.

Жаңа нормативтерді енгізудің кемшіліктері:

-Біріншіден, алдағы 8 жылда банктерге акционерлік капиталға 1 триллион долларға дейін салымдар керек болып қалуы мүмкін.

Әлемдік экономиканың баяу өсу жағдайында банктер мұндай қаржылық ресурстарды табатыны белгісіз.

-Екіншіден, капитал үлкею бұл капиталдың құнының көбеюін білдіреді, яғни банктерге өз пайдаларын екі есе көбейту керек болады. Ал пайданы арттыру үшін банктер несиелер бойынша пайыздарды көтеруге тура келеді. Пайыздық мөлшерлеменің өсуі үлкен болмайды, жылдық есептеуде 0,25%-дан артық болмайтын шығар. Осындай пункттерге несие бойынша процент өсуі әлсіз экономикаға теріс әсерін тигізе алады.

-Үшіншіден, банктік жүйеде қосылу мен жұтылу болуы мүмкін, әсіресе, бұл ЕО-қа қатысты.

Ал қосылулар банктердің санын, банктік саладағы бәсекелестікті және жүйенің тұрақтылығын (себебі ойнаушылар неғұрлым аз болса, бүкіл жүйе соғұрлым тұрақсыз болады) азайтады.

Жалпы әлемде Базель III стандарттарын енгізу және оған сәйкес Банк капитал құрамының минималды талаптары және оларды енгізу кезеңдері төмендегі Кесте 20 мен Кесте 21-де көрсетілген [43].

Кесте 20- Әлемде Базель III стандарттарын енгізу мерзімі

	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
Бірінші деңгейлі базалық капитал (минимально допустимый показатель)	3,5	4,0	4,5	4,5	4,5	4,5	4,5
капитал консервация буфері	-	-	-	0,625	1,25	1,875	2,5
базалық капитал+ капитал консервация буфері	3,5	4,0	4,5	5,125	5,75	6,375	7,0
1-ші деңгей капиталы (минимально допустимый показатель)	4,5	5,5	6,0	6,0	6,0	6,0	6,0
жиынтық капитал (минимально допустимый показатель)	8,0	8,0	8,0	8,0	8,0	8,0	8,0
жиынтық капитал+ капитал консервация буфері	8,0	8,0	8,0	8,625	9,25	9,875	10,5
Іші және 2-ші деңгей негізгі емес капитал көздерінің құрамына қосу үшін критерийлерге сәйкес келмейтін құралдар	2013 жылдан бастап 10 жыл бойы біртіндеп алып тастау						
Базалық капиталдан кейбір активтерді біртіндеп алып тастау	-	20	40	60	80	100	100

Базель комитетінің бұрынғы басшысы Стефан Вальтерге сәйкес, «Базель-III» енгізудің себептері келесідей болды:

-Банктік дағдарыстың теріс әсері. Банктік дағдарыс экономикалық өндірістің құлдырауына (ІЖӨ 60% дейін) әкелетіні дәлелденген.

-Банктік дағдарыстардың жиілігі. 1985 ж. бастап Базель Комитетінің мүше елдерінде мүше ел үшін 5% тең ықтималдыққа сәйкес келетін 30 аса банктік дағдарыстарды санауға болады. Базель III бенефиттері оны енгізумен байланысты шығындардан асады, себебі банктің тұрақты жүйесі тұрақты дамудың негізі болып табылады, сонымен қоса ұзақмерзімді кезеңмен байланысты қосымша оң әсер береді.

Ал жаңа стандарт бойынша банк капиталының құрамының минималды талаптары және оларды енгізу кесте 21-де көрсетілген.

Кесте 21- Банк капитал құрамының минималды талаптары және оларды енгізу кезеңдері

2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	
Бірінші деңгейлі базалық капитал/RWA	3,5	4,0	4,5	4,5	4,5	4,5	4,5
Буферлік капитал/ RWA	0,625	1,25	1,875	2,5	2,5		
Контрциклдық капитал	0,625	1,25	1,875	2,5			
Акционерлік капитал+буфер	3,5	4,0	4,5	5,125	5,75	6,375	7,0
Капитал жеткіліктілігінің коэффициенті	8,0	8,0	8,0	8,0	8,0	8,0	8,0
Капитал жеткіліктілігі+буфер	8,0	8,0	8,0	8,625	9,25	9,875	10,5
Акционерлік капитал үлесі	4,0	4,5	4,5	4,5	4,5	4,5	
Резервтік буфер	0	0,625	1,25	1,875	2,5	2,5	

Жоғарыда айтылғанға қарап, Базель III-ң шаралар ауқымы кең екенін анықтауға болады- микро-пруденциалды деңгейде (жеке банктердің тәуекелдері) де:

-капиталды базаның нығайтуы;
 -борыштық жүктеме коэффициентін (leverage ratio) енгізу;
 -қысқамерзімді және ұзақмерзімді қаржыландыруға міндеттемелерді енгізу;

Макро-пруденциалды деңгейде (барлық банк секторының тәуекелдері):

-контрциклдық буфер және капитал сақтау буферін енгізу;
 -борыштық жүктеме коэффициентін енгізу.

Енді жоғарыда айтылған жаңаенгізулерді сегменттеп, олардың келесі категориялары бойынша салдарларын қарастырайық:

1. Капитал сапасы мен мөлшердің жоғары болуы.«1-ші деңгей капиталына (екі бөлікке бөлінеді: 1-ші деңгейдің капиталы мен 1-ші деңгейдің қосымша капиталы) және 2-ші деңгейдің капиталына» қатаң минималды талаптарды енгізуде банктер қаржы ресурстарына елеулі қосымша талаптарға тап болады (Кесте 22 қараңыз).

Солай, жеткіліксіз қаражаттардың көп бөлігі қарапайым акциялар немесе төленбеген дивидендтер есебінен жабылуы керек, ал бұл капитал сапасын көтеруге әкелуі керек.

Сәйкесінше, бұл қазіргі де ликвидациялық сценарий кезінде банктердің шығындарды өтеу қабілеттілігінің көтерілуіне әкелуі керек.

Жоғарыда көрсетілгендей, банктер өз баланстарын тез арада тазарта бастайды және Комитеттің реттелетін капиталды базаны құрамын, транспаренттілігін, сапасын нығайту шаралары жүзеге асырылады.

Кесте 22- Капитал құрамы бойынша минималды талаптар мөлшері

Жалпы капиталдың минимум 8%		
1	2	3
1-ші деңгейдің базалық капиталы- 4,5%		I деңгейдің капиталы
1-ші деңгейдің қосымша капиталы- 1,5%	75 %	
2-ші деңгейдің базалық капиталы- 2%	25 %	II деңгейдің капиталы

Бірақ екінші жағынан, «Barclays Capital» аналитиктерінің пікірінше, 1-ші деңгей капитал формасына талаптарды қатайту бағалы қағаздар нарығының қысқартылуын туғыза алады, себебі 1-ші деңгей капиталынан соңғы кездері сұранысқа ие гибриды бағалы қағаздар алынып тасталынады.

2.Шектеулі коэффициентті (leverage ratio) енгізудің нәтижесі ретінде азайтылған борыштық жүктеме.

3% мөлшерінде 2018 ж. бастап енгізілетін (2013 ж. бастап тек қана мониторинг) борыштық жүктеменің коэффициенті пайыздық мөлшерлемені көтеруге банктерді итермелейді, ал бұл жалпы түрде несиелеудің төмендеуіне әкеледі.

Борыштық жүктеменің қатаң талаптарына (реттеуші органдардың жағынан) аса жоғары рейтингтерді алу үшін жаңа аса стандарттарды орындау қажеттілігі пайда болуы мүмкін.

3.Қысқамерзімді өтімділікті (LCR) және ұзақмерзімді тұрақты қаржыландыруды (NSFR) жоғары дәрежеде жабу.

4.Қосымша буферлік капиталдың пайда болуы.

Банктердің тұрақтылығын көтеру үшін Комитет банктерге экономикалық дамудың тұрақты да тұрақсыз кезеңінде банктерге бұрынмен салыстырғанда тым жоғары өтімділікті иеленуге мүмкіндік беретін буферлі капиталды құруды ұсынады (Кесте 23қараңыз).

Нәтижесінде параметрлерге сәйкес буферлік капитал құру бойынша талаптар орындамаған уақытқа дейін бұл қор бонустар мен дивидендтер төлеуді шектейді.

Кесте 23- Буферлік капитал консервациясы (%)

І деңгей базалық капиталы	Сәйкес буфер	Капиталдың минималды резервтері	Дискрициондық бөлу үшін пайдадан % қолжетімді мөлшері
4,5-5,125	0-0,625	60%	0%
5,125-5,75	0,625-1,25	80%	20%
5,75-6,375	1,25-1,875	60%	40%
6,375-7,0	1,875-2,5	40%	60%
7,0	2,5	0%	60%

Қаржылық дағдарыс құлдырау алдында несиелік өсудің көп болуы кезінде банктік сектордағы шығындар өте көп бола алатынын қосымша көрсетті. Жеңіл жетімді несиелер мен бағалардың өсуінің артуына жәрдемдеседі, ал бұл, өз кезегінде, көп жағдайда «активтердің көпіршіктеріне» әкеледі.

Бұл көпіршіктер жарылған кезде бағалар төмендей бастайды, несиелер төленбей қалады, ал банктер қарызға алуды қысқарта бастайды. Себебі несиелердің қолжетімділігінің төмендеуі активтерге бағаларды төмен итермелейді, дефолттар деңгейі одан да өсе бастайды.

Бұл зиянды «шеңбердің» алдын алу үшін Базель III Несиелеудің өсудің жоғары қарқындылығы кезінде екінші қосымша қор ретінде қызмет ететін «контрциклдық буферді» ұсынады. Буфер несиелендіру өсудің жоғары қарқыны кезінде несиелерге қолжетімділігіне тежеуіш ретінде болады және құлдырау кезінде қысымды азайтады.

Несиелеу мөлшерінің ауытқуына байланысты буфер 0 ден 2,5% болуы мүмкін, жалпы түрде бірінші, екінші деңгей капиталдары 13% бола алады (Кесте 24қараңыз).

Кесте 24 - Капиталдың буферге байланысты минималды талаптары

Жалпы капиталдың 13%+буфер		
1-ші деңгейдің базалық капиталы-4,5%	85 %	І деңгейдің капиталы
Консервация буфері-2,5%		
Контрциклдық буфер 0-2,5%		
1-ші деңгейдің қосымша капиталы-1,5%		
2-ші деңгейдің базалық капиталы-2%	15 %	II деңгейдің капиталы

5. Тәуекелдердің кең ауқымы, әсіресе контрагент тәуекелі (CCR). II нұсқамен салыстырғанда, Комитет өзінің үшінші нұсқасында I деңгейдің капиталындағы тәуекелдерді толық жабуды қамтамасыз етуге ұмтылып жатыр және сәйкесінше, тәуекелдерді жабуға капиталға талаптарды арттырады.

Сауда кітабы мен секьютизирленген позицияға талаптардың едәуір өсімі базель 2,5 ұсыныстарына енгізілген болатын, сондықтан Базель III-те қаржылық институттарға ашық позицияларға және нұсқаулар бойынша контрагент тәуекеліне әдістерді қосымша түрлендірді.

Сонымен қатар Базель III «ең жаман сценарий» арқылы банк капиталын есептеудің маңыздылығын атап өту керек.

Базель ұсыныстарына сын ретінде- «қаржы нарығында банктерден басқа тағы параллельді банк жүйесінің бар болуы ешкімге құпия емес екені белгілі»:

-Ақшалай қаражаттарды аударудың баламалы жүйесі: Индияда Хунди,Таяу Шығыстағы Хавала, Тайландта Пхеи-Кван және т.б;

-Өзара тең ақшалай қорлар: жалпы мәні бар ақша нарығының қорлары, қысқамерзімді мемлекеттік міндеттемелердің ақшалай нарығының қорлары, салықтардан қорғалған бағалы қағаздар;

-Трансұлтты ұйымдардың қаржылық бөлімшелері;

-Сақтандыру компаниялары және т.б.

Олар батыстағы қаржы нарығында ірі ойыншылар болып табылады және олардың салдарынан, дәстүрлі банктердің салдарынан емес, қазіргі қаржы дағдарысы қалыптасты.

Солай, Базель III оларға қатысты қолданылмайды. Сондықтан соңғы жылдардың қаржы дағдарысының мәселесі әлі де шешілмеген және Базель III онымен байланысты емес, яғни ,басқаша айтқанда, экономиканың тек бір секторын (банктік) күшейтіп реттеу арқылы қаржылық сектордың мәселесін шешуге болмайды, сәйкесінше, болашақ қаржылық дағдарыстардың да алдын алу мүмкін емес.

Банктік сектордың кәсіби ойыншыларының, сарапшыларының пікірін талдау арқылы Базель III ережелерін енгізудің негізгі нәтижелерін атап кетейін (Кесте 25қараңыз).

Кесте 25- Базель III ережелерін енгізудің негізгі нәтижелері

Жағымды	Жағымсыз
-капитал мен өтімділікке талаптарды көтеру банктердің несиесінің қабілеттілігін көтереді, соның ішінде дағдарыс кезінде де	-тым қатаң ережелерді енгізу банк бизнесінің рентабельділігінің төмендеуіне әкеледі, мұндай жағдайда тәуекелге банктердің «тәбеттері» көбеюі мүмкін
-жалпы түрде банк жүйесі мен экономика дағдарыстық құбылыстарға аса тұрақты болуы тиіс.	-пайыздық мөлшерлемелердің жоғарылауы мен экономикалық өсудің төмендеуі
	-капиталдың құрылымы мен сапасына жоғары талаптар несиелік портфельдің өсуінің шектеуіне әкеледі.

Банктер қызметіне Базель III әсерінің болжамдары бірмағыналы емес болып табылады, бірақ сарапшылардың үлкен бөлігі «жаңа реформа келесі сын-маңызды сұрақтарға қажетті назар аудармады» деген пікір ұстануда:

-«Көлеңкелік банкинг»: сақтандыру компаниялары, хеджерлік пен зейнетақы қорлары, инвестициялық қорлар, т.б. сияқты банктік емес ұйымдарға Базель III талаптары таралмайды;

-нақты айыппұлдардың болмауы;

-реттеуші мен салық арбитражының мүмкіндігі;

-жаһандық және еларалық регуляторлы қадағалаудың құрылымы дараланып қалған.

Әлемдік қаржы дағдарысы банктік жүйеге меншікті капитал мен өтімділіктің сапасы мен деңгейін көтеру, дамудың циклдылығын деңгейлестіретін құралдарды енгізу қажеттілігін көндірткені анық.

Базель комитеті ұсынатын өзгерістер жетістіктер ұзақмерзімді болашақта сақталатындай және ортақжүйелік тәуекелге қатысты тұрақтылықтың жоғары деңгейін, левериджтің кем деңгейін банктерге қамтамасыз ететіндей жағдайларды қамтамыз етуге бағытталған.

Бір жағынан, Базель III ұсынылған нормативтер жеткілікті түрде қатаң-оларды орындау банктерді жай емес күйге әкеледі. Екінші жағынан, мерзім-банктерде ережелерді сәйкес келтіру үшін, мерзім жеткілікті түрде созылмалы, банктер капиталды ауырпайтындай етіп, өсіре алады.

2014 ж. 1 қаңтарынан бастап (алғашқы кезде 2013ж. 1 қазанынан бастап жоспарланған) «Базель III» нормативтері күшке енеді.

Солай, несиелік мекемелер үшін базалық және негізгі капитал жеткіліктілігінің нормативтері 5% және 5,5% мөлшерінде минималды мүмкін мәндері белгіленді (негізгі капитал үшін 2016 ж. бастап-6%). Несиелік ұйымдардың жиынтық капиталы жеткіліктілігіне талаптар деңгейі 10% мөлшерінде нормативтің минималды мәні ретінде сақталады.

«Базель III» сәйкес капитал жеткіліктілігінің нормативтерін қолданар кезде, (credit valuation adjustment, CVA) контрагенттің несиелік сапасының нашарлауы нәтижесінде несиелік талаптың құнының өзгеру тәуекелін қосу арқылы биржадан тыс мерзімді мәмілелер мен туынды қаржы құралдарымен (ПФИ) мәмілелері бойынша тәуекелдерді қосымша жабу алдын ала қарастырылады.

Бірдей уақытта меншікті қаражаттар шамасын есептеу кезінде туынды қаржы құралдарымен (ПФИ) мәмілелер бойынша (мәмілелер шарттарына байланысты) қайта бағалаудың нәтижелерін қосуға шектеу жойылады. Аналитикалық мақсатта CVA көрсеткіші Ресей банкіне 2014 ж. 1 ақпанына есептілікпен ұсынылуы тиіс.

«Базель III» сәйкес, капитал жеткіліктілігінің нормативтерін есептеу тәртібіне айқындамалар (уточнение) енгізілді. Операциондық тәуекелге қатысты қолданылатын коэффициент 10-нан 12,5-ге өзгереді.

Қорыта келе, Базель III Базель II-ң күшін жоймайды, керісінше оны толықтырып, банктердің қаржылық тұрақтылығы мен белгісіздік кезеңде немесе дағдарыс болған жағдайда олардың өз қызметтерін тиімді, тұрақты көрсету үшін қажетті жағдайларды қалыптаса арқылы Базель II-ң ережелерін күшейтеді.

Базель III талаптары банктердің меншікті капиталының әлемдік, қаржылық тұрақтылықтың ұзақмерзімді қолдауына бағытталған стандарттардың күшейтілген формасы болып табылады деп айтуға болады. Базель III құжатын көшбасшы елдердің орталық банктері қабылдағанын және Базель комитетінің алдыңғы құжаттары ұсыныс сипатында болса және оларды орындамаудың жаапкершілігі болмаса, Базель III ерекшелігі нақты талаптарды белгілеу (оларды орындамау бойынша жауапкершілік қарастырылған) болып табылатыны туралы айта кету қажет.

5 ҚР коммерциялық банктердің өтімділігін арттыру жолдары

5.1 Коммерциялық банктің өтімділігін басқарудағы халықаралық тәжірибе

Қазақстан Республикасының банк жүйесі (одан әрі ҚР) әлемдік дағдарыс кезеңінде үлкен зиян шекті және бүгінгі күні баяу қалпына келтіру кезеңінде. Отандық экономиканың дамуымен байланысты және әлемдік қауымдыстыққа оны біріктіру, сонымен бірге күшейтілген ішкі және сыртқы нарық талабымен банк жүйесін және оның қызметін басқару әдісі мен тетігін жетілдіру өтеді, ескілері жетілдірілуде және жаңа банктің бизнес-үлгісі өңделуде, еліміздегі банк жүйесінің қаржылық жағдайын талдау және баға берудің жаңа әдістері енгізілуде.

Бүгінгі күні пруденциалды нормативтерді есептеу үшін ҚР коммерциялық банктері 30.09.2005ж. бекітілген «Екінші деңгейлі банктер үшін пруденциалды нормативтерді есептеу әдістемесі және нормативтік мәні жөніндегі нұсқаулық » (одан әрі нұсқау) өкімін қолданады.

Осы аталған нұсқаулықта ҚР екінші деңгейлі барлық банктері орындау үшін міндетті пруденциалды нормативтерді есептеу әдістемесі мен нормативтік мәні орнатылған толық тізімі бар көрсеткіштері берілген.

Сонымен қатар жеке бөлімі өтімділік коэффициентін есептеуге арналған, оның мәні және есептеу әдістемесі берілген.

Өтімділікті өлшеу көрсеткіштерін таңдау, әсіресе, банк тұрақтылығы мен өтімділік тәуекел бағасына қадағалау органының талабымен негізделеді.

Бүгінгі күні қазақстандық коммерциялық банктер келесідегідей коэффициенттер негізінде өз өтімділігінің бағасын жүзеге асырады:

Банктің ағымдағы өтімділік коэффициенті — k_4 ;

Банктің мерзімділік өтімділік коэффициенті — k_4-1 , k_4-2 и k_4-3 ;

Банктің мерзімділік валюталық өтімділік коэффициенті — k_4-4 , k_4-5 , k_4-6 .

Осы аталған көрсеткіштердің әрқайсысы өз қызметін атқарады және нақты уақыт мерзіміне қаншалықты банк өтімді және төлемқабілетті, қаншалықты банк нарықтық экономика жағдайында тұрақты және сенімді болатынын көрсетеді.

ҚР ҰБ ҚҚК нұсқаулығына сәйкес банктің ағымдағы өтімділік коэффициенті — k_4 талап етуге дейінгі банк міндеттемесіне жоғары өтімді активтердің қатынасы жолымен есептелінеді. Оның мәні 0,3-тен төмен болмауы керек. Осы коэффициент нақты уақыт мерзіміне банк балансының өтімділігін сипаттайды. Ол күн сайын және сағат сайын міндеттемеге салыстырмалы нақты күнге өтімді қаражат қорын сипаттай отырып, барлық кредиторлармен инвесторларға біркезеңде талап етіле өзгереді.

Банктің мерзімділік өтімділік коэффициенті — k_4-1 банктің үлкен дәрежесіндегі төлемқабілеттілігін сипаттайды, демек өте қысқа мерзімде өз міндеттемесін банктің қаншалықты жаба алатын мүмкіншілігін көрсетеді,

әсіресе, ол банкаралық нарықта несиелер мен займдарды жабу және сатып алу мүмкіншілігіне тиесілі. Осы аталған көрсеткіш жеті күнге дейінгі жабу мерзімімен міндеттемеге жоғарыөтімді активтердің қатынасы жолымен анықталады. Коммерциялық банктер үшін төменгі мәні 0,9 деңгейінде орнатылады.

Банктің мерзімділік өтімділік коэффициенті — k_{4-2} және k_{4-3} өтімділікті ағым ретінде бағалайды, себебі үлкен уақыт аралығын қамтиды.

Мерзімділік өтімділік коэффициенті — k_{4-2} бір айға дейінгі жабу мерзімімен міндеттеме және өтімді активтерді есептейді коэффициент k_{4-3} — үш айға дейін. 0,8 және 0,7 деңгейіне сәйкес нормативтер мәні орнатылады. Осы аталған нормативтердің орындалуы қаншалықты қысқамерзімде сомасы және мерзімі бойынша банк активі мен пассиві теңестірілгенін, қаншалықты банк жұмсалымы мен негізгі көздер құрылымы жоспарланғанын, қаншалықты банк жұмыскерлері дұрыс түсімдер мен ағымдағы төлемдерді жобалайтынын көрсетеді.

ҚР ҰБ ҚҚК банктің мерзімділік валюталық өтімділік коэффициенті — k_{4-4} , k_{4-5} , k_{4-6} орнатылған, жоғарыда аталып өткен мерзімділік өтімділік коэффициенті k_{4-1} , k_{4-2} , k_{4-3} сәйкес, тек шет ел валютасына актив және міндеттеме есебімен есептелінеді.

Банктің мерзімділік валюталық өтімділік коэффициенті Standard&Poor's агенттігі «А» төмен емес егеменді рейтингі бар немесе басқалай рейтингтік агенттігінің осы тәріздес деңгейдегі рейтингі еліміздің шетел валютасы бойынша жиынтығында есептелінеді.

Коммерциялық банктердің пруденциалдық нормативін орындауға жоғарлатылған талаптары нарық сұранысына сәйкес келетінін және банкке тұрақты болуына және одан әрі қаржылық дағдарысына аз тәуелсіз болуына мүмкіншілік беретінін атап өткен жөн.

Бірақ, ҚР екінші деңгейдегі Нұсқаулықта берілген өтімділік нормативін орындау әлемдік қаржылық дағдарыс кезеңінде банк жүйесінің тұрақтылығын дұрыс қамтамасыз ете алмады.

Барлық нормативтерді ресми орындаған көптеген банктер ішкі қаржыландыру дереккөздеріне ену шектелгенінде, өтімділік пен меншікті капиталының жетіспеушілігіне жолықты.

Бүгінгі күні, коммерциялық банктерімен барлық нормативтерінің сақталуына қарамастан, ссудалық қоржын сапасының мәселесі, сонымен бірге актив және пассивтер арасындағы жағымсыз GAP-позициясының бар болуы жоғалмады.

Осылайша, нарықтың жаңа сұраныстарына жауап беру үшін банкке өзінің бизнес-үлгісін қайта қарастыру қажет, ал қадағалау органдарына өзінің сандық бағасын сақтап қана қоймай, көрсеткіштердің сапалы мінездемесін көрсете білетін өтімділік пен меншікті капитал жеткіліктілігінің нормативінің бағасына тиімді әдісті қолдана білуі және өңдеуі қажет.

Банктік тәуекелдерді басқарудың тиімді үлгісін құрудың шешімімен халықаралық қаржылық ұйымдар айналысуда, оның ішінде банктік қадағалау

бойынша Базель комитеті. Осыған байланысты комитеттің жауапты реакциясы 2010 жылдың қарашасында — «Базель III: Банк жүйесі және банк тұрақтылығын арттырудағы жалпы реттеуші тәсілдері» және «Базель III: Өтімділік тәуекел бағасы, стандарты және мониторингі бойынша халықаралық стандарты» екі құжатты қабылдау болатын[44].

Осы стандартта банктік өтімділігін және меншікті капиталын реттеу бойынша жаңа талаптары берілген.

Өтімділік тәуекеліне қатысты болса, онда комитетпен құжатта оның бағасы бойынша екі көрсеткіш—LCR өтімділік көрсеткіші және NSFR таза тұрақты қаржыландыру көрсеткіші және оларды есептеу әдістемесі қарастырылады, сондай-ақ мониторинг құралдары берілген.

Бірінші көрсеткіш —өтімділік көрсеткіші (Liquidity Coverage Ratio, LCR) 30 күн аралығында өтімді қаражатына банк мұқтажын қамтамасыз ету үшін ақшалай қаражатқа тез айналдыруға болатын жоғарыөтімді активтердің бос қажетті деңгейін банктердің қолдау мақсатына сәйкес енгізіледі.

Қолда бар өтімді активтер ұсынылған стресс-сценарияға сәйкес бір ай ішінде ең аз шама ретінде банкке өзінің қызметін жалғастыру мүмкіншілігін қамтамасыз ету қажет.

Осы уақыт аралығында банк жетекшісіне немесе қадағалау органына банк өтімділігінің мәселесін шеттету бойынша сәйкес келетін шараларды қабылдау жеткілікті деп саналады, әйтпесе, банк орнатылған тәртіпте қайта құрылуы немесе құлдырауға ұшырауы мүмкін [41.153б.].


Базельдік ұсынысына сәйкес аталған көрсеткіш жоғарыөтімді активтер қорымен 30 күн ішінде ақшалай қаражаттың таза ағымы арасындағы арақатынас ретінде есептелінеді. Осы аталған көрсеткіштің мәні 100% аз болмауы керек, немесе, ақшалай қаражаттың ықтималды таза ағымына тең болғаны жөн.

Банктер және қадағалау органдары ақшалай қаражаттың ағымы мен түсімінің сәйкес келмеу мүмкіншілігін есепке алғаны жөн және барлық ай ішінде ақшалай ағымындағы алшақтықты жабу үшін өтімді активтердің жеткіліктілігін қамтамасыз еткені дұрыс. Коммерциялық банктерде осы көрсеткішті міндетті енгізу 2015 жылдың 1 қаңтарына жоспарланған.

Келесі 16- суретте Қазақстанның коммерциялық банктерінің Базель III халықаралық стандартын енгізу кезеңдері мен мазмұны берілген. Коммерциялық банк тарапынан өтімділік коэффициенті сын айту және талқылау құралы болады. Олар дағдарыс кезеңінде жүзеге асыру шегі тыйым салынған, мүмкін құнсызданып осы активтерді алып тастауға әкелетін резервтік активтерді шамалайды.

LCR көрсеткішін енгізу банк табыстылығының азаюына да ықпалын тигізеді. Бұл депозиттерді алып тастау тәуекелін төмендетуге және жаңа инвесторларды тартуға көмектеседі.

Халықаралық стандартында берілген басқалай көрсеткіш – таза тұрақты қаржыландыру көрсеткіші (Net Funding Stability Ratio, NFSR).



Ескерту: Автормен әзірленген.

Сурет 16- Қазақстанның коммерциялық банктерінің Базель III халықаралық стандартын енгізу кезеңдері мен мазмұны

Қорланатын активтер өтімділігінің деңгейіне байланысты қаржыландырудың орташа және ұзақмерзімді тұрақты негізгі көздерінің сомасы бағасының мақсатында және баланстан тыс міндеттемелердің орындалуымен байланысты өтімділіктің негізі көздерінің қажеттілігінің пайда болу ықтималдығында енгізіледі. Көрсеткіш инвестициялық активтері, баланстан тыс баптары, секьюритизациялануы және басқалай активтері қаржыландаруы үшін өңделген.

Таза тұрақты қаржыландыру көрсеткіші нарықтағы өтімділігі молшылығы мезгілінде қаржыландырудың ірі дереккөздерінен шамадан тыс байланысын шектеуге бағытталған және барлық баланстық және баланстан тыс баптары бойынша өтімділіктің тәуекеліне нақты баға беруіне әсерін тигізеді .

Банктің нарықтық стресстұрақтылығының деңгейін өлшейтін LCR айырмашылығы, бұл коэффициент банктің өз ішінде дағдарыс жағдайында банк тұрақтылығын өлшеуге бағытталған .

Осы көрсеткіш қолда бар қаржыландырудың тұрақты дереккөздері көлемінің тұрақты қаржыландырудың қажетті көлеміне қатынасы ретінде анықталады.

Тұрақты торығу жағдайында жыл ішіндегі қаржыландырудың сенімді дереккөзі болып табылады. Нақты банк үшін қажетті осындай қаржыландыру көлемі банкімен жүзеге асырылатын әр түрлі қызметіне, баланстан тыс баптарына, әр түрлі активтері бар өтімділік деңгейіне байланысты.

Комитет осы аталған коэффициент 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең аз шамадағы стандарт болуы қажет деп топшылайды.

Коэффициенттің ең негізгі кемшілігін эксперттер нарықта ұзақмерзімді қайта қаржыландыруды іздестіру күрделілігінен ұзақмерзімді несие берудегі банктің талабының азаюын бөліп көрсетеді [44].

Жоғарыда аталып өткен екі коэффициенттен басқа Комитет қадағалау органдарына өтімділік мониторингінің құралы ретінде келесідегідей қолда бар бос активтер және қаржыландыруды шоғырландыру, келісімшарт жағдайына сәйкес төлемдер мен түсімдер мерзімінің үйлеспеуі сияқты көрсеткіштерді міндеттейді.

Базельдік ұсыныстарына сәйкес осы көрсеткіштердің берілу нәтижесі мен есебі айына бір реттен жиі емес жүргізілуі қажет.

Әдетте банк торығу жағдайы туындағанда банктік қадағалау талабы бойынша күнделікті және жеті сайын көрсетілген есепті жүргізу мүмкіншілігін топшылауы керек.

Сондықтан, Базельдік комитетімен мониторинг құралы және өтімділік тәуекеліне баға берудегі LCR и NSFR жаңа көрсеткіштерін енгізу өтімділік тәуекеліне коммерциялық банктердің икемделуін азайтуды қамтамасыз етуі мүмкін.

Әдетте жоғарыөтімді активтердің шамадан тыс қоры және жоғары мәні банктік операцияның пайдалылығымен тиімділігінің азаюына, сонымен бірге коммерциялық банктердің кірістілігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Қазақстанның банк жүйесіне халықаралық өтімділік көрсеткіштерін енгізу күрделілігі мен келешегіне тоқталамыз.

Өңделген Базельдік принциптері баршаны қамтитын және халықаралық сипатта болады, сондықтан 2012 жылдан 2019 жылдар аралығында әлемдік банк жүйесіне Базель III нормативін кезең бойынша енгізу жоспары комитетпен өңделген.

Көптеген эксперттер пікірі бойынша әлемдік қаржылық кеңістігіне банк жүйесінің бірігуі ұлттық экономикаға халықаралық банктік операцияның тең құқылы қатысушысы болуына мүмкіншілік береді. Бұл банктік реттеу принциптерін өзгертеді, шетелдік инвесторлар сенімін нығайтады, әлемдік нарықта бәсекелестік артықшылығын қолдану жолымен ұлттық экономиканың жетілдіруі өтеді.

Бүгінгі күні Базель III стандартын енгізу ең өзекті тақырыбына айналуға және Ұлттық банк төрағасы, халықаралық компанияның топ-менеджерлері, эксперттер арасында көптеген пікір таластар туғызуда.

Кейбіреулері халықаралық стандартты еліміздің болашағы ретінде қарайды және олардың артықшылығын және күмәнсіз енгізуін көрсетеді, ал екіншілері болашақта коммерциялық банктерге кедергі келтіретін мәселелері мен күрделілігін талқыға ұсынуда.

Базель III нормативін енгізу кезінде коммерциялық ұйымның таңдауы бар және екі әдістің біреуін қолдануына болады — бар ортаны ұлғайту және жаңа нормативті-құқықтық ортаны өрбіту. Коммерциялық банктер үшін эксперттер пікірінше, бірінші әдісі мерзімі бойынша ең үйлесімді және шығыны бойынша үнемді болады.

Бұл жағдайда қолданылатын жүйеге халықаралық талаптарды орындау үшін қажетті түзетулер мен өзгерістер енгізіледі. Әдетте екінші әдісінің қолда бар реттеу базаларының жаңаға айырбасталуының құралы болатынын жоққа шығармайды, себебі бірқатар ұйымдар үшін шығын бойынша тиімді, өйткені оны енгізу барысында халықаралық стандарттар жаңа түрінде қолданысқа енеді.

Базель III өзгерістер мен түзетулер енгіледі деген бастапқы ережесіне ескертпе бар, сондықтан ең дұрыс үлгісін таңдау ең маңызды кезеңі болып табылады. Сонымен қоса банкке автоматтық басқару және көрсеткіштерді бақылау жүйесін қолдану ұсынылады, осындай үдерістерді қолмен орындау олардың шығындарын көбейтеді, уақытын жоғалтады[45].

Осы аталған үлгілерін таңдау барысында өздері жолығатын мәселелер мен кедергілерді есепке алғаны жөн.

Олардың біреуіне әр ел ішіндегі ішкі және халықаралық мөлшерлердің айырмашылығы жатады. Осыған байланысты бір елдер халықаралық стандартқа нормативтері мен реттеу тәсілдерін түзетсе, екіншілері біруақытта ішкі және халықаралық стандартын орындайды.

Commerzbank аға өкілі Б. Тенса пікірі бойынша стандартта әр елдің нормативі мен дамуының әр түрлі кезеңіне әкелетін ұлттық айырмашылықтары мен ерекшеліктері болады.

Коммерциялық банктер реттеуші органдарына барлық нысан жиынын беру мүмкіншілігі болу үшін, олар қажетті мәліметтерді сақтау және жинауда орталықтандырылған тәсілді қолданған жөн. Орталықтандырылған мәліметті сақтау нысанды уақтылы орындау және толтыру және сапасын қамтамасыз етеді, Базель III нормативін нәтижелі енгізудің маңызды өлшемі болады. Сондықтан, орталықта ақпаратты сақтауды қолдану мәліметтерді тез және сапалы басқаруға, стресс-тестілеу және аудит өткізуге мүмкіншілік береді.

Ресейлік эксперттердің атап өткеніндей, халықаралық стандартты қабылдауымен коммерциялық банктердің пайдалылығы қысқарады. Бір жағынан, бұл ең аз мөлшердегі актив мәнінің артуы есебінен өтімділіктің көбеюі және тиімсіз капиталдың қысқаруы, бухгалтерлік баланстың қайта құрылымдауы есебінен өтеді.

Екінші жағынан банктік қызметінің қымбаттауы мен несиелеу көлемінің азаюын атап өтеді. Бұл тек банк жүйесінің қаржылық нәтижесінің азаюына ғана емес, экономикалық өрлеу қарқынының баяулауына соқтырады.

Барлық әлем бойынша стандарттарды енгізу, оның ішінде Қазақстанда көп уақыт пен қаржылық шығынды талап етеді, бірақ өңдеушілер пікірінше, банк жүйесінің басқа амалы жоқ.

Банк жүйесінде бизнес үлгісінде аса мәнді түзетулер өтуі мүмкін, меншікті капитал жеткіліктілігімен банктік тәуекелді басқаруды жоспарлау стратегиясына өзгерістер енгізіледі.

Әлемдік қаржылық дағдарыс барлық банктерді қаржылық және банктік жүйелерін қалпына келтіру және сәтсіздікке ұшыратпау мақсатымен өтімділік тәуекелін басқаруға назар аударуға, оны төмендету үшін қажетті шаралар қолдануға мәжбүр етті. Банктік секторында меншікті капиталмен өтімділік тәуекелін азайту үшін коммерциялық банктер үшін міндетті және ҚР қабылданған пруденциалды нормативтері жеткілікті тиімді болмады. Оларды толық көлемде орындай және өтімді активтерінің төзімді қорына ие бола отырып, банк секторының жағдайы жақсармайды.

Әлі күнге дейін нашар актив сапасының мәселесі қалып отыр, банктік секторының кірістілігі мен тұрақтылығына кері әсерін тигізетін сомасы және мерзімі бойынша актив және міндеттемелер арасындағы алшақтық байқалады. Осыған байланысты, әр банкке өзінің бизнес үлгісін қарастыру қажет, ал қадағалау органдарына банк тәуекелін азайту бойынша және оларды бағалау бойынша сандық және сапалық құрауыштарын бекітетін жаңа нормативтерін өңдеген дұрыс.

Қаржылық дағдарыс мәселесіне жауапты әсеріне Базель комитетімен тәуекелдің сапалық бағасын құраушы өтімділік тәуекелі бойынша LCR және NSFR мониторинг құралы бойынша екі жаңа көрсеткіштер қабылданды. Осы көрсеткіштер өтімділіктің жеткіліксіз тәуекелін азайтуды қамтамасыз етуге талапты, бірақ олардың жоғарғы мәні банктік операцияның пайдалылығымен банктік қызметінің тиімділігін төмендетуге, әсіресе, коммерциялық банктің табыстылығын азайтуға әкеледі.

Осылайша, Базель III стандартын тиімді енгізуді жүзеге асыру еңбекті көп қажет ететін және күрделі үдеріс болады. Осы нормативтер тек коммерциялық банктерді ғана емес, толығымен банк жүйесінің болашақта тұрақты даму үшін мүмкіншілігін береді.

Бүгінгі күні Қазақстандық банк жүйесі әзірге ресми халықаралық талаптарды орындауға дайын, себебі ссудалық қоржын құрылымы және олардың сапасы жеткілікті мүшкіл жағдайында тұр.

Жаңа талаптарды енгізу банктік операциялардың пайдалылығын азайтуға әкеледі, банктік өтімділіктің көрсеткіштеріне жағымсыз әсерін тигізеді. 2013ж. Халықаралық стандартты енгізуіне байланысты ҚР банктік секторының жағдайын одан әрі ушықтыруы мүмкін, себебі экономика өз деңгейінде несиеленуді тоқтатуы мүмкін.

Қазақстанда Базель III стандартын енгізу әсіресе, өтімділік бөлігінде, әзірге стандарттар әбден өңделіп, жетілгенше бірқатар мерзімге кейінге қалдыру ұсынылады. Базель комитеті осы стандартты мониторингке, түзетуге және байқаудан өткізуге 2019ж. толық және өңделген түрінде шығуы үшін алты жыл бөлді.

Осы уақыт аралығында қазақстандық банк жүйесі өзінің қаржылық жағдайын жақсартуы, коммерциялық банктер жеткілікті деңгейде халықаралық стандартты қабылдауға әзір болуы мүмкін.

Қорытындылай келе, толығымен банк жүйесі және коммерциялық банктің тұрақтылығы, сенімділігінің ең бір негізгі сапалы сипаты өтімділік болатынын атап өткен жөн.

5.2 Қазақстан Республикасында коммерциялық банктердің өтімділігін басқару әдістерін жетілдіру жолдары

Банк өтімділігін басқару банктің қаржылық менеджменттің маңызды элементі болып табылады. Өтімділікті басқарудың негізгі мақсаты міндеттемелерді дер кезінде өтеу үшін қолма-қол қаражаттарға деген қажеттілікті әрқашан қанағаттандырып отыру. Банктің өтімділігін басқаруда өтімділік мынадай екі қызмет атқарады:

- несиеге деген сұранысты қанағаттандыру;
- салымшылардың депозиттерді алу сұранысын қанағаттандыру.

Қазақстандық банктер тәжірибесінде өтімді қаражаттардың ұсынысының негізгі көздеріне мыналар жатады:

- клиенттердің банктік және жинақ шоттарына түсетін қаражаттары;
- клиенттердің ссудалық қарыздарын қайтаруы;
- банкаралық несиелер;
- бағалы қағаздарды өтеу;
- сыйақы (мүдделендіруді) төлеу;
- банкаралық нарықтан ақшалар тарту;
- депозиттік емес банктік қызмет көрсетуден түсетін табыстар;
- банктің активтерін сату;

- өзге дебиторлық қарыздардың өтелуі.

Өтімді қаражаттардың негізгі пайдалану бағыттарына мыналар жатады:

- банктерге және өзге қаржы ұйымдарына несиелер беру;
- клиенттерге несиелер беру;
- өзге активтерді сатып алу.

Банктің төлемдік міндеттемелерінің негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- заңды және жеке тұлғалар алдындағы депозиттік міндеттемелері;
- банкаралық несиелер;
- есептелген сыйақылар (мүдделендірулер);
- есеп айырысу қызметі бойынша міндеттемелер;
- бюджетке төленетін салықтар мен өзге де төлемдер;
- кредиторлық қарыздар.

Өтімді қаражаттар мен төлемдік міндеттемелер арасындағы айырма банктің ағымдағы өтімділік ұстанымын көрсетеді. Оның мәні теріс болса, онда ол банктегі өтімді қаражаттарының жеткіліксіздігін, ал оң болса, онда артық өтімділікті көрсетеді. Банктің күнделікті ағымдық өтімділігінің ұстанымын есептеу, оның өтімділігінің жағдайын анықтау және өтімділік тапшылығының болуын ескерту мақсатында жүзеге асады [46].

Банктік өтімділікті қамтамасыз етуді ішкі және сыртқы көздерге бөліп қарайды:

- 1) ішкі көздер, яғни банк активтерін қолма-қол ақшаларға айналдыру және резерв (корршот және кассада қаражат ұстау арқылы) құру;

- 2) сыртқы көздер, яғни өтімді активтерді (бағалы қағаздар, депозиттік сертификаттар және т.б.) сатып алу.

Әлемдік банктік тәжірибеде банктің активін басқару бірқатар әдістер арқылы жүзеге асырылады.

Дағдарыс жағдайында депозиттерді мерзімінен бұрын алу қаупі пайда болатындықтан, бұл жағдайда барлық депозиттер талап еткенге дейін депозиттер болуы мүмкін.

Сондықтан банктің бұл міндеттемелерді өтеуге дайын болуы және ол үшін бұл көлемге жеткілікті өтімділігі жоғары қаражаттардың болуы қажет. Ең бастысы ортақ қор құру қажет.


Бұл қордан қаражаттар мынадай бағыттарды үлестіріледі: ең алдымен алғашқы резервтер (қолма-қол ақшалар, Ұлттық банктегі депозиттегі қаражаттар, резервтер), кейіннен қысқа мерзімді өтімділігі жоғары бағалы қағаздар есебінен қосымша резервтер құралады.

Ары қарай, қор қаражаттары қарыз алуға негізделген барлық өнімдерді қаржыландыруға жіберіледі, бұл жерде несие қоржыны өтімділікті қамтамасыз етудің әдісі болып табылады.

Несиеге деген сұраныстарды қанағаттандырғаннан кейін қалған қаражаттар мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуға жұмсалады.

Олар, бір жағынан, табыс көзі болып табылса, екінші жағынан, өтеу мерзімінің қысқа болуына қарай қосымша резервтер қатарын толықтырады [47. 464б.].

"Қаражаттардың ортақ қоры" әдісі негізіне банк ресурстарының жалпы сомасын ресурстардың құралу көздеріне қарамастан, активтердің түрлеріне бөлу жатады. Сызба түрінде бұл әдісті төмендегідей түрде көрсетуге болады (17 сурет).



Ескерту: 46,4666

Сурет 17 - Қаражаттардың орналастырудың жалпы қор үлгісі арқылы активтерді басқару

Берілген бұл әдіс банк басқармасынан өтімділік және табыстылық қағидаттарын бірдей сақтауды талап етеді.

Сондықтан да қаражаттар осы қағидаттарына толық сәйкес келетін активтік операциялардың түрлеріне орналастырылады. Қаражаттарды орналастыру белгіленген бір артықшылықтарға сәйкес жүзеге асады.

Әрбір теңгенің қандай да бір үлесі алғашқы немесе қосымша резервтерге орналасуды қажет етеді, табыс әкелетін несие немесе бағалы қағаздар үшін қолданылуы қажет екендігін анықтайды.

Жер телімшелерін, ғимараттарға және басқа да жылжымайтын мүліктерге қаражаттарды инвестициялау мәселесі жеке қарастырылады.

Қаражаттарды алғашқы резервтерге орналасу жүйесін анықтау кезінде ең бірінші мәселе бұл алғашқы резервтер түрінде бөлінетін олардың үлесін анықтау болып табылады.

Активтердің бұл санаты функционалдық сипаттамаға ие және ол коммерциялық банктердің баланстық есебінде көрсетілмейді.

Сонда да банкирлер оларға көп мән береді және алғашқы резервтерге алынатын салымдар мен несиеге деген сұраныстарды қанағаттандыруға төлемдер үшін қолданылатын активтерді қосады. Бұл банк өтімділігінің басты көзі болып табылады.

Қаражаттарды орналастыру кезінде екінші бір мәселе бұл белгілі бір табыс әкелетін «кассалық емес» немесе қосымша резервтерді жасау болып табылады.

Қосымша резервтердің негізгі қолданысы бұл алғашқы резервтерді толықтыру кезінің болуында.

Қосымша резервтерге бағалы қағаздар қоржынын құрайтын активтер және де кейбір жағдайларда ссудалық шоттағы қаражаттар жатады.

Қаражаттардың ортақ қоры әдісі бойынша қаражаттарды орналастырудың үшінші сатысы несие қоржынын құру.

Банк алғашқы және қосымша резервтердің мөлшерін анықтағаннан соң, ол өз клиенттеріне ссуданы ұсына алады. Бұл табыс әкелетін банк қызметтерінің маңызды түрі. Займдар бұл банк активтерінің ең маңызды бөлігі, ал займдар бойынша табыстар банк табысының ең ірі құраушысы болып табылады.

Займдық операциялар банк қызметінің ең тәуекелді түрі болып табылады.

Ең соңында құжаттарды алмастыру кезінде бағалы қағаздар қоржынының құрамы анықталады.

Активтерді басқару бойынша қаражаттардың ортақ қор әдісін қолдану банкке активті операциялар санаттарын таңдауда үлкен мүмкіндіктер береді. Бұл әдіс ортақ қалыптасатын артықшылықтарды белгілейді.

Бұл әдісте активтердің санаттары бойынша қаражаттарды бөлу үшін нақты критериялар жоқ және бұл әдіс «өтімділік - табыстылық» дилеммасын шеше алмайды.

Соңғысы банк басқармасының кәсіби белсенділігі мен интуициясына тәуелді болып келеді. Банк қаражаттарының "конверсиялау" әдісі бос ақша қаражаттарын тарту көздерінің көп түрлілігіне негізделеді. Әрбір кездің өзіне тән өзгерімділігі, құны бар және оған белгілі бір талаптар қойылады.

Сондықтан әрбір қаражат көзі жеке қарастырылады және оларды сәйкес ету мерзімі бар активтермен сәйкестендіру қажет.


Мысалы, талап ететін салымдар депозиттердің үлкен бөлігі бірінші және екінші реттегі резервтерді толықтыруға, ал облигацияларды орналастырудан түсетін табыстар - ұзақ мерзімді несиелерді қаржыландыруға жұмсалады (Сурет 18).

Осы әдіске сәйкес әр түрлі көздерден тартылған қаражаттарды орналастыру үшін пайдаланатын "табыстылық-өтімділік" орталары анықталады.

Талап ететін салымдары өтімді активтермен жоғары деңгейде қамтамасыз етілуді талап етеді, сондықтан талап ететін салымдарының үлкен бөлігін алғашқы резервтерде орналастыруға тиіс[47. 467б.].

Ал, талап ететін салымдарының қалған бөлігі қосымша резервтерге бағытталады және аз бөлігі ғана қысқа мерзімді ссудаларға беріледі.

Мерзімді салымдардың басым бөлігін қосымша резервтерді қалыптастыруға, орта және ұзақ мерзімді ссудаларға, сондай-ақ ұзақ мерзімді бағалы қағаздарға бағыттайды.



Ескерту: 46,4676.

Сурет 18- Конверсиялау арқылы активтерді басқару

Өзге қарыздарға бұл жерде банктердің Орталық банктен және өзге банктер мен қор нарығынан тартқан қаражаттары жатады.

Оларды қосымша резервтерге, несиелерге, бағалы қағаздарға бағыттаған дұрыс.

"Конверсиондық" әдістің "қаражаттардың ортақ қоры" әдісінен артықшылығы есептеудің арқасында жоғары өтімді активтердің үлесін дәлірек анықтауға және олардың азаю есебінен қосымша ресурстарды жоғары өтімді активтерге салуға мүмкіндік береді.

Бұл әдістің басты артықшылығы банк табыстылығына жету болып табылады. Активті және пассивті операциялар арасындағы теңгерімділікті ұстау теориясында банктің өтімділігі жүз пайызды қамтамасыз етілер еді деген көзқарас бар.

Бірақ, тәжірибе жүзінде оған олардың серпінін болжау қиын болып табылатын факторлар үлкен әсер етеді.

Мысалы, клиенттерге несиелерді өз уақытында қайтару банктің қаражаттарына қайтару мүмкіндігіне байланысты емес, ол бірқатар тәуекелдерге байланысты.

Соңғы он жылда өтімділікті басқаруда тәжірибе жүзінде барлық теориялар қолданылды деп айтуға болады.

Отандық банктер тәжірибесінде бүгінгі күні өтімділікті басқару жоғарыда аталған бастапқы екі әдістің көмегімен іске асырылуда:

- жиынтық қор әдісі, яғни бұл әдіс басымдықтармен қолданылуда;
- конверсиондық әдіс, яғни бұл әдіс жекелеген жағдайларда ғана қолданылуда.

Жиынтық қор әдісі бұл банктің өтімді қаражаттарға деген жалпы қажеттілігін, банктің өзінде бар барлық өтеу көздерімен салыстыруды сипаттайды.

Ол үшін банктің балансының өтімділігін бағалау көрсеткіштері қолданылады.

Әр түрлі көздерден алынған банктің барлық қаражаты туралы ақпарат жинақталып, банктің өзінде бар жиынтық қор ретінде қарастырылады. Сөйтіп, өтімділікті қамтамасыз ету мақсатында алғашқы және қосымша резервтер құрылады.

Алғашқы резервтер құрамына жоғары өтімді қаражаттар: касса және ҚҰБ-гі шоттағы қаражаттар кірсе, ал қосымша резервтер құрамына да тез сатуға болатын банктің өтімді активтері, соның ішінде мемлекеттің қысқа және ұзақ мерзімді қаражаттары жатады.

Егер де ұзақ валюталық ұстанымнан банк ұзақ мерзім ішінде табыс алатын болса, онда қосымша резервке шетел валюталары да жатуы мүмкін. Банктің күнделікті операциясына қажетті немесе өтімділік мәселесі туындай қалған кезде шешуге қажетті ақшалай резервінің болуы қажет [48].

Екінші әдіс, яғни конверсиялау әдіс банктің қаражаттарын көздеріне және бағыттарына қарай байланыстыруда қажет етеді.

Бұл әдісті қолдану барысында, біріншіден, банктер қаражаттарды қалыптасу көздеріне қарай және оларды қайтарылу мерзімдеріне қарай орналастыруға тиіс, екіншіден, әрбір қаражат көзін тиісті қаржыландыру бағытына бөлуі қажет.

Аталған әдістің жекелеген элементтері белгілі бір бағдарламалармен (ЕҚДБ-нің несиелік желісі, АДБ-нің ауылшаруашылық бағдарламалары) тартылған қаражаттарды орналастыру барысында қолданылады.

Отандық банктерді банк өтімділігін банктегі талдаушылық қызметі тікелей жауапты, олар өз кезегінде банктің қаражаттарды тарту және орналастыруына жауапты құрылымдық бөлімшелерінің қызметтерін бақылай отырып, олардың қызметтерін үйлестіреді.

Демек талдаушылық қызмет қана банктің ағымдағы өтімділік жағдайын және пруденциалдық нормативтердің сақталуын бақылауға қажетті барлық ақпараттарды ала алады.

Банктің өтімділік жағдайын талдауға қажетті ақпараттары ішкі және сыртқы көздер жүйесінен тұрады.

Сыртқы көздерден ақпарат алу, негізінен банктің бәсекелестері мен клиенттер нарығындағы және т.б. нарықтардағы жағдайлар туралы әр түрлі мәліметтерді жинақтауды білдіреді.

Ішкі көздер жүйесі банктің қызметіне байланысты жағдайлар туралы мәліметтерді қамтиды және ол кез келген уақытта банктің ағымдағы жағдай туралы ақпаратпен қамтамасыз етуге тиіс.

Банктің ағымдағы өтімділігін талдауға қажетті ішкі ақпараттарды анықтайтын құжаттарды берілу мерзімдеріне қарай, ақпараттарға қолжетімді жекелеген лауазымды және жауапты тұлғалар бере алады.

Банктің өтімділігін бағалау Қаржылық қадағалау комитетінің өтімділікке және резервтерге қатысты қоятын талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Банк өтімділігін жеткілікті деңгейін сақтай отырып, оның активтерінің пайдалылығын арттыру үшін қайтару мерзімдеріне байланысты тарылған қаражаттар мен активті операциялардан алынатын табыстар салыстырылады. Өтімділікті бақылау шегінде мұндай салыстырулар банктің ағымдағы өтімділік ұстанымын анықтау жолымен жасалады.

Банктің жалпы өтімділік ұстанымы тартылған және орналастырылған қаражаттарды мерзімдеріне қарай салыстыру арқылы анықталады.

Бұл жерде тартылған және орналастырылған қаражаттар түрлеріне қарай топтастырылады. Банктің қысқа мерзімді өтімділігі үш айға дейінгі мерзіммен, ал ұзақ мерзімді өтімділігі үш айдан жоғары мерзіммен анықталады.

Болашақтағы төлемдік міндеттемелер мен әр күндегі талаптарды салыстыру нәтижесінде банк түсетін және шығатын, яғни сол күні төлеуге жататын ақша қаражаттарының шекті қатынасын айқындайды.

Егер банктен шығатын ақша қаражаты кіретін сомадан артық болса, онда банкте өтімділік жеткіліксіз болып табылады.

Егер керісінше болса, онда өтімділік артық болады.

Аталған жағдайларды талдаушылық бөлім қаражат тарту немесе орналастыру туралы шешім қабылдау үшін банктің тиісті бөлімшелерімен байланысады.

Банктің талдаушылық бөліміне өтімділікті басқару барысында мынадай қызметтер мен міндеттер жүктеледі:

- өтімділік жағдайына күнделікті мониторинг жасау және қазынашылық бөліміне жедел ақпарат беру;
- өтімділік коэффициенттердің орындалуына мониторинг жасау;
- банктің өтімділігін терең талдауға арналған коэффициенттер жүйесін есебінің жетілдірілген әдістерін жасау;
- өтімділіктің нашарлауын куәландыратын нақты немесе әлуетті теріс үрдістерді айқындау;
- үрдіс туғызатын факторларды талдау;
- өтімділікті басқару стратегиясын анықтауға арналған ұсыныстарды жасау;
- мөлшері мен мерзімдері бойынша теңгерімді активтер мен міндеттемелердің оңтайлы құрылымын анықтау;
- валюталық тәуекелді және пайыздық мөлшерлемелердің өзгерісінен туындайтын тәуекелді талдау және бағалау.

Банктің ағымдағы өтімділігін басқаруға байланысты Қазынашылықтың қызметтері мыналар:

- белгі болған және болжанған талаптарды есепке ала отырып, күн сайынғы міндеттемелерді өтеуге қажетті қолма-қол ақшалай қаражатпен қамтамасыз ету;
- артық ақша қаражат қорларын тәуекелдер бойынша стратегияда бекітілген өлшемдер шегінде орналастыру.

Қорыта айтқанда, отандық банктердің өтімді қаражаттарға деген қажеттілігін қамтамасыз етуге банктің активі мен пассивін теңгерімді басқару арқылы қол жеткізуге болады.

Активтер мен пассивтердің теңгерімділігі бұл банктің кейбір тартылған және орналастырылған қаражаттары мөлшері мен мерзімдері бойынша бір бірімен сәйкес келуін білдіреді.

Қаражатты тарту және оны орналастыру туралы шешім қабылдау барысында банк ең бастысы клиент алдындағы міндеттемесін орындауға аса көңіл аударуға тиіс.

Яғни банк өтімділікті басқара отырып, бірінші кезекте қарызға алған қаражаттарын міндетті түрде уақытылы қайтаруды, содан кейін пайда алуды ойлауға тиіс.

Біздің банктеріміздің бүгінгі күні өтімділік дағдарысты басына кешіруінің ең басты себебі осы теңгерімсіздіктің сақталмауында болып отыр. Нақтырақ айтсақ, олардың тартылған қаражаттарының басым бөлігі әлі де болса қысқа мерзімді болса, ал орналастырылған қаражаттары ұзақ мерзімді. Ендеше бұл арадағы теңгерімділіктің бұзылуы өтімділіктің сақталмауына жол беруде және бұл жағдай әлі біраз уақыт жалғасуы мүмкін [49].

Зерттеу жұмысында жоғарыда айтылғандардың барлығының нәтижесі ретінде, банктің өтімділігін арттыру жолдарын атап өтуге болады.

Біріншіден, қажетті деңгейде өтімділікті қолдау нақты ақшалай қаражат жағдайы мен орындалатын операциялар ерекшеліктері есебінен банктің пассивті және активті операциялары облысындағы белгілі бір саясатты жүргізу көмегі арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар банкте активтерді басқаруда келесі жағдайларға көңіл аудару қажет:

1. Қолма-қол ақшаны басқару тиімді болуы қажет, яғни қолма-қол ақшаны құйылуы мен қайтуын жоспарлау және төлем кестесін құрған жөн.

2. Банк қаражаттарын орналастыратын мерзімдер тартылған ресурстардың мерзіміне сәйкес келуі қажет. Актив шотындағы ақшалай қаражаттар пассив шотындағы ақшалай қаражаттардан аспағаны дұрыс.

3. Толығымен жұмыс тиімділігін және ішін- ара жеке операциялардағы табыстылықты жоғарлатуға назар аударған жөн..

4. Операциялардағы қауіп-қатер деңгейін төмендету жұмыстарын жасау.

5. Банк өтімділігін басқару процесінде қаражаттарды активтерге, бір жағынан, олар сәйкес табыс әкелетіндей, екінші жағынан, банктің осы қаражаттарды жоғалту тәуекелін ұлғайтпайтындай, орналастыруы тиіс, яғни максималды табысқа және минималды тәуекелге ұмтылыс арасындағы қажет тепе-теңдікті әрдайым объективті түрде қолдап отыруы керек.

6. Сонымен қатар өзінің өтімділігін қолдау үшін несиелік институттармен қабылданатын жедел шаралар, көбінесе банктің шығындарының өсуімен және пайданың қысқаруымен байланысты болып келеді. Банктің төлем қабілетсіздігі мен баланстың теңсіздігінен туындайтын қауіп-қатерді басқару жүйесі едің Ұлттық банкінің коммерциялық банктер үшін белгіленген төлемқабілеттілік және өтімділік нормаларын сақтау туралы талаптарына негізделген.

Пассивті басқаруда банкке келесілерді ұсынуға болады:

1. Пассивтерді олардың мерзімдері бойынша орналастыруды талдау әдістерін қолдану, ол банктің міндеттемелерін басқаруға, болжамдауға және оның құрылымын өтімділік коэффициентінің деңгейіне байланысты өзгертуге, ресурстарды шоғырландыру облысында мөлшерлі саясатты жүргізуге, төлемқабілеттілікке әсер етуге мүмкіндік береді.

2. Капиталды және резервтерді басқару саясатын құру.

3. Меншікті капиталдың тартылған капиталға қатынасын бақылау.

4. Банктің депозиттік базасын талдау:

Толығында, коммерциялық банктердің төлемқабілетсіздігі мен өтімділік балансының теңсіздік қаупін анықтау үшін бірінші және екінші бөлімінде келтірілген көрсеткіштер деңгейіне, оларға әсер ететін факторлардың талдауына күнделікті бақылау жасауда арнайы жүйені құруды талап етеді.

Ол үшін аналитикалық талдау жұмыстарын орындауға барлық қажетті ақпаратты жедел алуға мүмкіндік беретін мәліметтер базасын мақсатты түрде құру керек, оның негізінде банктің саясаты құрылады.

Бұл қаражаттарды орналастыру, ресурстарды тарту, банктің меншікті қаражаттарын артыру, басқа кәсіпорындар мен банктерде банк қатысуын үлкейту бойынша қосымша кірістер көздерін іздеу және коммерциялық банктің өтімділік талаптарын сақтай отырып жаңа операцияларды дамыту бойынша сұрақтар шешімдерін өзара байланыстыруға мүмкіндік береді.

Қарастырылған талдау коммерциялық банктің өтімділік деңгейінің әр түрлі өзгеру мүмкіндігін көрсетуге және оны тұрақтандыру бойынша уақтылы қажетті шараларды қолдануға мүмкіндік береді.

Екіншіден, банкке баланс өтімділігін өтімділік коэффициентін есептеу жолымен бағалау қажет. Өтімділікке балансты талдау процесінде минималды мүмкін мәндердің төмендеуі сияқты, олардың маңызды асып кету ауытқулары айқындала алады.

Бірінші жағдайда коммерциялық банктер бір айлық мерзімде нормативтік мәндерге сәйкес өтімділік көрсеткіштерін қалпына келтірулері керек. Бұл ең алдымен банкаралық несиелерді, кредиторлық берешектерді және басқа да тартылған ресурстарды қысқарту есебінен, сонымен қатар банктің меншік қаражаттарын арттыру есебінен болуы мүмкін.

Басқа жағынан, әрбір басқа кәсіпорындар сияқты коммерциялық банк үшін де жалпы өтімділік негізі ретінде өндірістік қызметтің табыстылығын қамтамасыз ету көрінеді. Коммерциялық банктердің жұмыс тәжірибесі банктер өтімділік нормативтерінің мүмкін минималды мәнінің шегінде қалыптастырғанда ғана жоғары пайда алатынын көрсетеді, яғни несие ресурстары түріндегі ақша қаражаттарын тарту бойынша оларға берілген құқықты толық қолданады.

Сол уақытта, өз қызметін клиенттер қаражаттарын қолдануға негіздейтін ұйым түріндегі оның жұмысының ерекшеліктері өтімділіктің көрсеткіштерін қолдану қажеттілігін көрсетеді.

Үшіншіден, банк өтімді қаражаттарға қажеттілікті анықтау керек. Алдында айтылғандай, бұл қажеттілікті болжамдау екі әдіспен жүзеге асуы мүмкін.

Солардың бірі қаражаттардың орналастырудың жалпы қор үлгісі арқылы активтерді басқару, берілген бұл әдіс банк басқармасынан өтімділік және табыстылық қағидаттарын бірдей сақтауды талап етеді, ал басқасы – конверсиялау арқылы активтерді басқару, осының нәтижесінде әр түрлі көздерден тартылған қаражаттарды орналастыру үшін пайдаланатын "табыстылық-өтімділік" орталары анықталады..

Осының барлығын зерттеу және де жобалау банкке бүгінгі күні өтімділікті басқаруда жоғарыда аталған бастапқы екі әдістің көмегімен іске асырылуына көмектеседі.

Сонымен қатар, банк өзінің тәжірибесіне жүгінуі қажет.

Қорытындылай келе, коммерциялық банктердің өтімділігін басқару әдістерін жетілдіруде бірінші әдісі бойынша банктің барлық ресурстары негізгі көздерінің түрлерінен тәуелсіз бірігеді және ұтымды болып саналатын активтер түрлері арасында, яғни банктің алдына қойылған мақсатына жауа бере отырып бөлінеді.

Екінші әдісі бойынша пассивтің жеке баптары нақты актив баптарына сәйкес бекітіледі.

Осыған байланысты салымдардың әр түрлерінің көлемінің ара -қатынасын, сондай -ақ ақшалай нарықтағы қарыз көлемін және банк міндеттемесінің жалпы көлемін қадағалаған жөн және әрбір коммерциялық банк, нақты уақыт кезеңіне құрылатын, және де өзінің өтімділігін оның жағдайын талдауға негізделе отырып белгіленген деңгейде, оның жағдайын талдау негізінде, нақты уақыт кезеңіне құрылатын және де жарғылық капиталды, арнайы тағайындалған қорлар мен резервтерді, басқа шет ұйымдардың қарыздық қаражаттарын тартуды, активті несиелік операцияларды жүзеге асыруды қалыптастыру облысындағы ғылыми негізделген экономикалық саясатты жүргізу және қызметтің нәтижелерін болжамдау керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Г.И. Просветов. Контроллинг: Задачи и решение. Москва.: Альфа-Пресс.2010.-140с.
- 2 Рид Э., Коттер и др. Коммерческие банки. – М.: Прогресс, 1983.-34, 136-137с.
- 3 Общая теория денег и кредита (под ред. Е.Ф. Жукова). М.: Банки и Биржи, 1995.
- 4 Пономарев В.А. Государственно-монополистическое регулирование деятельности банков: границы противоречия – М.: Финансы и статистика, 1997.-44с.
- 5 Смит А. Исследования о природе и причинах богатства народов (перевод с англ.) – Т. 2. С-П., 1886. – 17с.
- 6 Кейнс Дж. М. Общая теория занятости, процента и денег (перевод с англ.). – М.: Прогресс, . – 117с.
- 7 Экономический анализ деятельности банка (под ред. проф. И.Д. Мамонова) – М.: Инфра – М, 1996. – 144с.
- 8 Сейткасимов А.Г. Управление банковской ликвидностью и методы ее анализа – Алматы: Каржы-каражат, 1998 г. – 69 с.
- 9 Лаврушин О.И. Основы банковского менеджмента. - М.: ИНФРА-М, 1995. – 398с.
- 10 Белоглазова Н., Тагирбекова К.Р. Банковское дело. – М.:ИНФРА-М, 2003. – С.409.
- 11 В.Платонов и Майкл Хиггинс. Банковское дело: Стратегическое руководство. – М.: Издательство «Консалтбанкир», 2001. – 432 с.
- 12 Орынова А.С., Ли В.Г., Управление риском ликвидности в банке Банки Казахстана -№3_2010г. с.16-18
- 13 Анализ деятельности банков: Уч. пособие / И. К. Козлова, Т.А. Купрюшина, О.А. Богданович, Т.В. Немаева; Под общ. ред. И.К.Козловой. - Мн.: Высш. шк., 2003. – 150-159с.
- 14 Организация деятельности коммерческого банка: учеб. пособие / под ред. д. э. н., профессора, заслуженного экономиста России Тагирбекова Н. Р. – М.: «Весь мир», 2004. – 212-224с.
- 15 Костерин А.Н. Банковское дело. Учебное пособие. – М.: Издательство Ось-89, 2003. – 231с.
- 16 Нестерова Т.Н. Банковские операции. Уч.пос.–М.:Инфра-М.,1996.–94с.
- 17 Никитина Т.В.Деятельность Базельского комитета по гармонизации банковского регулирования и надзора//Деньги и кредит, 2011-№6-С.18-24
- 18 Лаврушин О.И. Банковское дело. Экспресс-курс. – М.: Издательство: КНОРУС, 2009. – С.352
- 19 <https://ru.wikipedia.org>
- 20 Симановский А.Ю. Базельские принципы эффективного банковского надзора и их реализация в России // Деньги и кредит, 2011-№3-С.19-24

- 21 Симановский А.Ю. Банковская реформа: отдельные аспекты // Деньги и кредит, 2012-№8.-С. 11-17
- 22 Анализ устойчивости и ликвидности банка/А.Н. Казиева, С.Н. Дугалова//Транзитная экономика – 2012. - № 4
- 23 Ермекбаева Д.К. Устойчивость банковской системы в рамках базельских соглашений//АльПари-2010-№2-С.114-117
- 24 Стежкин А.А. О пересмотренном подходе Базельского комитета по банковскому надзору к оценке рыночного риска//Деньги и кредит-2015-№2-С. 50-60
- 25 Ким С.В. Внедрение новых стандартов банковского надзора-Базель III и его влияние на систему управления банками//ҚазҰУ хабаршысы экономика сериясы. Вестник КазНУ-2015-№1-С. 364-371
- 26 Абдикадирова Г.Т., Е.Г. Абильдина. Некоторые аспекты стабилизации финансовой системы в рамках стандартов Базель III//Банки казахстана-2014-№2-С.9-13
- 27 Симановский А.Ю. Банковское регулирование: революция/Деньги и кредит-2014-№3-С.3-11
- 28 Успанова А.С. Политика внедрения международных стандартов Базель III в банковскую систему//Банки Казахстана-2013-№6-С.48-50
- 29 Хандруев А. Базель III отобьет аппетит к риску. Прямые инвестиции.- 2012- №11- С.70-75
- 30 Палаткина А. Анализ развития и периодизация систем управления рисками в БВУ РК в контексте нормативно-правовых актов НБ РК//Банки Казахстана-2014-№8-С.31-35
- 31 Вежновец А.Н. Базельские соглашения и Казахстан// Банки Казахстана-2014-№1-С.30-33
- 32 Лисак Б.И. Банковская система Казахстана на пути к Базелю II и к Базелю III//Банки Казахстана-2011-№5-С.7-6
- 33 Малыхина С. Новые стандарты Базель III - перспективы внедрения // Банкаўскі веснік, 2011. - С. 9-14
- 34 <http://www.economy.kz/analytics>
- 35 <http://www.banker.kz>
- 36 ҚР ҰБ ресми сайты-<http://www.nationalbank.kz>
- 37 Хасенова. Г.Пруденциальные требования НБ РК к показателям собственного капитала БВУ РК//АльПари-2013-№1/2-С.149-152
- 38 ҚР ҰБ ҚҚК (бұрын қаржы нарығын мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі) 30.09.2005 ж. № 358 қаулысы
- 39 Бондарчук П.К., Тотьмянина К.М. От Базеля II к Базелю III: шаг вперед?-
- 40 Банктік қадағалау бойынша Базель комитетінің ресми сайты-<http://www.bisorg/bcbs/basel3>
- 41 <http://www.kpmg.com/ru>

42Кубышкина И.Ю.Перспективы внедрения международных стандартов по оценке риска ликвидности Базель III в Казахстане//Молодой ученый-2013-№2-С.152-157

43 Basel III: A global regulatory framework for more resilient banks and banking systems.

44 Екінші деңгейлі банктер үшін пруденциалды нормативтерді есептеу әдістемесі мен нормативтік мәні жөніндегі нұсқауы// ҚРҰБ қаржылық ұйымы мен қаржылық нарығын қадағалау және бақылау бойынша Комитет сайты // <http://www.afn.kz/ru/legislation>.

44Тумашова Е. Банковский мир меняется// Деловой Казахстан. — 2011. — № 44 (291)// <http://afk.kz/index.php/ru/bankovsky-sektor>

45 Шабанель П.Э. Внедрение нормативов Базеля-III: сложности, варианты и возможности // Аналитический банковский журнал. — 2011. — № 10 (194). — С. 54–59

46 Кабатаева Б.С. Риск ликвидности в банках второго уровня РК , Вестник университета «Кайнар», ,№ 3/1. 2011г. с.31-34

47 Сейткасимов Г.С.Банк ісі: Оқулық/ -Астана.- ҚазЭҚХСУ:БПО,2009.- 464-468 б.

48 Е.П.Жуковская Банковское дело.-Москва.:2004.-333с.

49 Банковская система Республики Казахстан: Учебное пособие/ Под ред. Сейткасымова Г.С., Бекболатулы Ж.А., Каримжанов С.Л. – Алматы: Экономика, 2008. – с.125